



Жанғара ДӘДЕБАЕВ

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ЗИЯЛЫЛАРЫ



ҚАЗАҚСТАН

Алматы



**Жанғара ДӘДЕБАЕВ**

**ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ЗИЯЛЫЛАРЫ**

Абай институтының  
электрондық басылымдары  
13-том

**ҚАЗАҚСТАН**

**АЛМАТЫ**

ӘОЖ 821.512.122.0+821.512.124.0  
КБЖ 83.3 (5Қаз)+83.3 (5Кир)  
Д20

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының  
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№7 хаттама 6 қыркүйек 2025 жыл)

### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев, Қ. Әбдезұлы, Б. Жақып,  
Д. Ысқақұлы, Л.Ж. Мұсалы

#### Пікір жазған

PhD доктор *Е. Хуатбекұлы*  
филология ғылымдарының докторы,  
қауымдастырылған профессор *А.А. Мәуленов*

**Д20 Дәдебаев Ж. Қазақ-қырғыз шығармашылық зиялылары. Ойлар мен толғаныстар / Жауапты шығ.**  
А. Кенжеқожаева; электрондық басылымды дайындағандар:  
Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2025.  
– 167 б.

Кітапта қазақ-қырғыз әдеби байланыстары, қазақ-қырғыз шығармашылық зиялылары арасындағы достық қарым-қатынастардың тарихы, қазіргі даму сипаты қарастырылған.

Кітап жоғары білім алушы жастарға, жас ғалымдарға, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

**ISBN 978-601-08-5519-9**

ӘОЖ 821.512.122.0+821.512.124.0  
КБЖ 83.3 (5Қаз)+83.3 (5Кир)

ISBN 978-601-08-5519-9

© Дәдебаев Ж.

© Абай ғылыми-зерттеу институты

## СӨЗ БАСЫ

Қазақ пен қырғыз шығармашылық тұлғаларының арасындағы достық қарым-қатынастардың тарихы ерте замандардан басталады. Екі халықтың ежелгі әдебиеті мен мәдениетінің негізі бір. Әдебиеті мен мәдениетінің бастауы бірдей екі халықтың шығармашылық ойлау әлемінде де ортақ рухани құндылықтар мол.

Тұтынушыларға ұсынылып отырған кітап қазақ-қырғыз әдеби байланыстары мен қазақ-қырғыз шығармашылық зиялыларының арасындағы достық қарым-қатынастарды пайымдауды, насихаттауды мақсат тұтады.

Қазақ-қырғыз әдеби байланыстары екі елдің бағзы замандардан бастау алатын ауыз әдебиетінің өзегіндегі дәстүрлі дүниетаным, шығармашылық ойлау жүйесіндегі ортақ рухани құндылықтардан басталады. Екі елдің ауыз әдебиетіндегі даналық ойлардың мазмұны мен мәні өзара тектес, негіздес.

Қазақ-қырғыз шығармашылық байланыстарының жарқын бір жемісі қазақ халқының сүйікті перзенті Шоқан Уәлихановтың XIX ғасырда «Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегін жазуы және манасшылардың аузынан айкөл «Манас» эпосының «Көкетай ханның өлімі және асы» деп аталатын ұзақ үзіндісін жазып алуы, оны орыс тілінде өз тұсындағы зиялылардың назарына ұсынуы, ғылыми-зерттеу нысанына айналдыруы әлемдік Шығыстанудағы тарихи, ғылыми мәні өлшеусіз зор табыс еді. Қырғыз

халқының көл-дариядай шалқыған «Манас» эпосын ХХ ғасырда қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің, Әлкей Марғұланның насихаттауы, дұшпандардың жаласынан қорғап, сақтап қалуы қазақ халқының шығармашылық зиялыларының туысқан қырғыз халқының ұлттық рухани мұрасына деген құрметі мен сүйіспеншілігінің жарқын көрінісі еді.

Қазақ-қырғыз шығармашылық зиялыларының бір-біріне деген құрметі мен достығы бүгінгі күнде де жарығын шашып тұр.

«Қазақ-қырғыз шығармашылық зиялылары» деген тақырыпта ұсынылып отырған кітапта екі халық арасындағы достықтың осындай баянды, бағалы байлығы ардақталады.

## ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ КҮЙ АҢЫЗДАРЫНЫҢ ТУУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОРТАҚ САРЫНДАР

Шығармашылық еңбектің байырғы өкілдері, өнер туындысының әуелгі үлгілері туралы пайымдауларға негіз болатын дереккөзінің бастауы адамзат тарихының өте ертедегі кезеңдерінде жатыр. Алғашқы адамдардың үңгірлердің қабырғалары мен төбелеріне, тау мен тасқа, жартасқа салған суреттері мен жазған жазулары, қолөнер үлгілері – шығармашылық еңбек пен өнер туындысының алғашқы ескерткіштері. Осы ескерткіштердің туу тарихына үңілгенде, олардың әрқайсысы әуелде шығармашылық ойлау кеңістігінде бедерленгені туралы тұжырым жасауға тура келеді.

Шығармашылық еңбектің жеке салаларына айналған өнер түрлері әуелде синкретті бірбүтін құбылыс болғаны ғылымда ілгеріден айтылып келеді. Синкретті болғанда да, жеке салаға айналғанда да өнер туындысының тууына түрткі, себеп болатын – өмірдің шындық құбылыстары. Өнер туындысының тууына түрткі болған шындық құбылыстар шығармашылық тұлғаның шығармашылық ойлау кеңістігінде сәулеленіп, белгілі бір бейнеге, суретке айналады. Өмірдің шындық құбылыстарының шығармашылық ойлау кеңістігінде сәулеленуі, белгілі бір бейнеге, суретке айналуы – шығармашылық еңбектің ең бір күрделі, тануға, білуге, пайымдауға қиын кезеңі. Оның құрамдас сатыларын нақты анықтап көрсету оңай емес. Бұл жерде

**5** шығармашылық ойлаудың қызметі айрықша маңызды.

Шығармашылық ойлау кеңістігінде сәулеленіп, белгілі бір бейнеге, суретке айналған құбылыстар жүйесі түрлі құралдар арқылы өнер туындысына айналады: сурет болып жартасқа салынады; сөз болып, тілден шығады; сазға айналып, күй немесе ән болып төгіледі. Халық шығармашылығының асыл үлгілері осылай өніп, өседі.

Халықтың ән өнері де, күй өнері де сөз өнерімен өзектес. Әр әннің, әр күйдің туу тарихы туралы аңыз-әңгімелер бар. Өнер туындысының жасалу үдерісінің кезеңдерін анықтауда халықтың күй аңызы өзіндік ерекше дереккөзі қызметін атқарады. Жазушы еңбегі, шығармашылық еңбек, өнер туындысының жасалу үдерісі туралы мәселелерді халық күйлері мен күй аңыздарының шығу тарихымен сабақтас пайымдау – шығармашылық еңбек процесі психологиясын танудың басты бір жолы.

Қазақ халық әндері мен күйлерінің жиналып, нотаға түсіріліп жариялануы XIX ғасырда қанат жайды. XX ғасырда қол жеткен жетістіктер қатарында А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (1925) [1], «Қазақтың 500 әні мен күйі» (1931) [2] деп аталатын еңбектерін ерекше атап өткен парыз. А. Затаевичтің осы еңбектерінде қазақтың халық күйінің бірқатары алғаш рет нотаға түсірілген қалыпта жарияланды. Бұл, әрине, өте бағалы мәдени құндылық еді. Өкінішке қарай, бұл еңбектерде халық күйлерінің аңыздарына тиісті көңіл бөлінбеді. Қазақ халқының күй аңыздары халық ауыз әдебиетінің ерекше саласы ретінде арнайы жиналуы кейінгі кезеңдерде ғана мүмкін болды.

Халық күйі туралы Қ. Жұбанов, А. Жұбанов, Ә. Марғұлан құнды ойлар айтты. А. Сейдімбек күй аңызын арнайы зерттеді. Бүгінгі зерттеулер қатарында өнертанушы Е. Тұңғышұлының «Атадан мұра» (1999), «Қазақтың күй өнері» (2008) монографиялық зерттеулерінің ғылыми маңызы үлкен.

М. Әуезовтің «Күй аңызы» (1939), А. Сейдімбектің «Күй – шежіре» (2000), «Қазақтың күй өнері» (2002) атты зерттеулері күй аңызын ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде

карастырған алғашқы және бағалы еңбектер қатарына жатады.

М. Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» еңбегінде күй аңызының жиналуы жайында мынадай маңызды ойлар айтады: «Күйді жинаушылардың бір алуан кемшілігі – көбінше фольклордағы күйдің өзін ғана жазып, сонымен ілес айтылатын әңгіме-аңызды қоса жазбайтыны. Егер күйлердің көрікті аңыздары жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, нақыш қосылуымен қатар ауызша фольклор да өзінің қысқа түрдегі көркем әңгіме-новеллаларын көп байытқан болар еді» [3, 184-185].

Халық өмірінде аса үлкен орын алған, естігеннің есінен кетпес ерекше оқиғалар негізінде туған күйлер мен күй аңыздары халық күйшілерінің бір буынынан екінші буынына жалғасып, бүгінгі күнге дейін жетті.

М. Әуезовтің пікірі орынды. Күй аңызы – қазақ халқының өнері мен мәдениетінің аса бағалы ескерткіші. Екіншіден, қазақтың халық күйі қанша болса, сонша күй аңызы да болған. Халық ішінде бар, ел аузында сақталған, күйшілердің орындаушылық өнері арқылы таралып, ұмытылмай келе жатқан күй аңыздарын күйдің өзімен бірге жазып алмау, жазып алуға көңіл бөлмеу өкінішті екені анық.

Күй аңыздары күй мен аңыздың, өнер туындысының туу тарихы, шығармашылық еңбек үдерісі туралы ғылыми зерттеулердің бірден-бір басты дереккөзі қызметін атқарады. Жазушы, күйші, аңыз айтып, жыр толғаушы – шығармашылық тұлғалар. Олардың өнерінде, еңбегінде өзгешелік барында сөз жоқ. Сонымен қатар олардың шығармашылық ойлауында, шығармашылық еңбегінің кез-кезеңдерінде ортақ, бірдей ерекшеліктер мен белгілер де мол. Шығармашылық еңбек процестерінің психологиясы тұрғысынан алып қарағанда, күйдің, аңыздың, жырдың немесе әдеби шығарманың туу кезеңдері арасында айырмашылық жоқ десе болады. Күйдің, күй аңызының туу

тарихы туралы дереккөздері жазушы еңбегі процестерінің психологиясын тануға негіз болады.

М. Әуезовтің күй аңызына байланысты көтерген мәселелері мен пікірлерінің ғылыми маңызы бүгінде де зор. Күй аңызының қоғамдық мәні, күйшінің орындаушылық өнерінде күй аңызының алатын орны сияқты мәселелер күні бүгінге дейін толық зерттеліп болған жоқ. М. Әуезов бұл мәселе жайында да аса бағалы ой айтқан. Ғалымның байқауы бойынша, күйші атаулы күйін тартпас бұрын тыңдаушы жұртқа осы күйді тудырған себеп не еді, соны айтады. Білсе, ең алдымен, күйді шығарған күйшіні атайды. Оның өмірін, өмірінде осы күйді тудырған шындық жайдың кез-кезеңін а) не қуаныш, шаттықтай; ә) не күйініш, зардай; б) не бір егес, серпіндей; в) не өкініш, армандай баяндайды [3, 179].

Айтылған жайларды негізге ала отырып, күй аңызының құрылым-жүйесін мына үлгіде түзуге болады: а) күйді шығарған күйші туралы мәлімет; ә) күйдің тууының себебі; б) күйдің тууына себеп болған өмірдегі шындық құбылыстардың тобы; в) күйдің тууына себеп болған шындық оқиғаның сюжеттік кезеңдері.

М. Әуезов ілгерідегі «Ақсақ құлан», «Ақсақ құла», «Нар идірген», «Тепең көк», «Алшағырдың ащы күйі», «Боз інген», «Боз айғыр», «Абыл» және басқа толып жатқан күйлердің өздеріне ғана тән, нақтылы сұлу әңгіме-аңыздары болғанын көрсетеді. Сонымен қатар ғалым бертіндегі Құрманғазының күй шығарумен бірге аңыз шығарғанына назар аударады: «Құрманғазы өзінің бар күйін шығарумен қатар соның бәрін тудырған себеп-халді де, сезім сырды да бірге аңыз, әңгіме етіп айтып кеткен» [3, 186].

М. Әуезовтің осы пікіріне сүйеніп, мынадай бір тұжырым негіздеуге болады: халық күйлерінің ішінде аңызы жоқ күй болмайды, аңызы ұмытылған күй де болмайды.

Өнер туындысының қандайы да өмір шындықтарының өнер иесінің жан дүниесіне әсер етуі нәтижесінде пайда болған ерекше психологиялық ахуал аясында дүниеге келеді. Бұл пікір, әрине, жалпы сипатта айтылып отыр,

сондықтан оны нақтылай түсейік. Өнер туындысының тууына негіз болған құбылыс және оның әсері (ол халық ауыз әдебиетінің үлгісі бола ма немесе күй туындысы бола ма – бәрі бір), алдымен, өнер иесінің санасында сәулеленеді. Санада сәулеленген әсер мазмұнының мынадай құрамдас бөліктері болады: а) өнер иесінің жан дүниесіне айрықша әсер етіп, оның тебіренісін туғызған шындық құбылыстың бейнесі; ә) шындық құбылыстың әсерінен өнер иесінің жан дүниесінде туған тебіреністі хал; б) өнер иесінің шындық құбылыстың әсерінен жан дүниесінде туған тебіреністі халінің мазмұнын өнер туындысы арқылы бейнелеуге деген құштарлығы.

Анықталған жайлар мынадай: өнер иесінің санасында өнер туындысының өзінен бұрын оның тууына негіз болған шындық құбылыстар көрініс табады. Енді осы пікірді күй аңызы мысалында нақтылайтын болсақ, мынадай ой түюге болады: күйші санасында күйдің тууынан бұрын оның тууына негіз болған шындық құбылыстар бейнеленеді. Күйші санасында сәулеленген шындық құбылыстың мазмұны болашақ күй желісінің арқауына айналады.

Күйдің тууына кейде бұрыннан келе жатқан мазмұны бай, сюжеттік желісі шымыр және ерекше әсерлі аңыздардың негіз болатын жайлары да кездеседі. Бұл пікірімізді толықтырып, байытуға негіз болатын бірнеше күй бар. Ол – халық аңыздары негізінде халық композиторлары шығарған күйлер. Бұл топта халық композиторы Ықыластың «Жез киік» күйінің көркемдік жүйесі мейлінше толық. Күйдің шығу тарихының қысқаша сипаттамасы мынадай: «Ықылас Жез киік туралы аңыз естиді. Аңшылардың ұғымы бойынша, Жез киік жас нәрестесін аман-сау өсіру қамын ойлаған анаға ұқсас. Ол тау құздардың төбесінде еркін секіргіштеп, шексіз кең даланың төсінде ойнақтайды, өзін жыртқыш аңдардан паналайтын табиғат көркін тамашалайды, опасыз аңшылардың өткір сөзінен аман сақтайтын, айналасын қоршаған өсімдікке ұқсас терісінің әсем бояуымен мақтанады. Аңшылардың сенімінше, Жез

киік күнге шағылысып, аңшыларға дұрыс көздетпейді, сондықтан ол кең далада да ұзақ өмір сүреді, халық аузында аңызға айналады» [4, 263].

Аңыздың күйден бұрын тууының ерекше бір үлгісін Ықыластың осы «Жез киік» күйі мен оның аңызы негізінде көруге болады.

Аңыз Ықыластың ойын қозғап, көңілін тербетеді. Жез киіктің өмірге деген құштарлығы, артынан ерткен лағына деген махаббаты Ықыластың қобызынан күй болып шығады. Осылайша, ертеде туған аңыз кейінгі дәуірде туған күйдің сюжеттік желісіне арқау болады. Осы мысалдан күйдің тууына ел аузында ілкіден айтылып келе жатқан аңыздың негіз болғаны байқалады: а) Жез киік туралы аңыз әуелде ел аузында айтылып жүреді; ә) Жез киік туралы әуелде ел аузында айтылып жүрген аңыз мазмұны күйші санасында сәулеленеді; б) күйші санасында Жез киік туралы әуелде ел аузында айтылып жүрген аңыз мазмұнына негіз болған шындық оқиғалар сәулеленеді. Бұл жерде күйші санасында бір құбылыс екі түрлі формада көрініс табатынын ескеруге тура келеді: а) аңыз оқиғасы түрінде; ә) аңыз оқиғасына арқау болған шындық оқиғаның өзі түрінде. Осындай ерекшелікті К. Әзірбаевтың «Сарбарпы» күйінің туу тарихынан да аңғаруға болады. Күйдің сюжеттік желісі ақынның «Сарбарпы» әніне де, «Сарбарпы» дастанына да негіз болған. Осы сюжеттік желінің түп негізі «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісінен табылады. Халық ертегісінде сақталған осы сюжет К. Әзірбаевтың үш түрлі саладағы түрлі үш шығармасына бірдей арқау болған: а) ән; ә) дастан; б) күй. Күй және оның аңыздары (ертегі) арасындағы байланыстардың ерекше бір түрі осындай болып келеді: күйші күйін ілгеріден келе жатқан аңыз, ертегі сюжеті негізінде шығарады. Бұл жерде сөз өнерінің үлгісі – аңыз, ертегі – әуелгі. Соған орай оның мағыналық-құрылымдық жүйесі толымды, баяндау құралдары бейнелі, суретті болып келеді. Ал енді осы белгілі аңыздық немесе ертегілік сюжет негізінде туған күйді орындау барысында күйші мынадай қысқаша мәліметтер береді: а) әуелі, күйдің

мазмұны туралы жалпы мәлімет; ә) сонан кейін күйге негіз болған сюжеттің даму кезеңінің әрқайсысының тақырыбын атап отыру (қарлығаштың көмек сұрап, жалбарынғаны; дәуіттің көмектесуге даярлығы; қарлығаштың көңіл күйі, дәуіттің қарлығаштың дұшпанымен шайқасы; дәуіттің қарлығаштың дұшпанын жеңуі, қарлығаштың көңіл күйі; қарлығаштың балапандарының қуанышы т.б.). Күйді орындау барысында күйші күйге негіз болған оқиғалар желісін барынша сығымдап, қысқа да нұсқа етіп, күйдің орындалуының тиісті кезеңінде ғана баян етеді.

Қырғыз халқының «Сары барпы» күйінің аңызы мазмұны жағынан К. Әзірбаевтың «Сары барпы» күйіне негіз болған халық аңызымен үндес, ортақ сюжеттік желілер бар. Осы қатарға қырғыз халқының залқар өнерпазы Тоқтағұлдың «Сары барпысын» қосуға болады. Бұлардың негізгі сюжеттік желісі өзара жақын, үндес болғанмен, Тоқтағұлдың «Сары барпысына» негіз болған оқиғалар Тоқтағұлдың өзінің көз алдында өтеді. Бұл күйдің тууына арқау болған шындық құбылыстың аңыздық сипаты жоқ десе болады.

«Аққу» күйі – халық күйі. Оның аңызы күйден бұрын пайда болған сюжеттік желіге құрылған. Күйді аңызымен бірге Ықылас қобызда өзінше, өз мәнерімен орындаған. Күй аңызын Ықыластың айтуынан Жаппас Қаламбаев есте сақтаған. Ахмет Жұбанов күйдің оқиғасын, поэтикалық мазмұнын Жаппас Қаламбаевтың айтуынан жазып алған. Күй аңызының мәтінінде күйдің сюжеттік кезеңдері, оларға қатысты айтылатын бағдарлаушы сөздер, күй аңызына тән ерекшеліктер толық сақталған. Аңыз мәтінінің ықшамдалған түрі мынадай болып келеді:

«Баяғы өткен заманда бір жарлы кемпір өмір сүріпті. Оның немере ұлы мен немере қызы болыпты. Бір күні ауылды жау шабады. Ел бір түнде көшіп кетеді. Кемпір немере баласымен, немере қызымен көшкен елдің жұртында қалады. Дауыл тұрып, ала құйын соғып, лашықтарын ұшырып кетеді. Олардың ішетін асы, паналайтын баспанасы болмайды.

Кемпір балаларын ертіп, басы ауған жаққа жүре береді. Баланың қолында әкесінен қалған аңшы мылтығы болады. Олар күні бойы жүріп келіп, күн бата бір көлдің жағасына келіп жатады. Таң сәріде ұйқылы-ояу жатқан бала бір әдемі үн естиді. Ұйқысын ашып қараса, төбесінде айнала ұшып, қонғалы жүрген аққуларды көреді (Бұл жерде музыка қалықтап, қонайын деп жүрген аққулар қанатының дыбысын бейнелейді). Бала әлден кейін аққулардың көлге қонғанын сезеді (Бұл жерде музыка аққулардың қанаттарын сабалап, суға қонғанын бейнелейді). Бала қуанғаннан әндетеді (Бұл жерде музыка баланың әнінің сазын бейнелейді). Бала мылтығын алып, аққуларды көздеп атып жібереді, бірақ оғы аққуларға тимей кетеді (Бұл жерде музыка мылтықтың атылуын пиццикато арқылы бейнелейді). Аққулар ұшып кетеді (Бұл жерде музыкада көлден ұшқан аққулардың қанаттарының дыбысы бейнеленеді). Бала мылтығын алып, аққулардың ұшып кеткен жағына кетеді.

Жол жүріп әбден шалдыққан бала қараңғы түсе Балқан тауының басына шығып, тұңғиықта жарқырап жатқан көлді көреді. Таңертеңгісін бала көл үстін айнала ұшып жүрген аққуларды көреді (Бұл жерде музыка аққулардың ұшып жүргенін бейнелейді). Аққулар суға қонады (Бұл жерде музыка аққулардың суға қонғанын бейнелейді). Бала аққуды атады (Бұл жерде музыкада мылтықтың атылғаны бейнеленеді). Бала аққуды атып алады.

Баланы күте-күте зарыққан әжесі мен қарындасы жылайды (Бұл жерде музыкада кемпір мен қыздың жылаған тақырыбы кезектесіп бейнеленеді). Осы кезде атып алған аққуын арқалап, бала келеді. Кемпір, қыз, бала бірін-бірі аман көргеніне қуанады (Музыкада бұлардың қуанған күйі бейнеленеді).

Кемпір, ұл мен қыз үшеуі аққудың етін жеп, аман қалады. Ертеңгісін үшеуі елді іздеп жолға шығады. Кешке қарай бұлар көшіп кеткен ауылға келіп қосылады. Бала еліне келіп, өздерінің бастарынан өткен оқиғаны «Аққу» күйі деп қобызда ойнайды» [5, 264-265].

«Аққу» күйі мен оның аңызы сюжеттік даму кезеңдері, бейнелеу тәсілдері, эмоциялық, эстетикалық мазмұнының күштілігі мен әсерлілігі күй мен күй аңызының бір-біріне ілесе орындалуында. Күй мазмұнының әр бөлімінің тақырыбы аңыздың тиісті бөлімінің мазмұнымен сәйкес орындалады. Күйші күйдің әр бөлімінің аңызын айтып, күйді содан кейін орындайды.

Аққудың ұшқанын, қонғанын, сұңқылын бейнелейтін музыкалық сазды естігенде, күйде өмірдің нақты шындық құбылыстарының дәл және өте шебер бейнеленгені байқалады. Мысалы, аққудың көлге қонғанын бейнелегенде, күйші саз үнін біртіндеп баяулатып, соза түседі. Ал мылтықтың атылуын бейнелегенде, шекті тартып қалып, оқыс үн шығарады. Қыздың бауырын күтіп қайғырған жайы қобыздың жоғарғы регистрінде орындалады. Сонда қобыздың үні сапрано сазына жақын болып естіледі. Кемпірдің қайғырып, жылағаны қобыздың төменгі регистрінде орындалады. Сонда қарт кісінің қарлыққан дауысы шыққандай болады. Осының бәрі «Аққу» күйінде аңыз желісімен астасып, тұтасып жатады. Ықылас халық күйі «Аққуды» да, күй аңызын да шығармашылықпен дамытып, жаңа саздармен, жаңа сюжеттік мотивтермен байытады.

Аңшылық кәсіпке байланысты қазақ пен қырғыз халықтарының бірнеше күйі бар. Аңшылық – қазақ пен қырғыз халықтары тұрмыс тіршілігінің бір саласы. Екі халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі, салт-дәстүріндегі, кәсібіндегі ұқсастықтар, жақындықтар олардың мәдениеті мен өнерінде де ұқсас, негіздес рухани құндылықтардың тууына негіз болды. Аң аулау, құс салу, мал өсіру секілді күнкөріс көзі болатын кәсіппен байланысты туған күйлерге, күй аңыздарға, ертегілерге, жырларға қазақ халқы да, қырғыз халқы да бай және солардың бәрінде де екі елге бірдей ортақ, ұқсас желілер бар. Мысалы, жоғарыда аталған күйлер мен күй аңыздарының көпшілігі осындай болып келеді.

Қазақ және қырғыз халықтарының аңшылыққа байланысты күйлері мен күй аңыздарының бірқатарының

мазмұнында аңшының трагедиялық ахуалға тап болуына байланысты туған қайғы-шер желісі жатады. Мысалы, «Аңшының зары» деп аталатын қазақ күй аңызы бар. Оның сюжетіне негіз болған оқиғалардың қысқаша сипаттамасы мынадай: ағайынды екі бала аң аулап шығады. Екеуі екі жаққа бөлінеді. Біреуі бір құлан атып алады. Құлан атып алған бала атып алған құланын қалқа қылып, жаңбырдан қорғанып отырады. Екінші бала келе жатып, көзінің алдындағы құланды көріп, оны атып салады. Оқ құланды қалқалап отырған екінші балаға тиеді. Өзінің туған ағасын атып салған інісі қайғы жұтып, болған оқиғаны күй тілімен баяндайды [5, 45-46]. Осы оқиға желісі «Бөкен жарғақ» халық күйі аңызында кездеседі. «Бөкен жарғақ» күй аңызының екі нұсқасы бар. Оның бірінші нұсқасының оқиға желісі «Аңшының зары» күй аңызымен бірдей: ағайынды екі аңшының бірі екіншісін атып салады. «Бөкен жарғақтың» екінші нұсқасында бірі екіншісін жаңылысып атып салатын екі аңшының арасында ағалы-інілі туыстық қатынас жоқ. Басқа жағдай екі нұсқада бірдей. Сөйтіп, «Аңшының зары» күй аңызы мен «Бөкен жарғақ» күй аңызының екі нұсқасы арасында жеке-дара ерекшеліктерімен сипатталатын оқиға желісі жоқ, үш үлгіде бір оқиға аздаған өзгешелікпен бірдей қайталанатын. Күй сазының басты драмалық мазмұны қапылыста бауырын атып алған аңшының зары түрінде беріледі.

Ерте замандарда туған күй аңыздарының бірі «Шұбар киік» күйімен байланысты айтылады. Аңыз желісіне қатысты кейбір маңызды мәселелерді пайымдау үшін аңыздың мәтінін толық келтірейік.

Ертеде құралайды көзден ататын бір аңшы болыпты. Тәңірінің бұйыртқан несібесін түзден теріп жеп, аң аулап күн көреді екен.

Күндердің бір күнінде сағым шалған сары далада өзегі талып, өкпесі өшіп аң аулап келе жатса, бетегелі белде жайылып жүрген жалғыз шұбар киікті көреді. Иіс шалдырмау үшін ық жағын алып, сайды жалдап, беткейді құлдап, садақ тартым жерге келеді. Баспалап қараса, желіні

жер сызған ешкі екен. Аң деген көздің құрты, аңшы сол жерде: «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ», – деп, садағын кезенеді.

«Түз тағысы табиғатпен тілдес» деген емес пе, бір қатердің төнгенін сезген шұбар киік селт етіп басын көтерсе, садағын кезеп тұрған сұр мергенді көреді. Оқтан жүйрік емес, енді қашып құтылмасын білген шұбар киік көзі мөлдіреп аңшыға қарайды да, жалбарына тіл қатады.

– Ей, сұр мерген, жаныма сауға сұраймын. Әлі бауыр көтеріп үлгермеген егіз лағым бар еді. Сол панасыз лақтарымды аңсап, жүрегім елжіреп, желінім дертіп келемін. Мені атпа! Тілімді алсаң, «атқан оғың жерге түспесін» деп батамды берер едім. Сонда сен ұшқан құс пен жүгірген аңды құтқармас несібелі аңшы боласың. Өле-өлгенше тарықпай өтесің. Жаныма сауға сұраймын, атпа! – дейді.

Аңшы бұл сөзді тыңдамайды. Күнімен табанынан таусылып, дала кезген аңшы бұл киіктен айырылса, үйіне құр қол баратындай болады да, садағын тартып жібереді. Сонда киелі киік аңшының көз алдында шұбар тасқа айналыпты дейді. Осыдан кейін сұрмергеннің жолы болмайтын болыпты.

Бұл оқиғаны естіген домбырашы «Шұбар киік» деп күй тартқан екен» [5, 13-14].

Аңыз оқиғасы ерте замандарда болғанға ұқсайды. Күйші бұл оқиғаны көзімен көрмеген, оның мазмұнын елдің аузынан естіген. Күй содан кейін шыққан. Осы аңыздың екінші нұсқасында оқиғаға Мұхаммед пайғамбар (ғ.а.с.) қатысатыны айтылады.

«Сұрмерген», «Бөкен жарғақ», «Аңшының зары», «Шұбар киік» секілді қазақ күй аңыздары мен қырғыз халқының күй аңызы «Қарағұл ботам» сюжеті арасында ортақ сарындар бар.

«Қарағұл ботам» күй аңызының бір нұсқасы (Құлмат қияқшының айтуында) былай баяндалады: «Илгери-илгери, байырқы өткөн заманда бир мергенчинин Карагул атту жалгыз баласы болат. Күндөрдүн биринде атасы мерген-

чиликке жөнөп калат. Баласы: «Мени ала баргын», – деп ээрчийт. Бирок атасы болбой баланы калтырып, өзү кетет. Бала көрүнбей, атасынын артынан ээрчип жүрүп олтуруп, бир жерге барганда бутун тарта албай чарчап, элик тонун аңтарысынан жамынып уктап калат. Атасы тоодан тырмагына эч нерсе илинте албай, кур кол кайтып келе жатып, балдыркан түбүндө жаткан эликтин баласын көрүп сүйүнүп кетет. Мээлеп туруп атып калса, аткан элиги: «Ата!» – деп, бакырып алат да, кайта шалак этип жыгылат. Эликтин жанына барса, жалгыз баласы Карагулу болуп чыгат. Бул күүде:

Ой, Каракул ботом,  
Элик тон кайдан кийгиздим, кокуй,  
Ой, элик деп атып тийгиздим, кокуй,  
Балтыркан башы былк етти, кокуй,  
Башка бир тийип шылк етти, кокуй,  
Эчки тон кайдан кийгиздим, кокуй,  
Эчки деп атып тийгиздим, кокуй,  
Атаны кокуй, Карагул ботом! –

деп айтылат» [6, 465].

Бул сәйкестіктердің түпкі себебі аталған күйлердің тақырыптарының өзара жақындығында болса керек. Аталған күйлердің тууына негіз болған шындық оқиғалар арасындағы ұқсастықтар, үндестіктер олардың өзі мен аңыздарының арасындағы ұқсастықтар мен үндестіктердің болуына алып келген.

Берілген аңыз мәтінінің құрылым-жүйесіне, образды сипатына қарағанда, оның ерте замандарда айтылғаны туралы ой айтарлықтай нанымды болып шықпайды. Ерте замандарда айтылған аңыздардың мәтініне тән тұрақты құрылымдар болады. Оларда болған оқиға ешбір түсініктемесіз, артық бейнелеу құралдарынсыз, нақты баяндалады. Бұл жайында М. Әуезов: «Жалпы күй аңызына тән бір ерекшелік – бұл үлгідегі әңгімелер сезімді, сыршыл келеді. Және сол мазмұнына сай қысқа, шебер, дәмді қызық әңгіме болып келеді. Қазақтағы ауызша айтылған, көркем

кара сөз түріндегі, әсем құрылысы бар әңгімелердің ішінде бұл аңыздар – анық жазба әдебиеттегі қысқа новеллаға ұқсайтын үлгілер» [3, 186], – деп жазады. Сөйтіп, күй аңызына тән ерекшеліктер ретінде мыналарды атауға болады: а) сезімді, сыршыл; ә) қысқа; б) дәмді; г) шебер; д) қызық; е) құрылысы әсем. Жоғарыда берілген аңыз мәтіні бұл талаптарға мүлде сай келмейді деуге болмайды. Сонымен қатар осы талаптарға толық сай келеді деп те айту қиын. Оның үстіне мәтінде әдеби тілдің бүгінгі көркемдік-бейнелеу құралдары молынан пайдаланылған.

Аң, аңшылық, аңшы тағдыры туралы қырғыз халқының күй аңыздары ішінде «Қарағұл ботам» күйімен астас айтылатын аңыздың көркемдік, танымдық маңызы аса зор. Қарағұлдың аңқұмарлығы, тұтас бір үйірден жалғыз қалған киіктің зары, Қарағұлдың мұңы, әкенің (Қарағұлдың әкесінің) зары аңызда нақты іс-қимыл арқылы сипатталады, ал күйде аңның зары, аңшының құмарлығы мен өкініші, аңшының әкесінің зары жеке-жеке сюжеттік бөлім ретінде көрініс табады. «Қарағұл ботам» эпосында бұл оқиға басқа құрылымдық жүйеде баяндалады.

«Қарағұл ботам», «Сұрмерген», «Бөкен жарғақ», «Аңшының зары», «Шұбар киік» күй аңыздарының мазмұны күй жүйесінде асқан шеберлікпен пайымдалады. Аңыз бен күйдің арасында мезгілдік алшақтық белгілері жоқ. Аңыз бен күй мезгілдік және мекендік кеңістікте нақтыланбайды. Аңыз мәтінінде бүгінгі әдеби тілге тән заңдылықтар талаптарына сай қалыптасқан көркемдік-бейнелеу құралдары қолданылмаған. Бұл – аңыз мәтінінің басты құндылығы.

Біздің заманымызға Қорқыттың «Тарғыл тана» деген күйі жеткен. «Тарғыл тана» күйіне негіз болған және уақыт өте келе аңызға айналған шындық оқиғалар, алдымен, Қорқыттың өзінің басынан өткен. Қорқыттың басынан өткен оқиға оның санасында белгілі бір сюжеттік желі үлгісінде бейнеленген. Оның қысқаша мазмұны мынадай:

«Қорқыт елсіз далада жалғыз өзі желмаясын желдіріп келе жатқанда, оның алдынан бір «тарғыл тана» дейтін

аң қашыпты. Оны қуып жетіп ұстаймын деп қызығып қуған Қорқыт ұзақ күн қуып жете алмайды, арасы есік пен төрдей болады да отырады. Әуреленіп, сонша қуып жете алмағанына ызаланған Қорқыт: «Осы тарғыл тананы жетіп ұстамасам, жер үстінде тірі жан болып жүрмейін», – деп серт айтады. Сол сәтте «тарғыл тана» бір тас шоқы болады да қалады. Сол «тарғыл тас шоқы» қазіргі «Тарғылдың тауы» дейді. Қорқыт тамынан солтүстікке қарай жүз километрдей жерде тұрады» [7, 208].

Қорқыттың өміріндегі осы оқиға аңыз бен күйдің тууына негіз болған. Аңыздың желісіндегі оқиға күй тілінде бейнеленген. Күйді орындаушылар күйге негіз болған осы оқиғаның бөлімдерін күйдің тиісті бөлімдерінің алдында аңыз қылып айтып отырған. Аңыз бен күйдің ортақ бөлімдері мынадай болып келеді: а) Қорқыттың ен далада желмаясын желдіртіп келе жатуы; ә) алдынан тарғыл тана деген аңның қашуы; б) Қорқыттың қашқан аңды қууы; в) аңның жеткізбеуі; г) Қорқыттың «осы тарғыл тананы қуып жетіп ұстамасам, жер үстінде тірі жан болып жүрмейін» деп серт айтуы; д) тарғыл тананың тасқа айналуы. Осы бөлімдердің мазмұны аңызда да, күй тілінде де Қорқыттың көңіл күйімен тығыз байланыста ашылады.

«Қарағұл ботам» күй аңызының мазмұны шынайылығымен, реалистік сипатымен ерекшеленеді. «Шұбар киік» және «Тарғыл тана» күй аңыздарының мазмұнындағы шындық оқиғалар мифтік сипаттағы шешіммен түйінделеді. Бұл жерде кейінгі аңыздардың сюжеттік даму кезеңдеріндегі түйін ретінде шұбар киік пен тарғыл тананың тасқа айналуын айтып отырмыз. Реалистік сипаттағы шындық құбылыстарға негізделген күй аңыздары ақырының мифтік сипаттағы шешіммен түйінделуі түрлі пікірлерге негіз болатыны анық. Қалай болғанда да бұл секілді шешім сөз болып отырған аңыздардың айтушылар тарапынан әр дәуірде толықтырылып отырғаны туралы ойға қалдырады.

Қырғыз халқының «Камбар хан» күй аңызы – сюжеттік мазмұнының күрделілігі, тарихи сипатының ай-

кындығы жағынан ел әдебиетінің өзінше дара тұрған туындысы. Күй аңызының сюжеттік мазмұны былай басталады. «Камбар ханнын жалғыз уулы тентек чоңайып, ит ағытып, куш салып дооран сүрчү дейт. Күндөрдүн биринде ит ағытып, куш салып кеткен бала үйіне кайтпай калат. Камбар хан киши чаптырып, туш-туш тарапка кабар салат. Арадан күндөр өтүп, ай тогушат. Дарексиз жоголгон баласынан тынчы кеткен хан жумурай-журтту жыйып жар салат...»

«Ақсақ құла» күй аңызы мен «Ақсақ құлан» күй аңызы арасында осы күнге дейін зерттеушілер назарына ілікпей келген бір мотив бар. Оны мынадай бір тектес белгілер арқылы жалпылап көрсетуге болады: а) ақсақ құла мен ақсақ құланның арасында айырмашылықтың жоқтығы; ә) ақсақ құланың да, ақсақ құланның да өзін жарадар қылған күшке қарсы шауып, оны мерт қылуы. Осындай ұқсас, бір тектес мотивтеріне байланысты бұл екі күй аңызының түпкі негізі бір екені туралы болжам жасауға болады.

«Ақсақ құла» күй аңызының қысқаша мазмұны мынадай болып келеді. Ертеде біреудің құла тұлпары болыпты. Тұлпарды үйірімен теңіз ортасындағы аралға апарып тастапты. Көп жылдар өтеді. Тұлпардың тұқымы көбейеді. Иесі іздеп барып, ұстайын десе, ұстатпайды, иесін тарпып өлтіреді. Ұрылар іздеп барып, тұлпарды ұстайын десе, тағы болып кеткен тұлпар ұрыларға да ұстатпайды. Ұрылар тұлпарды атады. Аяғына оқ тиген құла тұлпар ұрыға қарсы шауып, оны тарпып өлтіреді. Ақсақ құланың үйірі құланға айналып кетеді [5, 109]. «Ақсақ құла» күй аңызының екінші нұсқасы ретінде көрсетілген [5, 240] күй аңызының халық күй аңызы «Ақсақ құла» мазмұнына ешқандай қатысы жоқ. Сондықтан бұл күй аңызын «Ақсақ құла» халық күй аңызының екінші нұсқасы ретінде көрсетудің реті жоқ деп білеміз.

Халық күйі «Ақсақ құлан» қазақ халқында да, қырғыз халқында да бар. Құдайберген Жұбанов «Ақсақ құлан» («Ақсақ құлан, Жошы хан») күйін «әңгімемен біте қайна-

ған» [8, 432] күй деп санайды. «Күйші «Ақсақ құлан» жайында әңгіме айтып келеді де, бастағанда: «Мынау – ханның баласының құланды көріп салған әні», – деп тартады. Содан кейін әңгімесін жалғастырып айта келеді де: «Мынау – құлан ордасының қорқылдағаны», – деп, соны суреттейді. «Мынау – атқандағысы», «мынау – ақсандағаны...» – деп келтіруі бар» [8, 433].

Күйдің сюжеттік даму кезеңдерін күйшінің қысқа аңыздап айтуы туралы Ахмет Жұбанов «Қорқыт күйі» мен оның аңызы мысалында мол мәлімет береді. Қорқыттың өлімнен қашуы (бірнеше кезеңнен тұрады), желмаяның майда жорғасы (бірнеше кезеңнен тұрады), Қорқыттың өлімнен қашып құтылу жоқтығы туралы ойынан туған көңіл күйі, Қорқыттың өлімнен қашып құтылу жоқтығы туралы ойынан туған көңіл күйіне желмаяның мұңды үн қосуы («қобызшылар бұл жерде шекті баспай, қобыз қақпағының үш тесігін біртіндеп басып тұрып, шек үстінде қияқпен ойнай береді») [4, 253].

Қобызшылар бұл жерде шекті баспай, қобыз қақпағының үш тесігін біртіндеп басып тұрып, шек үстінде қияқпен ойнай беретіні – күйді орындаушының орындау мәнері мен машығына тән ерекшеліктер. Күйді орындаушының орындау мәнері мен машығына тән ерекшеліктер сипаты күй аңызында көрініс таппайды, күй аңызы үшін оны айту артық, себебі ол күй мен күй аңызының сюжеттік даму кезеңдерінен тыс тұрған құбылыстардың қатарына жатады.

«Ақсақ құланды» халық күйі дегенде, күйдің әуелде белгілі бір шығарушысы болғаны есте тұратыны анық. Мысалы, «Қорқыт күйінің» шығарушысы және алғаш орындаушысы – Қорқыттың өзі. Халық аңызы, жыраулардан жеткен жәдігерлер «Ақсақ құлан» күйінің шығарушысын және алғаш орындаушысын Кетбұғы деп көрсетеді. Аңыз 1897 жылы «Дала уалаяты» газетінің 13, 14, 18-сандарында басылды [9, 397-399]. Аңыздың бұдан басқа жеті нұсқасы бар [5, 50-53; 10, 35-36; 71-73]. «Ақсақ құлан»

аңызының «Дала уалаяты газетінде» жарияланған нұсқасының қысқаша мазмұны мынадай:

«Алаша ханның жалғыз Жошы хан деген баласы бар екен... Алаша хан баласына қарап қуанады екен. Әрбір сондай тойдан кейін қасына теңдестіріп алып, Алаша хан аңға шығар еді. Сонда аңның қызығына түсіп кетіп, Бетпақ далада неше жұмадай жоғалып кетер еді. Ол кезде Бетпақ далада құлан, киік һәм өзге аңдар көп екен. Алаша хан баласының нөкерлеріне қатты бұйрық береді екен: «Жошы ханның қуғында қасынан қалмай, күтіп жүріңдер, жазым болмасын. Егер де бір жаманшылық бола қалса, бәріңе де жаман болады. Кім «балаң жазым болды» деп айтса, соның аузына еріткен қорғасын құямын», – деп.

Жошы хан... бір күні бір аңды қуып, жолдастарынан көп озып кетті. Алдындағы қуып келе жатқан құланы өзге бір үйір құланға қосылып кетті. Жошы хан топ құланға садақ атып еді, олар қашпады, қайта өзіне ұмтылып, басып-жаншып, тістеп, өлтіріп кетіпті... Нөкерлері елге келіп, ешқайсысы Алаша ханға айтуға батпапты. Сол уақытта Кетбұғы деген Алаша ханның жақсы көретін ақыны бар екен, қарт екен. Кетбұғы Жошы ханның өлгенін есіттір-мекші болды. Домбырасын алып, сұраусыз ханның үйіне кіріп келіп: «...Мен бүгін жаман түс көрдім. Менің қайғым қатты, жүрегім жарылып бара жатыр», – деп (...) күй тарта бастады...

– Бұл не ғажап!? – деп Алаша хан айтты. – Япырмай, менің Жошы ханым бірдеңе болып қалды ма, мұны аң жеп қойды ма?

– Тақсыр хан, Жошының өлгенін жалғыз өзіңізден естідік, – деп, үйдің сыртында халық шулап қоя берді.

Бұл хабар сондай жаман хабар болды, хан Жошы баласының өлгенін естіп, талып қалды... Есін жиып алып, Алаша хан зарлап жылады...».

Аңызда Кетбұғы Жошы ханның өлгенін ханға түсінде көрген іс түрінде тұспалдап жырлап, домбырада тартқан күйін сол түсінде көрген сұрапыл істің мазмұнына лайықты

кайғы-шерге, мұң-зарға толы сазбен жеткізеді. Жошы ханның өлгенін әкесі осылай білген болады.

Аңыз мазмұнының бір нұсқасы «Түркілер шежіресі» (XV ғасыр) атты авторы белгісіз еңбекте көрініс тапқан. Онда Жошының әкесі Алаша емес, Шыңғыс хан болып баяндалады. Орданың Ұлық жыршысы:

Теңіз бастан былғанды,  
Кім тұндырар, а ханым?  
Терек түптен жығылды,  
Кім тұрғызар, а ханым? –

дегенде, түсінде көрген істің баянын айтып отырған болады.

Шыңғыс хан Ұлық жыршының сұраулы сөзіне орай жауап сөз айтады:

Теңіз бастан былғанса,  
Тұндырар ұлым Жошы бар.  
Терек түптен жығылса,  
Тұрғызар ұлым Жошы бар.

Ұлық жыршы көзінің жасын ағызып, алдыңғы айтқан жырын қайталап айтады. Сонда Шыңғыс хан:

Көзің жасын бұлатар,  
Көңілің тұлды болғай ма?  
Жырың көңіл жылатар,  
Жошы өлді болғай ма? –

деп түркіше жыр қосыпты.

Шыңғыс ханға жауап ретінде Жыршы жырын былай жалғастырады:

Сөйлемекке еркім жоқ,  
Сен сөйледің, а ханым!  
Өз жарлығың өзіңе оң,  
Сен сөйледің, а ханым!

Шыңғыс хан Ұлық жыршының жырын әрі қарай жалғастырады:

Құлынын алған құландай,  
Құлынымнан айырылдым.  
Айырылысқан ақкудай,  
Ер ұлымнан айырылдым [11, 203-204].

«Ақсақ құлан» күйінің аңызына негіз болған өмір шындықтарын күйші өз басынан кешірмеген, ол оқиғалар күйшінің көз алдында болмаған. Күйші болған оқиғаны басқа біреуден естіп, біледі. Оның мазмұны күйші санасында бейнеге айналып, белгілі бір сюжет желісі түрінде түзіледі. Сюжеттік желідегі оқиғалардың сөзбен айтылуы екі түрлі үлгіде жүзеге асуы мүмкін: а) ішкі монолог түрінде; ә) біреуге айтылған сөз (жыр) түрінде. Күйдің тууына негіз болатын шындық күйші санасында осылай сәулеленеді. Шындық оқиға осыдан кейін ғана күй сазы арқылы музыкалық өнер туындысына айналады. Осы айтылған жайлардың негізінде мынадай тұжырым жасауға болады: күй аңызының сюжеті күйдің өзінен бұрын туады; күйшінің санасында алдымен күй аңызының сюжеті түзіледі.

«Ақсақ құлан» күйі мен күй аңызы туралы қырғыз ғалымы Б. Кебекова: Бұқа жыршының жыршылық өнері «Анын улуулугун, сөз чеберчилигин ачық анықтайт» [12, 192-193], – деп жазды. Күй сазынан да, аңыз желісінен де, жыр-толғау сарынынан да Кетбұғының өнерпаздық, даналық болмысы айрықша көрініп тұрады. А. Акматалиев «Ақсақ құлан» күй аңызының үш нұсқасы барын көрсетіп, ғылыми сипаттама берді. Соған байланысты мынадай қорытынды жасайды: «Ошонда Бука ырчы өтө ақылдуулук менен поэтикалык текстке мол көркөм сөз каражаттарын колдонуп, комуздун мундуу ыргагы менен оор кайгыны Чыңгысханга (Айханга) жеткирет» [13, 182].

А. Акматалиевтің пікірінде ерекше көңіл бөлетін жай бар. Ол – Бұқа жыршының түсінде көргендей болған ісін қобыздың күйіне салып жырлауы. Басқаша айтсақ, бұл

ерекше жай – жыр-аңыз бен күйдің дүниеге қатар келуі. Күй аңыздың туу үдерісін сараптайтын болсақ, оның мынадай кезеңдері байқалады: а) Ұлық жыршының санасында болған істің (Жошының өлгені) мазмұны сәулеленеді; Ұлық жыршының санасында болған істің (Жошының өлгені) сюжеттік желілері сөз өнері мен саз өнерінің құралдары арқылы аңыз-жыр һәм күй болып түзіледі; б) Ұлық жыршының санасында болған істің (Жошының өлгені) сөз өнері мен саз өнерінің құралдары арқылы аңыз-жыр һәм күй болып түзілген сюжеттік желілері бір мезгілде жыр һәм күй болып дүниеге бірге келеді. Бұл жерде жыр-аңыз бұрын туды ма, күй бұрын туды ма деп сұрақ қоюдың жөні жоқ. Аңыз-жыр мен күй бірін-бірі сүйемелдеп, бір мезгілде бірдей дүниеге келеді.

«Ақсақ құлан» күйін Кетбұғы күйшінің хан алдында суырыпсалып тартып отырған сәті аясында ой айтар болсақ, онда күйшінің ханға өз күйіне арқау болған шындық оқиғалардың кезеңдерін қара сөз үлгісінде баяндауы, «мынау – құлан ордасының қорқылдағаны», «мынау – атқандағысы», «мынау – ақсаңдағаны...» дегендей әр сюжеттік кезең тақырыбын арнайы айтып отыруы салтқа қайшы. Бұл жерде күй ғана сөйлейді. Осы ретте мынадай ой түюге тура келеді: «Ақсақ құлан» күйінің аңызы жұртқа күйдің хан алдында алғаш тартылуынан кейін таралған. Соған қарамастан, болған оқиға мазмұны хан алдында жыр мен күй, күйдің жырмен ұштасқан, бірлескен қызметі арқылы бір мезгілде баяндалады. Кейінгі орындаушылар болған оқиға мазмұны желісін аңыз-жыр-күй үшеуінің күрделі тұтастығы арқылы баяндайды.

Жыр-аңыз деп халық ауыз әдебиетіндегі екі түрлі жанрдың үлгісін қатар айтып отырғанымыздың өз себебі бар. «Ақсақ құлан» күй аңызының қазақ нұсқаларында аңыз-жыр-күй қатар беріледі. Күйдің орындалуының өн бойында аңыз бен жыр сөз өнерінің үлгілері ретінде кезек-кезек айтылады. Күрделі сюжетке құрылған күй мазмұнын, күйдің сюжеттік кезеңдерін тыңдаушылардың дұрыс және толық түсінуі үшін аңыздың да, жырдың да атқаратын қыз-

меті үлкен. Күй мазмұнын тыңдаушы көпшіліктің дұрыс және толық қабылдауы – күйді орындаушы үшін басты мақсат. Сондықтан күй тартып отырған өнерпаз күйдің сюжеттік кезеңдерінің мазмұны туралы тыңдаушы жұртқа аңыз және жыр арқылы қысқа, әсерлі сілтеме, бағыт беріп отырған.

Күрделі сюжетке құрылған күйдің орындалуында оның әр сюжеттік кезеңінің тақырыбын аңыз немесе аңыз және жыр арқылы анықтап отыруда өнердің синкретті түрлеріне тән ерекшелік бар. Күйдің аңызбен, жырмен ұштасуы – аңыз бен жырдың күй өнерінде тұтасуының айрықша көрінісі. Бұдан қазақ пен қырғыз ауыз әдебиеті мен музыкалық фольклорының байланысы туралы маңызды пікір түюге болады.

Кетбұғының сөз өнері мен саз өнерінің құралдарын қатар пайдалана отырып, жыр-аңыз бен күй сазын тұтастырып, бір бүтін өнер туындысын жасауы қазақ және қырғыз мәдениеті мен өнеріндегі қайталанбас шығармашылық құбылыстардың қатарына жатады. Кетбұғының жыршылық және сазгерлік өнері мен «касиетинин күчтүүлүгү катаал, дүйнө жүзүн таманына таптаган Чыңгызхандын өзүн сол-кулдатып, жүрөгүн сууруп алгандай психологиялык абалда сурөттөгөндө» [13, 189].

Күй аңызының біз айтып отырған мәселесіне қатысы бар бір маңызды пікірді М. Әуезов айтқан: «Айтылған тілінде, сөз көркінде кей кезде өлең, мұң:

Ақсақ құлан жосыған,  
Баласы өлген – осы хан, –

деген сияқты жыр араласып кетіп отырады. Немесе Асан қайғы күйінгендей:

Кұйрығы жоқ, жалы жоқ  
Құлан қайтіп күн көрер? –

дің тартылу үстіне араласа қосылып отырады. Бұл – бұрынғы ескі түрдегі синкретизм (бар өнердің бірігіп, топталып жүретін) белгісін білдіреді, соның қалдығын сездіретін, күй аңызында қалған ескі өрнек. Күй аңызының түр ерекшелігіне тән бұл да бір айшық, нақышы есепті болады» [3, 186].

Күй аңызының өзіне тән табиғатын тануда М. Әуезов көрсетіп отырған ерекшеліктердің маңызы аса зор. Сонымен бірге күй аңызының синкретті болмысы оны аңыз, жыр, күй сияқты өнер түрлерінің тоғысында зерттеуді талап етеді. Сонда ғана оның бірбүтін күрделі табиғатын дұрыс тануға болады.

Аңыз бен жыр – әдеби үлгілер. Бұл түсінікті. Олардың әрқайсысы өз алдына бөлек зерттеу пәні болатын нысан екенінде сөз жоқ. Алайда күйдің тууы, күй тарту, күйшінің орындаушылық өнері және оны тыңдаушы жұрттың қабылдауы деген өзекті ғылыми мәселелер бар. Солармен тектес күй өнері туындысының таралуы сияқты мәселе де бар. Бұларды бір-бірінен бөліп қарастыру күй, күй аңызы, олардың туу тарихы туралы іргелі ғылыми нәтижелерге алып келе алмайды. Өйткені күйдің орындалуында, оны тыңдаушы жұрттың қабылдауында күй сазы мен аңыздың, жырдың әрқайсысының және олардың өзара тоғысып, тұтаса келіп атқаратын қызметі бар.

Ғасырлар бойында күйді орындаушылардың бірнеше буыны ауысқанда, күйдің әуелгі шығарушысы ұмыт болуына таң қалуға болмайды. Күйдің тууына негіз болған шындық құбылыстарды, оқиғалар желісін айтушы да күйдің әуелгі шығарушысы болуы мүмкін. Күйдің тууына негіз болған шындық құбылыстар да аңыз түрінде күймен бірге бүгінгі күнге дейін жеткен. Осы ретте мынадай тағы бір мәселенің мәнісіне назар аударған дұрыс: күй аңызы мен күй уақыт кеңістігінде бірге сақталады, бірге таралады.

Аңыз бен күйдің арақатынасы, аңыздың күй өнері өзегінде өрілу процесінің бастапқы кезеңі мынадай болуы ықтимал: а) алдымен белгілі бір мекенде, белгілі бір мезгілде, белгілі бір жағдайда белгілі бір оқиға болады; ә)

күйшінің ол оқиғаға қатысының сипаты үш түрлі болады: 1) күйші оқиғаны тікелей өз басынан кешіреді; 2) оқиға күйшінің көз алдында өтеді; 3) күйші оқиғаны басқа біреуден естіп біледі. Үш жағдайда да өмірде болған оқиға, алдымен, күйшінің санасында бейленеді.

Күйдің тууына негіз болған өмір шындықтарының тобын, жинақтап айтқанда, тақырып дейміз. Күй аңыздарының жүйесінде аңыз тақырыбына байланысты мынадай мәселе бар: а) алдымен, күйдің тууына негіз болған шындық құбылыстардың тобы белгілі бола ма?; ә) алдымен, күйдің тууына негіз болған шындық құбылыстардың тақырыбы белгілі бола ма?

Мәселенің мәніне бару үшін мына жағдайға назар аударайық. «Нар идірген» күй аңызының төрт нұсқасына [5: 19-23; 55-58] ортақ мынадай сюжеттік мотив бар: а) ботасы өлген нардың сүтімен күн көріп отырған шал (шал мен кемпір) және шалдың қызы; ә) нар біраздан соң өлген ботасының тұлыбына иімейді; б) шал мен қызы аштан өлер халге жақындайды; в) жолаушылап келген бір қарт, бірі жас екі қонаққа қыздың әкесі өзінің осы жағдайын айтып, налиды; г) қарт қонақ қыздың әкесіне шарт қояды: қызын беретін болса, нарды идіреді; д) қыз әкесі келіседі.

Берілген сюжеттік мотивке қарағанда, күй аңызынан да, күйдің өзінен де бұрын тақырып туып тұр: күйші қонақ иімей қойған нарды күй тартып иітуі керек. Бүгінгі ұғымдар тілімен айтқанда, шал келген қонағына иімей қойған нарын иіту туралы тапсырыс беріп отыр деуге болады. Осы тапсырысқа сай күйші нарды идіретін құбылыстарды, сезім-күйлерді өзінің тіршіліктен түйген тәжірибелері негізінде қиялмен ойлап тауып, оларды күйдің тілімен бейнелейді. Солай болғанның өзінде күйшінің санасында, алдымен, нарды идіретін шындық оқиғалар мен құбылыстардың жүйесі түзіледі, күй сазы осы жүйеге сай өріледі. Екінші жағынан, осы күйдің аңызына қайта оралып, оның сюжеттік желісін толық таразылап шығатын болсақ, аңыз желісіндегі сюжеттік элементтердің көпшілігі күйдің туу процесінің кезеңдерін қамтитыны белгілі болады. Бұған

карағанда, аңыздың сюжеттік элементтерінің бір қатары күйдің тууынан кейін пайда болғаны байқалады. Айтылған жайлар күйден бұрын аңыздың туатыны, бірақ күй туған соң оның жаңа сюжеттік элементтермен толысатыны туралы пікірге негіз болады.

Аңыздың сюжеттік құрылымы күрделі. Оның бірнеше даму кезеңдері бар. Жоғарыда сипатталған сюжеттік мотив осы кезеңдердің бастапқысы деуге лайықты. Әрі қарай сюжет ширғып, шымырлана түседі. Сезімдер қайшылығы, тілектер тартысы ашылады: а) нарды иіткен шындық құбылыстар тобы (ботаның тірі кезіндегі қылықтары, үні, еркелегені, ойнағаны, енесін емгені, енесінің еміренгені, т.б.); ә) нардың жүйе-жүйесінің босап, балқығаны, иігені; б) қыздың нардың емшегін қысып ұстап, саулап құйылған сүтті шығармай қоюы; в) қарт күйшіден кейін жас күйшінің күй тартуы; г) жас күйші тартқан күй үстінде қыздың нардың сүтін саулатып сауа бастауы.

Аңыз сюжетінде сақталған сюжеттік даму кезеңдерінің элементтерін нақтылай түсейік: бірі қарт, бірі жас екі күйші; екі күйші нарды иітуі керек; екі күйшінің қайсысы нарды иітсе, қыз соған тиеді. Бұл жерде бірнеше қабат қатынас бар: екі күйшінің арасындағы; қыз бен екі күйші арасындағы. Қыз бен қарт күйші арасындағы қатынаста психологиялық тартыс элементі бар: қарт күйшіге күйеуге шыққысы келмеген қыз нардың емшегін қысып, сүтін сыртқа шығармайды, жас күйші күй тартқанда қыз иіген нардың емшегін босатып, сүтті саулатып сауа бастайды. Аңызда көрініс тапқан осындай сюжеттік даму сатылары күй жүйесінде де көрініс тапқан.

«Нар идірген» күй аңызының төрт нұсқасында нардың иіген сәтіне қатысты сюжеттік кезең бұзылмай қайталанады. Аңыз нұсқаларының мәтіндеріндегі өзгешелік ондағы сюжеттік дамудың басқа кезеңдеріне қатысты орын алады. Кей тұстарда баяндау ұзақ-сонар созылып кеткендей әсер қалдырады. Бұл күйді тартушылардың емес, күй аңызын айтушылардың тарапынан жіберілген шығармашылық еркіндіктің нәтижесі болу керек. Күйші күй

тартып отырғанда, тыңдаушыларының ойын жетелеп, тиісті бағытқа бұру үшін күйдің сюжеттік кезеңдерінің тақырыптық ерекшеліктерін ғана қара сөзбен айтады да, сол тақырып мазмұнын күй тілімен жеткізеді. Ол заңды және орынды. Өйткені күйші күй аңызының барлық сюжеттік кезеңінің мазмұнын қара сөзбен баяндайтын болса, күй тыңдап отырған жұрттың күй сазын қабылдау үдерісі үзіледі, бұзылады. Күйші мұндай әрекетке баруға тиісті емес. Күй аңызы мәтінінің кей тұстарда тым созылып, көп сөзділікке орын берілуі күйшінің айтуынан емес, күй аңызын күйдің орындалуынан тыс айтушылардың тарапынан болған іс екені туралы ойымыздың негізі осындай жайлармен байланысты.

«Нар идірген» аңызының негізгі сюжеттік желісі «Жошы хан хикаясы» деп аталатын қазақ тарихи аңызында қайталанады. Аңыз өзінше аяқталған, мазмұны мен формасы бірбүтін бірнеше сюжеттен тұрады. Сондай сюжеттің бірі ботасынан жеріген бозінгеннің күй әсерінен бойы балқып, ботасын бауырына алуына байланысты. Мұндағы күйші де Кетбұғы болып көрсетіледі. Аңыздың сюжеті мынадай кезеңдерден тұрады: а) бозінгеннің ботасынан жеруі; ә) бозінгеннің иесі елге мынадай жар салады: інгенге ботасын бауырына алғызған адамға қалыңсыз қыз береді; б) Кетбұғы хан баласы өлімінің мән-жайын домбыраның күйімен айтады; в) тыңдаған жұрт езіліп, су болып ағады; г) бозінген есінен танып, бойы балқып, ботаға еміренеді, ботаны бауырына алады.

«Нар идірген» мен «Жошы хан хикаясы» жанрлық сипаты жағынан екі түрлі: «Нар идірген» – күй аңызы; «Жошы хан хикаясы» – тарихи аңыз. Боз інгеннің ботасын бауырына алып, иігені туралы сюжеттік желі «Нар идірген» күй аңызынан ауысқан деп айтуға болмайды. Олай деп айтуға негіз жоқ. Өйткені «Нар идірген» күй аңызының мазмұны мен Боз інгеннің ботасын бауырына алып, иігенінің мазмұны – екі түрлі оқиғаның арқауы. Оларға ортақ сарын – інгеннің күй сазына балқып иігені. Басқа оқиғалар мазмұны күй аңызы мен тарихи аңызда екі бөлек баянда-

лады. Әйтсе де осы сюжеттік желіні біртұтас алып қараған жағдайда, нардың (інгеннің) иігені туралы сюжеттік мотивтің тууына себеп болған бірнеше шындық оқиғалардың сарыны байқалады. Олардың ішіндегі бастысы – ботасы өлген (ботасынан жеріген) інгеннің ботасының тұлыбына (ботасына) еміренбей, иімей қоюы. Осыны жалпыландырып, кейбір мардымсыз деген бөлімдерін алып тастайтын болсақ, мынадай сюжеттік желінің бастапқы және соңғы бөліктері анықталады: інгеннің иімеуі → інгеннің иігені. Осы екі бөлімнің әрқайсысының себеп-салдарлық қатынастағы өз мотивтері бар. Мысалы, інгеннің иімеу себебін іздейтін болсақ, мынадай жайға көз жеткізуге болады: а) інгеннің ботасының өліп қалуы немесе ә) інгеннің өз ботасынан өзінің жеруі (өлген ботасының тұлыбынан жеруі). Ал енді інгеннің иігенінің себебіне келетін болсақ, оның мәнісі күй өнерінің, күйші талантының құдіретіне байланысты белгілі болады. Осы айтылған оқиға желісін толық қамтитын болсақ, жоғарыдағы екі бөлімнен тұратын құрылымдық жүйе мынадай үлгіге түседі: інгеннің ботасының өлуі → інгеннің иімеуі → күй өнерінің, күйші талантының құдіреті → інгеннің иігені. Бұл – күй мен күй аңызы сюжетінің ең қарапайым, бірақ басты құрамдас бөліктері. Осы сюжеттік желіге аңызда қосымша тартыс желісі тартылады: күй жарысы туралы сарын қосылады; күй жарысының алғышарты туады. Інген екі күйшінің қайсысының күйіне иісе, соған қалыңсыз қыз беріледі. Күй аңызының сюжеттік даму кезеңдері жаңа мотивтермен күрделене түседі: а) інгеннің ботасының өлуі → ә) інгеннің иімеуі → б) бірі – қарт, бірі – жас екі күйшінің қайсысы інгенді иітсе, соған қалыңсыз қыз берілетіні туралы шарт → в) күйшілердің күй тартып жарысуы → г) күй өнерінің, күйші талантының құдіреті → д) інгеннің иігені. Әуелгі екі бөлімнен тұратын сюжеттік құрылым, осылайша, бірнеше сарынмен толысып, кемел құрылымдық деңгейге көтеріледі.

Бұл – бас-аяғы бүтін, сюжеттік даму кезеңдері белгілі, сюжеттік шешімі айқын өз алдына бір бүтін көркемдік құбылыс. Осы бір бүтін көркемдік құбылысқа ботасынан жерінген боз інгенді иіткен күйші мен күй туралы сюжеттік оқиға – өз алдына бөлек, басқа бір көркемдік құбылыс.

«Ақсақ құлан», «Ақсақ құла», «Нар идірген» күй аңыздары, «Жошы хан хикаясы» тарихи аңызы бойынша жасалған талдаулар негізінде күй аңызының сюжеттік желілеріндегі кей сарындар уақыт өте келе тарихи аңыз құрамында да, ертегі жүйесінде де қайталанып, басқа оқиғалар арнасында баяндалатыны туралы қорытынды жасауға болады.

Тарихи аңыз жүйесінде күй аңызының кейбір сюжеттік бөлімдерінің тұтастай қайталануы да – күйшілердің емес, аңызды айтушылардың шығармашылық шешімдерінің нәтижесі. Мұндай тәжірибе аңыздың сюжеттік желілерінің бірнеше сала болып қалыптасуына алып келеді. Оған сын айтып, мін тағудың реті жоқ. Күйден тыс, өз алдына дербес көркемдік құбылыс ретінде қалыптасқан мұндай сюжеттік-композициялық күрделі тұтастық аңыздың жанрлық болмысының даралануына алып келеді. Ал осы сюжеттік бөлім күйшінің орындаушылық өнерінің желісінде кейінгі толықтыруларсыз, ілкідегі қалпында, қысқа да нұсқа, әсерлі көрініс табады.

Қырғыз халық күйі «Куу інген» аңызы мен қазақ халық күйі «Боз інген» аңызы арасында айырмашылық жоқ десе болғандай. Қырғыз қияқшысы Саидтың айтуында күй аңызының мазмұны мынадай болып айтылады: «Илгери бирөөнүн төөсү бар экен. Бир канча жылы туубай койгондуктан, «Куу інген» деп ат коет. Куу інген картайганда тууп, ботосун телчитип, ээрчитип жүргөндө бир топ кербен келиптир. Кербендин жүк жүктөгөн төөсү өлүп калганбы, каалаганыңча пул берейин деп, куу інгенди сатып алышат. Ботосу боздоп мында калып, Куу інген боздоп кербенге кетет. Арасы бир айлыкпы, эки айлыкпы жол экен, жерине жеткенден кийин Куу інген ботосуна качып келип, ботосун таап тынчып калат. Ошонун кашып кеткендигин мурунку

комузчу, киякчылар ата-бабабыздын «Куу ингени» деп күү чыгарышкан» [6, 456; 14, 193-243; 14, 267-279].

Қырғыз халық күйі «Қу інген» және оның аңызының сюжеттік желісі мен қазақ халық күйі «Бозінген» және оның аңызының сюжеті бірдей деуге болады. Әрине, екі кұбылыс өзара қанша жақын, біртұтас болғанмен олардың арасында белгілі бір айырмашылықтар болатынын жоққа шығаруға болмайды. Оның үстіне қазақта «Бозінген» күйі мен күй аңызының үш нұсқасы [5, 89-90], сондай-ақ «Бозінген» ертегісі бар. Бұлардың сюжеттік дамуының басты кезеңдері ұқсас. Солай бола тұра бұлардың арасында олардың әрқайсысының ерекшеліктерін білдіретін өзгешеліктер де бар. Сол секілді қазақ пен қырғыз халықтарының талдау пәні болып отырған екі күйі мен күй аңыздары арасында да өзгешеліктер бар екенінде сөз жоқ. Сондай өзгешеліктердің бірі боталаған інгенді керуеншілерге сатып, ботасын алып қалу туралы сюжеттік мотивке байланысты. Мотивтің жалпы мазмұны екі күй мен екі күй аңызында бірдей. Оқиға мазмұны бірдей болғанмен, сол оқиғаның иесі екі күй мен екі аңызда екі басқа. «Қу інген» күйі мен күй аңызында боталаған інгенді керуеншілерге сатушы – түйе иесінің өзі, ал «Бозінгенде» боталаған бозінгенді ботасымен бірге бағып, өсіруші және керуеншілерге сатушы – түйекеш, түйе мен ботаның иесі емес. Ал енді «Бозінген» күйі, күй аңызы, тарихи аңыз, ертегі үлгілеріне ортақ сюжеттік желі ерекшеліктерінің сипатына назар аударайық. «Бозінген» күй аңызының бірінші нұсқасының басты сюжеттік даму кезеңдері мынадай болып ерекшеленеді: а) жау шапқан ауыл (ахуал, жағдай); ә) жау айдап кеткен малдың ішінде бозінген де кетеді; б) бозінген ботасын іздеп, боздап, көзінен жасын сорғалатады; в) бозінген жаудың қолынан босанып, ботасына қашады; г) артынан қуған қуғыншыларға жеткізбейді; д) бозінген неше күн көзінің жасын бұршақтатып, боздап, ботасына жетеді; е) ботасы алдынан еркелеп шығып, бозінгеннің жүйе-жүйесі босап, балқиды. «Бозінген» күй аңызының екінші нұсқасының сюжеттік

құрылымы бұдан аздап өзгеше: а) бозінген көп жылдар бойы боталамай қойған соң бай оны бір кемпір мен шалға арнайы бақтырады; ә) бозінген бір күні басы алтын, құйрығы күміс бота туады; б) кемпір мен шал інгенді керуеншілерге сатып, ботасын алып қалады; в) керуеншілер алып кеткен бозінген ботасын жоқтап, боздап, көзінен жасы төгіледі; г) байдың балалары бозінгеннің дауысын танып, керуеншілерден оны қайта сатып алып, ботасына қосады; д) бозінген ботасымен қосылып көзінің жасын тыяды. Күй аңызының үшінші нұсқасы «Нар идірген» күй аңызының сюжеттік желісімен ұштасады.

Қазақ-қырғыз күйшілерінің күй орындау дәстүрінде күйдің аңызы мен күйдің өзі бір-бірінен бөлінбейді. Күйші белгілі бір күйді орындар алдында, жұртқа сол күйдің тақырыбы, сюжеттік желісі, шығу тарихы туралы аңызды айтқан.

Күйлер мен күй аңыздарының бір қатарының сюжеті күрделі болып келеді. Ондай жағдайда күйші әр сюжеттік бөлімнің мазмұнын тиісті жерінде қысқаша жеке баяндап отырған. Мұның өзі аңыз бен күйдің жұп жазбай өмір сүргеніне, халық үшін аңыз бен күйдің өзара ілесе, бір аңыз, бір күй болып таралуы бірбүтін және аса маңызды рухани құндылық болғанына көз жеткізеді.

«Бозінген» күйінің аңыздық нұсқаларын салыстырып қарағанда, қайбір нұсқа қысқа қайырылады. Енді бір нұсқалардың аңыздық желілерінде қара сөз бен өлең сөз алма-кезек ауысып отырады. «Бозінген» күй аңызының ел аузынан Ә. Диваев жазып алған нұсқасында ертегіге тән ерекшеліктер бар. Онда күй аңызының белгілері мүлде кездеспейді. Күй аңызы күйдің орындалуы барысында айтылып отыратын болса, «Бозінгеннің» Ә. Диваев жазып алған ертегі нұсқасында күй туралы сөз болмайды. Күй мен күй аңызының сюжеттік даму кезеңдерінде дараланған және күй сазымен орындалатын оқиғалар Ә. Диваев нұсқасында жырмен баяндалады. Күй аңызында күй сазымен суреттелетін, ал ертегіде (Ә. Диваев нұсқасында) жырмен баяндалатын күрделі сюжеттік бөліктерін атап көрсетуге

болады: а) бозінгеннің керуеншілерге ботасын сағынып боздап, зарлап айтқаны; ә) бозінгеннің ботасын сағынған арман, дерті ішіне толып, әуедегі ұшқан құстарға зарланғаны; б) бозінгеннің ауылға келе жатқанда: «Ботам өлі ме, тірі ме?» – деп зарланғаны, в) бозінгеннің ауылға таяғанда ботасын көріп, тұла бойы иіп, жүйе-жүйесі босап жылағаны; г) бозінгеннің ботасын бауырына алып, мауқын басқаны.

Күй аңызында тақырыбы ғана айтылып, күй сазымен берілетін осы сюжеттік бөліктер ертегіде (Ө. Диваев нұсқасында) жырмен кеңінен баяндалады. Бұл күй аңызының ертегінің қара сөз бен жыр аралас келіп отыратын ерекше жанрлық түрінің пайда болуына негіз болғанын көрсетеді.

Екінші жағынан, мынадай процесс байқалады: күй аңызының белгілі бір сюжеттік желісі бөлектеніп, бірнеше нұсқада баяндалады. Мұның мысалы ретінде інгеннің иімеуі мен иігенін суреттейтін күй мен күй аңызын алуға болады. Жоғарыда көрсетілген «Нар идірген» күйі осындай жағдайдың бір мысалы болып табылады. Бұл жерде ботасы өліп, иімей қойған інгенді күйші күй сазымен иітеді. Жоғарыда көрсетілген «Жошы хан хикаясы» сюжетіне қосымша желі болып тартылған оқиға – күй аңызының осындай сюжеттік желісінің өз алдына бөлектенуінің екінші бір мысалы. Мұнда інген ботасынан жеріп, оны бауырына да алмайды, иімейді де. Үшінші жағдайда інгеннің ботасы енесіне еркелеп ойнақтап жүріп, жардан құлап өледі. Ботасын іздеп күйінген інген иімейді, сүт бермейді.

Күй аңызы белгілі бір жағдайларда айтушы мен тыңдаушы арақатынасының ерекшеліктеріне байланысты басқа жанрлық түрлердің тууына негіз болады: а) тарихи аңыздың; ә) ертегінің; б) жырдың. Сонымен бірге күй аңызының сюжеттік желісіндегі белгілі бір оқиға дараланып, түрлі жағдайға байланысты айтылады да, өз алдына бөлек, дара күй аңызының тууына негіз болады. Бұл екі процесс күй аңыздарының бәріне қатысты емес, халықтың тұрмыс-тіршілігінің, кәсібінің, мәдениетінің басты деген

салаларында болған оқиғалар негізінде туған күй аңыздарына тән болып келеді.

Күй аңызы негізінде жасалған талдаулар шығармашылық еңбектің басты ерекшеліктері мен кезеңдері туралы болжамды тұжырымдар жасауға мүмкіншілік береді. Бұл орайда шығармашылық еңбек ретінде дараланатын – күйшінің шығармашылық еңбегі. Күйдің сюжеттік кезеңдерінің ерекшеліктерінен күйшінің шығармашылық ойлау даралығы аңғарылады. Өмірдің шындық құбылыстарын күйшінің қабылдауы, көркемдік пайымдауы, құрылым-жүйеге түсіруі – күрделі шығармашылық процесс. Кетбұғының шығармашылық ойлау ерекшеліктері оның өмір шындығын қабылдау мен пайымдаудағы, саралаудағы ізденістерінен анық байқалады.

Теңіз бастан былғанды,  
Кім тұндырар, а ханым?  
Терек түптен жығылды,  
Кім тұрғызар, а ханым? –

секілді жыр жолдары өмірдің шындық құбылыстарын суреттеудің тамаша үлгісі. Бірақ бұл үлгі болған жайды болғандай, нақты да затты көрсетпейді. Ұлық жырау өмірдің шындық жайын жұмбақтап, астарлап, тұспалдап толғайды. Өмірдің нақты шындық оқиғасы мен оның Ұлық жырау толғауындағы көрінісін салыстырғанда, шығармашылық ойлаудың саралығы дара үлгіде көрінеді. Болған оқиғаның мәні мен мағынасын жұмбақтап, басқа бір оқиға арқылы тұспалдау, ауыр қазаны қаза болған жанның жақындарына тұспалдап айтып естірту – қазақ халқының байырғы дүниетанымына, дәстүрлі мәдениетіне тән, жалпыға бірдей міндетті әдеп. Ұлық жырау сөзінің мәні мен күйінің сазын осы талап тұрғысынан толғап жеткізеді. Болған оқиға, болған оқиғаны естіртуші, болған оқиғаның жайын естуші – бұл үшеуі өзара бір-бірімен тығыз байланыста. Байланыс көп қырлы. Болған оқиға өз алдына дербес, бірақ оны сол дербес қалпында естушіге айтуға жол жоқ. Болған оқиғаны қабылдаушы Ұлық жырау оны естушіге жеткізудің жолда-

ры мен тәсілдерін өзінше анықтайды, өзінше шешім жасайды. Мұндай шешім жасауда ол өзінің сөзі мен сазының халықтың дәстүрлі дүниетанымына, естушінің танымына сәйкес келуін мақсат етеді. Естуші естіртушіден осындай әдептің, талаптың сақталуын күтеді. Ұлық жырау осындай талаптар аясындағы шығармашылық ойлау қағидаларын мінсіз орындайды.

Қазақ-қырғыз күй аңыздарының туу үдерісінде өзара ортақ, тектес мазмұн бар. Мұндай ортақ белгілердің түп-төркіні туысқан екі елдің өмір салты мен ойлау психологиясының бірдей болмысында жатыр. Бір туған егіз елдің күй аңыздарының туу кезеңдерінің ортақ сипаттары екі елдің шығармашылық тұлғаларының өнер туындысының, әдеби шығарма туындысының өмірге келу жолының басты кезеңдерін анықтаудың негізі қызметін атқарады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Затаевич А. 1000 песен киргизского народа (Напевы и мелодии). – Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1925. – 403 с.
2. Затаевич А. 500 казахских песен и кюев. – Алма-Ата: Наркомпрос Казахской ССР, 1931. – 312 с.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVII том. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 352 б.
4. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер. – Алматы: Жазушы, 1975. – 400 б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 84-том. Күй-аңыздар / Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларды дайындағандар: Әлбеков Т., Қосан С., Оралбек А., Байғазы А. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.
6. Сабыр уулы Буудайбек. Эл шайырлары. – Бишкек: Турар, 2008. – 508 б.
7. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар / Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640 б.
9. Дала уалаяты газеті. Әдеби нұсқалар / Құраст. Ү. Сүбханбердина. – Алматы: Ғылым, 1990. – 584 б.

10. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 85-том. Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – 416 б.

11. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. Том 2. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным / Отв. ред. П.П. Иванов. – М., 1941. – 308 с.

12. Кебекова Б. Кет Бука // Асан Кайгы, Токтогул ырчы, Кет Бука / Туз.: А. Акматалиев, М. Мукасов, Ө. Шаршеналиев. – Бишкек: «Шам» басмасы, 2003. – 192-193-б.

13. Акматалиев А. Бука ырчы // Асан Кайгы, Токтогул ырчы, Кет Бука. – 173-191-б.

14. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002. – 831 б.

## КҮНТУМЫШ БАТЫР

Туысқан қырғыз халқының ақындық өнерінің ұлы үлгісі «Манас» эпосы өзінің тарихи тағдырымен де, көркемдік болмыс-бітімімен де қазақ халқы үшін зор бағалы, мәдени-әлеуметтік маңызы өте жоғары әдеби ескерткіш болып табылады. Қазақ халқының сүйікті ғұламасы Шоқан Уәлиханов «Манас» жырын сүйсіне тыңдап, оны өз халқының сөзіндей құрмет тұтып, хатқа түсіргенде де оның қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, тағдыр-талайы үшін соншалықты жақындығын, соншалықты туыстық сипаты барын танып, жүрекпен сезіп ұғынған болу керек. Одан беріде Мұхтар Әуезовтің «Манас» эпосына бір емес, бірнеше рет оралып, ақырында ол туралы үлкен монографиялық еңбек жазып шығуы да қазақ ғұламасының қырғыз халқының рухани ұлы мұрасына деген шоң сүйіспеншілігін танытады. Мұхтар Әуезов «Манас» эпосы туралы ғұламалық ойларын жиырма жылдан астам уақыт бойы толғаған. Бір туған қырғыз халқының әлемде теңдесі жоқ байлығы «Манасқа» қауіп төнген қиын да қилы шақта, халықты «Манастан», «Манасты» халықтан бөліп тастау қатері белең алып тұрған тұста, Мұхтар Әуезов телегей-теңіз біліміне, «Манасты», «Манастың» халқын құрмет тұтқан ұлы жүрегіне сеніп, қиын күреске түседі. Ақыры, 1952 жылы 8 шілдеде Бішкек қаласында болған конференцияда қырғыз халқының алдыңғы қатарлы, алдыңғы ойлы азаматтарымен, парасатты, кісілікті қауымының баршасымен бірлесе

отырып жеңіске жетеді. Мұхтар Әуезов бұл арада қырғыз халқының ақындық ойлау мәдениетін, рухани әлемінің байлығын, қырғыз халқының өзін қатар мадақтап, қатар қорғаған еді. Бұл секілді ірі іс халық мұрасын, оның жақұттай жарқыл қағып, жанар жасқаған асыл үлгісін жан-жүрегімен тани алған алып парасат иесінің, ғұламалықтан даналық биігіне дейін көтерілген жаратылысы бөлек дара тұлғаның ғана қолынан келсе керек. Туысқан, бір туған қырғыз халқының теңдессіз асыл мәдени мұрасы «Манас» туралы, оның халықтық маңызы мен мәні туралы Шоқан Уәлиханов пен Мұхтар Әуезовтің айтқан ойларының, ғылыми талдаулары мен болжамдарының тереңдігі мен кеңдігі, адалдығы мен әділдігі қазақтың жүзін қырғыз бауырының алдында бүгін де жарық етіп, мерейін тасытып отыр.

Қазақ әдебиеттануында «Манас» эпосының қадір-қасиетін қазақ халқы үшін одан әрі арттыра түсетін бірқатар ғылыми жаңалықтар ашылып, жаңа ойлар тұжырылып, жаңа қорытындылар жасалды. Олардың басым дені «Манас» эпосының сюжеттік желісін құрайтын оқиғалардың сипатына, көркемдік бейнелеу құралдарына, поэтикасына қатысты. Көрсетілген мәселелерді тұтас түркі халықтарының қаһармандық эпосы аясында алып қарастыру барысында да қол жеткен табыстар бар. «Манас» эпосын аталған бағыт-бағдар аясында зерттеу манастану ғылымын жаңа биікке көтерерінде сөз жоқ. Сонымен қатар эпостың оқиға желісін түзген құбылыстардың өмірлік негізіне, ондағы басты қаһармандардың өмір тарихы мен ерлік істерінің шындыққа қатынасына тереңдеудің де ғылыми және мәдени-әлеуметтік маңызы өте жоғары.

Эпостың тарихи негізі, оның басты қаһармандары Жакыптың, Манастың, Алмамбеттің, Көкшенің өмір тарихы қырғыз бен қазақ халқының тарихи тағдырындағы туыстастықты, бауырластықты мейлінше анық, айқын аңғартады. Мұның өзі «Манастың» ұлттық, халықтық терең мазмұнына айырықша ажар беріп, сәулетін арттыратын поэтикалық дара әрі сара жүйе болып табылады.

Жырда Манастың ту тіккен жерінің бірі Талас өзенінің бойындағы Бота-Мойнақ деген жер екендігі көрсетіледі. Ел аузындағы аңыз Бота-Мойнақ етегіндегі Ақыртас қорғанын Манас пен оның баласы тұрғызғанын баяндайды [1, 110]. Жыр мен аңыз арасындағы мұндай үндестік тектен тек сақталмаған болу керек. Эпостың өзінде бұл жер туралы былай жырланады:

Батыр Қосай бабаға  
Ту байлатып алған жер.  
Боз байталды сойған жер,  
Бауырсаққа тойған жер.

Манастың әкесі Жақып өзінің өнген жері, өскен жері жайында, атамекені, жай-жағдайы туралы баяндай келіп:

Қарақырғыз ұрығым,  
Әзіргімді сұрасаң,  
Әзіреттің Қаратау -  
Жайлаған жайым тақ осы! –

дейді.

Бота-Мойнақ ел ішінде тау деп аталғанмен, ол – Қаратаудың бір сілемі. Жақыптың «жайлаған жайым» деп көрсетіп отырған Қаратауы мен Бота-Мойнақ екеуінің арасында алшақ тұрған ұғым жоқ. Өткен ғасырда хатқа түскен «Төрелібектің төрт ұлы туралы сөз» деп аталатын дереккөзінде Манас батыр Әулие-ата Қараханның қолбасшысы ретінде көрсетіледі [2, 147]. Алмамбет батырға күмбез тұрғызылған жерде, Таластың басындағы Үлкен қақпада, Манастың ат байлаған тасы болған. Осы жерден Манас ары-бері өткен сауда керуендерін бақылап, олардан алым-салық алып отырған [3].

«Манас» жырындағы оқиғалар тобының тарих шындығына, қазақ пен қырғыз арасындағы туыстық пен тұтастыққа қатынасы туралы айтқанда, Манастың емшектес досы, бауыры Алмамбеттің өмір тарихына байланысты жырдағы және басқа деректер аясындағы

мәліметтердің өзара үндестігі, жақындығы айрықша назар аударады. Алмамбеттің шыққан тегі, келген жері жайында «Манас» жырының нұсқаларында түрлі хабарлар айтылады. Жырдың Радлов жазып алған бір бөлігінде Алмамбет турасында:

Қараханның ботасы,  
Қабылан туған Алмамбет! –

деген жолдар бар. Алмамбеттің Қараханның баласы екендігі хақындағы бұл деректің түп негізінде тарихи шындық шырағы тұр.

Жырдың қайсыбір нұсқаларында Алмамбет қалмақ Өзіз ханның баласы болып көрсетіледі. Қазақ ғұламасы Әлкей Марғұлан бұл ойды тарихи шындықтан алыс деп біледі [1, 85-97]. Расында да Алмамбетті қалмақ ханының ұлы деп тануға дәлел болардай дәйекті дерек жырда да, тарихта да, ғылымда да кездеспейді. Ал оның әкесінің бірде Өзіз хан, бірде Абдолла болып аталуы жай емес. Бұл екі есім де Алмамбеттің Қараханның ұлы екендігі жайлы ілгерідегі пікірге қайшы келмейді. Өйткені Қарахан мен Өзіз хан немесе Абдолла әр елдің әр басқа адамдарының есімдері емес, бір ғана адамның аты болып табылады. Әулие-ата Қараханның шығу тегі туралы шежіреде Әулие-ата Қараханның әкесінің азан шақырып қойған аты Абдол Өзіз деп, ал лақап аты Ербозай Қарахан деп аталған [4, 14-15]. Мұның өзі Алмамбеттің әкесінің аты жырдың әр нұсқасында әр басқа аталып жүргенімен, олардың, түптеп келгенде, негізі бір екендігін аңғартады. Екіншіден, «Әулие-ата Қараханның шежіресі» мен «Төрелібектің төрт ұлы туралы сөз» секілді дереккөздеріне қараған жағдайда, Алмамбет және Әулие-ата Қарахан екеуі ағайынды, бауыр болып шығады.

Алмамбеттің Қарахан тұқымымен туыстығы туралы ойды кеңейтіп, бекіте түсетін және бір дерек бар. Ол Алмамбеттің дүниеге келу тарихымен байланысты: Алмамбет анасы Алтынайдың бойына күннің нұрынан бітелі: Алмамбетті туарла Алтынай мұсылман жолына

түсуге ниет қылады. Алмамбеттің анасының бойына күннің [4, 14-15] нұрынан бітуі жайлы мұндай ақындық таным ежелгі ғұн, үйсін мемлекетігі дәуіріндегі халық нанымдарымен, ұғым-түсініктерімен сабақтас. Алмамбеттің анасының мұсылманшылық жолын таңдауы немесе Алмамбеттің анасының бойына бітуі мен тууының мұсылманшылық туралы наныммен байланысуы, сондай-ақ Әулие-ата Қараханның мұсылмандық жолға түсуі өзара бір-бірімен үндесіп, үйлесіп жатыр. Бұл арада, әрине, «Оғызнама» жырымен ортақ сарын барында да сөз жоқ.

«Төрелібектің төрт ұлы туралы сөзде» мынадай мәлімет бар: «Ақсының ханы Абдолла ханның Күнтумыш деген ұлы болды. Ол өзінің батырлығымен бүкіл мұсылман елінде даңққа бөленген еді. Талас елінің ханы жат жерден келген жауға қарсы соғыста Күнтумыштан көмек сұрайды. Хан Күнтумышқа өзінің сұлулығы бүкіл мұсылманға аңыз болған үлкен қызы Ботагөзді беруге даяр екенін білдіреді» [5, 30]. Күнтумыш бұл хабарды алысымен, Ақтұлпар атты тұлпарына мініп, жау-жарағын асынып, жорыққа шығады. Мұздай темір құрсанып келген Күнтумыш Талас елін жаулаған Әжіханға қарсы шауып, оның әскерін бөрі тиген қойдай қылады. Батыр Әжіханның әскерін жеті төбеден асыра қуып тастайды. Жаудың бетін қайтарып, хан ордасына қайта оралған Күнтумышты Ботагөз қарсы алады. Батыр Ботагөздің сарайында үш күн, үш түн тынығады. Бұл уақыт ішінде Әжіхан есін жиып, бытырап кеткен әскерін қайта топтастырып, Талас бойындағы елге екінші рет шабуыл жасайды. Қырғын соғыс басталады. Күнтумыш батыр Ақтұлпарына мініп, жауды Тектұрмасқа дейін қуады. Осы соғыста Күнтумышқа оқ тиіп, қатты жаралы болады. Жаралы батыр Талас өзенінің жоғарғы сағасындағы Үлкен қақпа деген жерге келгенде, қансырап құлап жан тапсырады [4, 14-15; 5, 30-31].

Деректе сақталған мәліметтер Күнтумыштың қандай жаумен соғысқанын анық көрсетпейді. Ал соғыстың сипатына келетін болсақ, ол туған жерін, туған елін жат жерлік жаудан қорғаған өзінің туысына, бауырына

көмектеседі. Бұл жерде Күнтумыштың қайраты тасыған батыр, ел-жұртын, ел-жұртының азаттығын сүйіп қана қоймай, сол жұртының азаттығы үшін аянбай күресіп, жанын қиған ел қаһарманы ретіндегі бейнесі айқын көзге түседі.

Ел үшін жанын қиған батырды ел де ардақ тұтады. Батырдың анасы Ақсыдан үш құмыра алтын артып, баласының басына желмаямен жедел желіп жетеді. Күнтумыштың анасының басшылығымен ел сүйікті батырының басына әлем сүйсініп қарағандай сәулетті үй тұрғызады.

Күнтумыштың басына орнатылған күндік жерден көзге шалынатын зәулім күмбез архитектуралық болмыс-бітімі жағынан да, сән-салтанат жағынан да өз дәуірінің теңдесі жоқ мәдени ескерткіші болған. Өкінішке қарай, бұл ескерткіш ғасырлар бойы толассыз соққан жел өтінде, дамылсыз шайған жауын астында өзінің әуелгі салтанаты мен сәнін жоғалта келе, ақырында тілегі бұзық біреудің қатты қолынан құлап түскенге ұқсайды. Дерек бойынша, Күнтумыштың күмбезін Қоқан хандығы тұсында Әулие-ата қамалының коменданты болып тұрған Атабек датха бұздырады. Күмбездің тас тіреулері мен тас кірпіштері Әулие-ата қаласында үлкен мешіт құрылысына жұмсалады.

Ақсыдан келіп, Талас бойын жаудан азат етіп, асқан ерлік көрсеткен Күнтумыш батырдың тағдыры ерекше назар аударады, ерекше назар аударып қана қоймай, таң қалдырады. Тарих деректері Күнтумыш батырдың өмір сүрген дәуірінің тыныс-тіршілігіне, жеке басының тарихына жарығын тікелей түсіре алмайды. Бұл орайда ойға сүйеу боларлық жалғыз дереккөзі – қазақ тарихи аңыз-әңгімесі «Төрелібектің төрт ұлы туралы сөз». Әлкей Марғұлан Күнтумыш жайында осы дереккөзінде сақталған мәліметтерге талдау жасай отырып, «Манас» жырындағы Алмамбет пен «Төрелібектің төрт ұлы туралы сөздегі» Күнтумышты бір адам деп бірінші көрсеткен еді. Бұл пікір бүгінде ақиқат шындыққа айналып отыр. Осы айтылған жайлар Талас өзенінің тау қойнауынан тасып шығатын

тұсындағы Үлкен қақпада орнатылған күмбез Манастың емшектес досы, Әулие-ата Қараханның бауыры, ерлігі елден асқан батыр Алмамбеттің күмбезі деуге толық негіз бола алады. Осы арада Алмамбеттің туу тарихына байланысты «Манас» жырындағы аңыздарға тағы бір оралуға тура келеді. Онда Алмамбеттің анасының бойына күннің нұрынан біткені туралы айтылатыны жоғарыда ескертілді. Олай болса, Алмамбеттің екінші аты Күннен туған немесе Күнтұмыш болуы ешқандай күдік шақырмайды. Мұның өзі Алмамбет пен Күнтұмыштың бір ғана кісіге қойылған, бірақ бірі – әдепкі, екіншісі лақап есім екендігі туралы ойды бекіте түседі.

Талас өлкесінде Қарабас хан, Ақсыда Алмамбеттің әкесі Абдолла хан хандық құрып тұрған шақта Таласқа Наманғаннан мың түтін шамасында керуен болып үлкен көш келеді. Қарабастың қоластындағы жерге келгенде, керуенбасы кенеттен қайтыс болады. Манас Қарабас ханның қасында екен. Өткен керуенбасыға күмбез орнату үшін, Манас Бадахшаннан жасы мен қартының саны бірдей бір топ шебер алдырады. Мың батпан топыраққа мың серкенің майын араластырып, оларды күмбез құрылысына пайдаланады. Шеберлердің жастары жұмыс істеп, қарттары оларға ақыл-кеңес беріп тұрады. Күмбез құрылысын жүргізушілерге мың батпан талқан жұмсалады, үш мың ділдә еңбекақы төленеді. Құрылыс жұмысының барысын Манастың өзі тікелей бақылайды [5, 30]. Қайтыс болған керуенбасыға Манастың мұнша құрмет көрсетуінің себебі деректерде көрініс таппаған. «Манас» эпосынан да Наманғаннан Талас өлкесіне көшіп келген бойда дүние салған керуенбасымен жанасатын, оған ұқсап, жақын келетін кейіпкер ұшыраспайды. Өйтсе де оны Манастың әкесімен бір туған туысқандарының, Қарахандар әулетінің бірі деп бағалауға болады. Талас өлкесін билеуші Қарабас хан да Қарахандар әулетінен екендігінде сөз жоқ.

Дерек беретін хабардың маңыздылығы Манастың айналасындағы тарихи адамдардың өміріне аз да болса жарығын түсіріп, оның туыстық айналасын анықтауға

белгілі дәрежеде септігін тигізіп отырғанында. Сонымен бірге дереккөздерінде көрініс тапқан бағалы мәліметтердің бірі Манас тұсындағы сәулет құрылысы материалдарын дайындау тәжірибесінің де танымдық маңызы мен мәні өлшеусіз зор. Манас дәуірінің сәулет өнері ерекшеліктерін зерттеуде бұл секілді деректердің бірі әрі жаңа ғылыми ізденістерге, соны бақыт-бағдарға бастайтын терең ойлардың тууына негіз болуы мүмкін.

Ел арасында ежелден айтылып келген тарихи аңыз «Төрелібектің төрт ұлы туралы сөзде» Қараханның қарындасынан туған Бостан деген немересі болғаны жайында айтылады. «Ол 12 жасында Бадахшаннан келді. Оған Күмістаудың жоғарғы жағындағы елдің билігі берілді. Сол жерде Бостан-ата деген жер бар» [5, 30], – деп көрсетілген онда. Мұндағы Күмістау – Қаратаудың бір сілемі. Оның қойнауынан басталатын Күмістау өзені Талас өзеніне келіп құяды. В.В. Бартольд 1890 жылдардың басында Талас өзені жағалауларындағы көне мәдениет орталықтарының орнын іздеп жүріп, Күмістау өзенінің оң жағалауында төрт бұрышты шағын бекіністің орны болғанын анықтайды [6, 31]. В.В. Бартольд, Әлкей Марғұлан еңбектері бұл бекіністі Қараханның қарындасынан туған Бостанның ордасы деп болжауға толық негіз болады. Әлкей Марғұлан өзіне дейінгі ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, Бостанның шығу тегі туралы батыл пікір түйеді. Ғалымның болжауынша, Бостан тарих майданына Манас өлгеннен кейін шыққан. «Әлеуметтік ортаға Қараханның қарындасынан туған жиені Бостан (Семетей) шығып, Манастың орнын енді сол басады» [1, 92], – деп жазады ғұлама. Мұндай тұжырым жасағанда, ғалым Бостанның да, Семетейдің де Қараханның немересі екендігін, Семетейдің де, Бостанның да буыны бекіген шағында Бадахшаннан (Өндіжаннан) ата жұртына келетінін негізге алып отырған болуы мүмкін. Ғұлама қолында Семетей мен Бостанның бір кісі екендігін бұдан да терең дәлелдей түсетін басқа да деректер болғаны ғажап емес. Бірақ ол жайында ғалым анық ештеңе

айтпайды. Қалай дегенде де Әлкей Марғұланның Семетей мен «Төрелібектің төрт ұлы туралы сөздегі» Бостанды бір кісі, тарихи бір ғана тұлға деп таныған ой-пікіріне қарсы айтар уәж жоқ. «Манас» жырының оқиғалар жүйесі, ондағы мезгіл аясы мен мекен-жай аймағы осы тұжырымның тарих шындығына мейлінше сай келетінін көрсетеді.

«Манас» жырындағы Манасты қолдап, қорғап жүруші кейіпкерлердің бірі – Айқожа хан. Айқожа Манас-тан бірде Қытай ханы жаулап алған Әндіжанды азат етуді сұрайды, бірде басқа әулиелермен бірге оны қолдап, қорғап жүреді. Манас Айқожа тарту еткен Ақкелте деп аталатын соғыс жарағымен жауларын бет қаратпай жеңіп отырады. Жырда Манас ержеткен шақта Айқожа 550 жасқа келген әулие қарт бейнесінде суреттеледі. Әлкей Марғұлан Айқожа мен төрт түлік малдың пірлерінің бірі Зеңгі-бабаны бір кісі деп біледі. Зеңгі-баба – Айқожаның лақап аты. Ә. Диваев әулиелер туралы парсы тілінде жазылған «Рашахат» деген кітапта Зеңгі-бабаның өз аты Имине-ата деп көрсетілгенін жазады. Түр-түсі қап-қара болғандықтан, жұрт оны Зеңгі деп атаған. Осы деректе Зеңгі-бабаның Шаш қаласында Әзіреті Арыстан-бабаның Тадж-хаджы деген ұлынан туғандығы жайында айтылады [16]. В. Гордлевский Зеңгі-бабаның басқа бір қасиетін көрсетеді: Зеңгі-баба бір жасар бала кезінде ата-анасының қалауымен Қожа Ахмед әулиенің алдына келеді. Сонда бір жастағы Зеңгі-баба Қожа Ахмед әулиенің алдында дұға оқиды. Қожа Ахмед алдындағы бір жасар баланың елден ерекше қасиетін танып, болашақта жиһангер Әмір-Темірдің әлемді жаулап алатынын, өзінен бұрын Зеңгінің басына күмбез тұрғызатынын болжайды. Қожа Ахмедтің көрегендікпен айтқан сөзі расқа шығады: Әмір-Темір алдымен Зеңгі-бабаның басына күмбез орнатқан екен [1, 91]. Ш. Уәлиханов Зеңгі-бабаның жас кезінде Сүлеймен Хакім-атадан дәріс алғанын, Хакім-ата дүниеден өткенде, оның жесірі Анбар-анаға үйленгені жайында бірқатар дерек қалдырған [2, 147]. Осы аталған дереккөздеріне сүйеніп әрі оларды өз тарапынан басқа мәліметтермен байыта отырып,

Әлкей Марғұлан Айқожаның (Зеңгі-бабаның) Қарахан әулетімен туыстас кісі екендігін, Хакім-атаның жесірі Анбар-анаға үйленгенін, одан Айша бибі деген қыз туғанын жазады. Зеңгі-баба қызы Айша бибіні «сол кезде Талас өлейетін билеген Манастың әкесі Жақыптың туысы Әулие-ата Қараханға берген» [1, 110], – дейді ғұлама. Ш. Уәлихановтың айтуында Анбар-ана Зеңгі-бабадан Әлі-Асқар деген ұл туған. Анбар-ананың Хакім-ата Сүлейменнен туған үлкен ұлы Хұбби әкесімен келісе алмай, ғайып болады. Анбар-ананың сүйікті ұлы Хұббиді іздеп шар-тарапты шарлап зарлаған сөзі бірнеше аңыздар желісінде сақталған [8, 363; 9, 51]. Ал Анбар-ананың Зеңгі-бабадан Әлі-Асқар мен Айша бибіні туғаны туралы, олардың арасындағы туыстық қатынас жайлы аңыз деректері жоққа тән. Бұл жайында «Манас» жырында да мардымды мәлімет сақталмаған. Алайда Айша бибінің ата-анасы туралы Ә. Марғұланның болжамында негіз бар. Қалай болғанда да осы айтылған деректер мен болжамдар Манас пен Қарахандар әулеті арасындағы туыстық қарым-қатынасты, Талас өлейетінде және оған шектес аймақтарда өмір сүрген ел-жұрттың бауырластығын, бұл туыстық қарым-қатынастың тереңдігі мен кеңдігін анық көрсетеді.

Әулие-ата Қарахан туралы, Әулие-ата, Талас өлкесінің жер, су аттарымен байланысты жазба және ауызекі деректер мен «Манас» эпосының оқиғалар жүйесін түзген шындық құбылыстар арасында өзара үндестік, үйлесіп, сабақтасып жатқан басқа да бірнеше желілер бар. Солардың бәрі қырғыз бен қазақ – екі ел – тарихындағы туыстықты, олардың тұрмысы мен тіршілігіндегі, мұрат-тілегіндегі бірлікті, тұтастықты көрсетеді. Бұл туыстық пен тұтастық қазақ пен қырғызға қай кезде де бірдей қадірлі, бірдей қасиетті болып қала бермек. Қазақ пен қырғыз бірдей ардақтап, бірдей құрмет тұтып келе жатқан бұл қасиетті мазмұн екі елдің, «Манастың» да, «Манастың» жыршылары мен қолдаушыларының да даңқын асырып, қадірін арттыра берерінде сөз жоқ.

## ӘДЕБИЕТ

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т.2. – Алматы, 1985.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Т.19. – Алматы, 1985.
4. Каллаур В.А. К родословной Аулиеатинского святого Карахана (Выписка состав-лен бывшим карием сел. Сайрам Шымкентского уезда Имамджаном // Протоколы заседаний и сообщения Туркестанского кружка любителей Археологии. – Ташкент, 1897.
5. Рассказ о четырех братьях Тюрналибековых// Протоколы заседаний и сообщения Туркестанского кружка любителей Археологии. – Ташкент, 1908.
6. Бартольд В.В. Сочинения. – Т.IV. – М., 1966.
7. Диваев Ә. Этнографические материалы. – Вып.V. – Ташкент, 1896.
8. Гордлевский В.А. Избранные сочинения. – Т.III. История и культура. – М., 1962.
9. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т.III. – Алматы, 1985.

## МАЙКӨТ САНДЫБАЙҰЛЫНЫҢ ҚЫРҒЫЗ АҚЫНДАРЫМЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Майкөт қырғыз ақындарымен тығыз шығармашылық байланыста болған, олармен бірге үлкен астарда, жиын тойларда ұзақ жыр айтып, өнер көрсеткен. Ақынның қырғыз арасында айтқан өлеңдері мен жырларының бірқатары түрлі кезеңде хатқа түсіп, Қырғызстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақталған. Бертінде Майкөттің кейбір өлеңдері қырғыз ақындарының шығармаларының жинағында жарық көрді. Майкөт туралы қырғыз ақындарының жырмен айтылған естеліктері, толғаулары олардың жыр жинақтарында жарияланды. М. Сандыбайұлының «Жампоз» деген атпен жарық көрген шығармалар жинағында «Қазақ ақындарына» деген Тоғалақ молданың толғауы жарық көрді. Тоғалақ молда:

Майкөтті көрдім көзіммен,  
Байқатып өтем сөзбенен,  
Тоқмақта ол кез ойында,  
Дүрілдеп жатқан кезінде.  
Өзі салдай киінген,  
Көрініп тұрар көзіме,  
Айтып өткен бірнеше  
Нұсқасы қалып есімде [1, 208-209].

Тоғалақ Молда Майкөтке үлкен құрмет көрсетіп жырлайды. Тоғалақ өзінің Майкөтті көргенін, оның салдай киінгенін жадында мықтап ұстап қалған. Әрине, жиын-тойда, ойын-сауықта «дүрілдеп», айналасын да дүрілдетіп отырған Майкөтке Тоғалақ Молда қызығып, өнерін құрмет тұтып қараған. Сонымен қатар Тоғалақ Молда Майкөт айтып өткен сөз нұсқасын есінде сақтап қалғанын айтады. Өкінішке орай, Тоғалақ Молда Майкөттің айтқан сөздерін, жырларын жатқа айтқанмен, олардың көбі хатқа түспей, бізге жетпей ұмыт болған. Көңілге медет болар бір жай – Тоғалақ Молда Майкөттің «Жиырма жастан жүзге дейін» деген толғауын есінде сақтап қалған. Ақынның айтуынан бұл толғау хатқа түскен. Толғау Тоғалақ Молданың шығармаларының екінші томында жарық көрді, кейін М. Сандыбайұлының «Жампоз» жинағына енді. Толғаудың қырғыз және қазақ тіліндегі мәтіндері арасында айырмашылықтар, өзгерістер жоқ.

Ақынның «Жетісу игі жақсыларымен жүздесу» атты ұзақ өлеңінде белгілі бір кезеңнің белгілі тарихи тұлғаларының аттары аталып, олардың азаматтық болмысына қысқаша сипаттама беріледі. Өлеңнің бірнеше нұсқасы бар. Екі нұсқасы ақынның «Жампоз» жинағына енді. Оның бірі – К. Әзірбаев нұсқасы. Бұл нұсқа кейінірек К. Әзірбаевтың көптомдық шығармаларының төртінші томына енді Екіншісі жазушы М. Сқақбаевтың жеке мұрағатынан алынған. Өлеңнің үшінші нұсқасын С. Керімбеков ел аузынан теріп жазып алған. Бұл нұсқа Орталық ғылыми кітапхананың, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Өлең Жетісудың белгілі биі Сарыбай Айдосұлының ат шабарына жиналған жұрттың алдында айтылған.

Майкөттің әдеби мұрасының үлкен бір саласы ақындық айтыс болады. Ол өз дәуірінің үлкен айтыс ақыны. Әдебиет зерттеушілерінің мәліметтеріне қарағанда, ол қырғыз бен қазақтың көптеген ақындарымен айтысқан. Өкінішке қарай, ақынның айтыстарының көпшілігі

сақталмаған. Қолымызға бірдеңе түсер ме екен деген оймен қырғыз ақындарының шығармаларын қарап шықтық. Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясы тіл және әдебиет ғылыми зерттеу институтының қолжазбалар қорын да қарап шықтық. Өзіміз үшін пайдалы көптеген мәліметтер алдық. Бірақ Майкөттің қырғыз ақындарымен айтысы жайында маңызды дерлік қолжазба таба алмадық. Бұған дейін Майкөттің әдеби мұрасына қатысты қырғыз әдебиетіндегі мәліметтер қазақ әдебиеттану ғылымында біршама жинақталды. Тоғалақ Молданың Майкөт туралы ойлары көпшілікке кеңінен таныс болар деп ойлаймыз. Біздің қолымызда осы салада бүгінге дейін қазақ әдебиеттануында ғылыми айналымға түспеген бір әдеби мұра бар. Ол қырғыз бен қазақ ғалымдары үшін жаңалық емес. Бірақ қазақ әдебиеттануында бұл мәліметтер арнайы ғылыми сараптаудан өтпеген, ғылыми айналымға түспеген еді. Біз өз жұмысымызда осы әдеби жәдігерді қазақ әдебиеттануында алғаш рет ғылыми айналымға түсіріп отырмыз. Ол – қырғыз ақындары Жеңіжоқ пен Есенаманның айтысы. Онда Майкөттің өмірі мен шығармашылық тұлғасы туралы бағалы мәліметтер бар.

Майкөттің шығармашылық өмірінің бір қыры қырғыз ақындары Жеңіжоқ пен Есенаманның осы айтысында ашылады. Бұл жерде Майкөттің ақындық өнерінің үлгісін қырғыз ақындарының тануы, қабылдауы және бағалауы жайына назар аудару дұрыс. Тоғалақ Молданың жоғарыда берілген өлеңін Майкөттің ақындығын, ақындық тұлғасын тану мен қабылдаудың, бағалаудың өзіндік бір үлгісі деп білу керек. Ал Тоғалақ Молданың Майкөттің «Жиырма жастан жүзге дейін» толғауын жаттап қана қоймай, ел алдында талай рет жатқа айтып жырлағаны қазақ ақынының ақындық мұрасы мен шығармашылық өмірбаянының қырғыз елінде танылуы мен қабылдануының, бағалануының биік деңгейі болса керек. Біз айтып отырған жайлардың осындай бір қыры қырғыз ақындары Есенаман мен Жеңіжоқтың айтысында көрініс табады.

Есенаман мен Жеңіжоқтың айтысы қырғыздың байлығы тасыған ірі тұлғаларының бірі Тасқара болыстың төрт дуан елді шақырып жасаған тойы үстінде өтеді. Айтыс ойда жоқ жерден басталады. Оның себептері бар. Әуелгі ұйғарым бойынша тойдың жаршылығын Есенаман мен Майкөт атқармақ болса керек. Іс жүзінде олай болмай, тойдың жаршылығын Жеңіжоқ бастап жібереді. Мұның да өз себебі болған.

Жеңіжоқ – Тасқараның жақын туғаны. Жастай жетім қалып, әркімнің қазан-ошағының маңында жүргенге ұқсайды. Бірде Тасқара той жасайды. Тойдың қазан-ошағының айналасында жетім бала Өтө (Жеңіжоқ) де жүреді. Мұны көрген Тасқара жігіттеріне Жетім баланың ала ауруымен ауырып қалғанын айтып, мынадай тапсырма береді: «Ауруы елге жұғады. Бір көк жетімменен таластықтар көбеймейді де, азаймайды да. Мойнына тас байлап, Қара-Бураның суына салып жібер! Жауабын мен берем!» [2, 232], - дейді. Екі жігіт Өтөні Қара бураның жағасына алып келіп, жайламақшы болғанда, Өтө өлердегі сөзін айтып жалынады. Жігіттердің сайсүйегін сырқыратады. Ақырында екі жігіттің жетім балаға рақымы түсіп, оны Ақсыдағы нағашыларына қашырып жібереді. Өздері Тасқараға істі бітірген болып келеді. Сол жетім бала Өтө Ақсыда нағашы жұртында ес жиып, жыршы, айтыскер ақын болып ер жетеді, ерен ақын болады. Ақын, жыршы деген атағы Ақсыдан асып, Таласқа жетіп жатады. Осы тұста ұланасыр той жасаған Тасқара болыс Ақсының белгілі манаптарын, болыстарын шақырғанда, олардың атағы шығып тұрған Жеңіжоқ жыршысын ала келуі туралы да тілегін білдіреді [2, 233].

Тасқара болыстың тойына ақсылықтырды бастап келген Сүлейменкүл датқа екен. Датқа Жеңіжоққа: «Жеңіжоқ балам, туған жеріңе, туған еліңе келдің, жырынды баста!» - деген тілегін білдіреді. Сонда Жеңіжоқ туған жері мен туған еліне деген сағынышын жырға қосып шырқайды. Жеңіжоқ ақын той жасап жатқан елге осылайша жыр айта келеді. Тойлы ауылға келгеннен кейін де Жеңіжоқ

аттан түспей, шай қайнатым уақыт жыр төгеді. Тасқара болыс Жеңіжоқты өзі аттан қолтықтап түсіріп, қадірлі қонақтармен бірге алты қанат ақ боз үйге кіргізеді. Қонақтармен амандасып, жай-жағдай сұрасқаннан кейін, Тасқара Жеңіжоқтың туған жері, туған елі туралы жырлауының мәнісін сұрайды. Сонда Жеңіжоқ баяғы басынан өткен жайларды айтып береді. «Мен өзім – осы Таластанмын. Сіздің туғаныңыз Көкенің Өтө деген ұлы боламын. Ілгеріде ауырып қалғанымда, Сіздің тойыңызда жүргенімде, бір жігіт келіп, ауруымның жұқпалы екенін айтып, Ақсыға қашырып жіберген еді» [2, 237], - деп, басынан өткен жайдың кейбір тұстарын тұспалдап жеткізеді. Тасқара істің жайын ұғып тұрса да, сыр бермей, тойдың жаршылығын Жеңіжоққа тапсырады: «Енді, балам Жеңіжоқ, аз айып, көп кінәм болса, кешіріп қой! Міне, той басталды. Қазірден бастап сен осы тойдың жаршысысың» [2, 237]. Той иесі Жеңіжоққа осындай құрмет көрсетіп, оның астына арғымақ ат мінгізеді, үстіне торқа тон жабады. Той жаршысы болған Жеңіжоқ жырын қайта бастайды. Көңілінен көлеңке кетіп, жүрегі шат болған ақын жырымен бірге қыранша қалқып, сұңқарша самғайды. Той жаршысының жыры тойға келген қонақтардың құлақ құрышын қандырады. Жеңіжоқтың тасып, тасқындаған жыры таластық атақты ақын Есенаман мен қазақтан келген Майкөт ақынның көңілін желпиді.

Есенаман қонақ үйде той жаршысы болудан дәмелі болып отырған екен. Жеңіжоқ жаршылық қылып шыққанда, ол қатты абыржиды. «Бұл Тасқараның не қылғаны? Қазақтан шоң ақын Майкөтті, қырғыздан мені тойына арнайы шақыртып отырып, қайдағы бір қаңғырып жүрген Жеңіжоқты тойға жаршы қылғаны несі?» [2, 237] - деп, тынышы кетеді

Есенаманның бұл сөзі Жеңіжоққа жетеді. Жеңіжоқ жаршылықтың басын ашып алмақ үшін, Есенаман мен Майкөт отырған үйге келеді. Жеңіжоқ төрдегі Есенаман мен Майкөттің ортасынан орын алып отырады. Майкөт Тасқара болысқа Жеңіжоқтың қылығына нұсқап: «О, бай

Тасқара, мына балаң есіктен кіріп өр таласты, өрден соң төр таласты. Жайын айтшы?» - деген екен. Тасқара: «Өзіңіз білетін Жеңіжоқ ініңіз осы болады», - деп жауап береді. Майкөт Тасқараның бұл сөзінен көп нәрсеге қанықпаса да, одан ары сұрау салмай, Жеңіжоққа бұрылып: «Олай болса, Жеңіжоқ қарағым, сөзің болса, қысылмай сөйлей отыр, шамаң жетсе, Есенаман екеумізді қабаттап жайлай отыр!» [2, 238] - дейді. Майкөттің бұл сөзі Жеңіжоқты Есенаман екеуіне қарсы айтысқа, айтыс сөзге шақырумен бірдей еді. Жеңіжоқ Майкөттің сөзін құп алып, қомызының құлағын келтіре бастайды. Қомызының құлақ күйін келтіріп отырғанда, қомыздың бір қылы үзіліп кетеді. Жеңіжоқ қалтасынан жаңа қыл алып, қомызының құлағына қайта тағып отырғанда, делебесі қозып отырған Есенаман жырын дауылдатып, тосыннан қаптай тиіседі. Есенаман өз сөзінде бірнеше маңызды тақырыпты қозғайды: а) өзін көтермелеу, Жеңіжоқты төмендету; ә) туған жер мен туған елді дәріптеу; б) Жеңіжоқты туған жері мен туған еліне келуге шақыру; в) ақындықтың пірі Майкөт ақынды мадақтау т.б.

Есенаман өзін көтермелеп сөйлегенде, бірнеше қасиетін бейнелі түрде асқан артықшылығы ретінде масаттанып атап өтеді. Олардың бастылары мынадай: а) дарактың биігі; ә) арақтың шишасы; б) манаттың жағасы; в) санаттың сабағы; г) бозаның уыты; д) молданың дәреті; е) жорғаның табаны; ж) жылқының асылы; з) жыршының ақыны т.б. Жеңіжоқ өз кезегінде Есенаманның өзінің озықтығын, асықтығын танытады деген осы қасиеттердің бәрін іске алғысыз етеді. Жеңіжоқ Есенаманның Майкөтті дәріптеуіне де иланбайды. Есенаман Майкөтті қанша ретте ақындықтың пірі ретінде жоғары көтерсе, Жеңіжоқ Есенаманның сөзін жоққа шығарып, Майкөтті сонша рет төмен түсіреді. Соның бәрінде оның ойы орынды, сөзі өтімді болып шығады.

Есенаман – қырғыздың ірі ақындарының бірі. Жасы Майкөттен кіші болғанмен, Жеңіжоқтан көп үлкен. Көпті көрген. Өмірбаяны бай. Өзінің өмірде көп жасап, көп көргенін алға ұстап, ол Жеңіжоққа айтар ойын жырмен

бастайды. Есенаман Жеңіжоққа «балам» деп қайырылып сөйлеп, оны менсінбей, мүсіркегендей қалып танытып, туған елі мен туған жеріне, туғандарының ортасына қайта келуге шақырады. Есенаманның жырының кейінгі бөлімінде айтылатын әр ой Майкөтке құрмет көрсетумен түйінделеді. Ол түйіндер мынадай болып келеді: «Танып ал Майкөт піріңді»; «Атақты Майкөт піріңе Айыпкер болмай қол бергін»; «Есілің Майкөт піріңе Еңкейіп барып қол бергін». Бұл түйінді ойлардың шегінде Есенаман Майкөтті бірде арғымақ атқа, бірде қазанатқа теңеп, өлеңнің өрен жүйрігіне, ақындықтың піріне балайды. Өзін де көтере мадақтап, жылқының күлігіне, жыршының бұлбұлына балайды. Есенаман жырын тоқтатқанда, үйде отырған үлкен кісілер Жеңіжоққа жаны ашып, мейірімі түсіп, басу айтады. Оның Есенаманмен айтысқа түспей-ақ қоюын мақұл көреді. Сонда Майкөт ақын Жеңіжоқты қолдап, оған дем беріп былай дейді: «Есенаманның қатесін тауып айтсаң, жеңетін кезек сенікі. Тоқталмай соқ, қарағым Жеңіжоқ!» [2, 253]. Майкөттің осы демеу сөзі Жеңіжоққа үлкен күш береді. Айтыста Жеңіжоқтың жеңгені туралы Майкөт төрелік айтады.

Айтыс жүйесіне қарағанда, Жеңіжоқ Есенаманды тұқырта отырып, Майкөтке де бірнеше рет қайырылады. Бірақ Майкөт айтысқа араласпайды. Оның басты себебі – айтыстың басты тартыс желісін Есенаман түзеді. Айтыстың тақырыптық арнасын да сол белгілейді. Айтыста негізге алынған жөн мен жүйені де Есенаман ұстайды. Егерде айтысқа Майкөт қосылар болса, ол Есенаманның ақындық ұстанымын қорғауға мәжбүр болар еді. Ал Есенаманның ұсынып, мадақтап отырған ұстанымдары Майкөттің ақындық ұстанымына сай келе бермейтін еді. Осы жайларды ескергенде, Майкөт айтысқа араласпайды. Есенаманға: «Өзің көтеріп ұрып жығып, төрт аяғымды буып бердің! Балаң бауыздамастан тірілей терімді сыпырып алды! Енді не айтар сөз қалды?» - деп жайын айтады. Есенаманға айтарын айтып болған соң, Майкөт қайтадан

Жеңіжоққа бұрылып: «Ырақмет, балам Жеңіжоқ, мен айтыспай-ақ жеңілдім» [2, 273],- дейді.

Майкөттің бұл ісінен оның адамгершілік, кісілік тұрғысы мен ақындық көзқарасы қатар көрініс береді. Өзін әлі келгенше мадақтап, ақындықтың пірі тұтып отырған Есенаманның азаматтығы мен ақындығын көтермелей отырып, жас ақын Жеңіжоқтың талантын да лайықты бағалайды, оның жолын, ақындық бағын ашып, қамқорлық көрсетеді. Ақындық өнерді танудағы, ақынның айтыстағы шеберлігін бағалаудағы көркемдік-эстетикалық биік ұстаным Майкөтті осындай төрелік айтуға алып келеді.

Есенаман мен Жеңіжоқтың айтысы өткен жыл туралы қырғыз ғалымдары айтатын пікірдің маңызы үлкен. Өйткені бұл пікірлер Майкөттің осы шақта қанша жаста болғанын анықтауға септігін тигізеді. Өкінішке қарай, бұл айтыстың болған уақытын біз дәл анықтай алмадық. Ал Жеңіжоқтың өз кезегінде айтқан сөзіне қарағанда, Есенаман айтыс өтіп жатқан шақта алпыстан асқан екен [2]. Бұған қарағанда, осы шақта Майкөттің де алпыстың үстіндегі шағы болса керек.

## ӘДЕБИЕТ

1. Сандыбайұлы М. Жампоз / Құрастырғандар: Аян Нысаналин, Серікбек Еркінбекұлы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004. – 220 б.

2. Жеңіжол менен Эсенамандын айтышы // Залкар ақындар. – Екінші том. Жеңіжол. – Бишкек: Шам, 1999. – 190-223 бб.

3. Сандыбайұлы Майкөт. Шығармалары / Құрастырған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерді жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 444 б.

4. Дәдебаев Ж. Майкөт Сандыбайұлының ақындығы: монография / Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 192 б.

## СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Сүйінбай Аронұлының тарихи ақиқат өмір құбылыстарының негізінде шығарған айтулы туындыларының бірі қырғыз манабы Үмбетәліге арналған. Орман хан (1791-1854) өлгенде Сүйінбай оның ұлы Үмбетәліге келіп көңіл айтқан. Өлген әкесіне көңіл айта келген Сүйінбайға қырғыз манабы Үмбетәлі қарап отырып тіл тигізеді. Қырғыз манабының қазақ ақынына жөн-жосықсыз тіл тигізуі ел естімеген әдепсіздік еді. Үмбетәлінің жүгенсіздігіне, әдепсіздігіне шыдай алмаған ақын оның өзінің де, өлген әкесінің де елге жасаған зорлықтарын айтып, шырқап қоя береді.

Манап Орман қырғыз бен қазақ арасында хан деп те аталған. Оның хан аталуының тарихы Тоголок Молдоның «Тарых. Түпкі аталар», Талып Молдоның «Қырғыз тарыхы, уруучулук курулушы, түрлү салттар» еңбектерінде баяндалған. 1840 жылдары Орман сарыбағыш, солты, саяқ руларының батырларын, билері мен ел басқарған ақсақалдарына кісі жіберіп, шақыртады. Шақыртқан кісілеріне жіберген хабарында Орман сарыбағыш, солты, саяқ руларын шауып, мал-жанын олжалаймын деп қол жинап келген бұғының батыры Ноғайды өзі сөзге тоқтатып, жібермей отырғанын айтады. Бұл хабарды естіген елдің есі шығады. Өйткені Ноғай батыр етігінің бір сыңарын бір өгіздің жарты терісінен тіктіріп киетін өте зор денелі, алып кісі болған екен. Басқа жұртқа осындай хабар жіберіп, жар

салып жатқан Орман Ноғай батырға да тиісті кеңес беріп, оны жеке үйде күтеді. Ел жиналады. Жиналған ел Ноғай батырды жаулық жолынан біржола тоқтатуды Орманнан сұранады, Орман Ноғайдың алдына барып, елдің ұсынған тарту-таралғысын тапсырады, жиналған жұрттың үрейін алатын бірқатар көріністерден кейін Орман Ноғай батырды райдан қайтарған болады. Саяқ, сарыбағыш, солтының ел билеген жақсылары мен жайсаңдары Орманның Ноғай батырдың шапқыншылығын тоқтатқан мықтылығына разы болып, оған бас иген сыңай танытады. Бұдан кейін де Орман жиналған жұртты таратпай не жөнін айтпай жата береді. Ел абыржиды, тарап кетуге батылдары бармай, үрейлене береді. Ашыққандар астарындағы аттарын сойып жей бастайды. Бір күні Орман далаға ақ киіз төсетіп, ел жақсыларын шақырады. Киіздің ортасына кілем төсетіп, оның үстіне жолбарыс терісін жайғызады, өзі соның үстіне келіп отырады. Едәуір уақыт өткеннен кейін жиналған жұрт аң-таң болып Орманның аузына қарай бастайды. Орман тіл қатпайды. Жиналған жұрт қыбыр етуден қаймығып, отыра береді. Әлден соң Орман: «Хан киетін қызыл қалпақ біреу болады. Тарандар», - деп, екі санына салып қалады. Мүлгіп отырған жұрт бет-бетімен тарап кетеді. Осыдан бастап Орман өзін хан деп атайды [1, 38-39; 2, 518-519]. Алдындағы үрейі ұшқан елдің еңсесін одан әрі баса түсу үшін ол ордасының үстінен дар ағашын тұрғызған да, айыпты, жазықты болған бейшараларды дарға асып өлтіріп отырған.

Өз ортасында әбден асып-толған Орман бұғы руының ежелгі атамекені Ыстықкөлді өзіне қаратып алуды мақсат етеді. Оның бұғыларға қарсы соғыс ашқандағы ойына алған үлкен ісі осы еді. Соғыс үстінде Орманды бұғы батыры Балбай бүйректен сайып жібереді. Бұл оқиға Тоголок Молдоның тарихы [1, 38-39] мен Талып Молдоның тарихында [2, 522] баяндалады. Орман сол күні бұғы Боранбай манаптың баласына шыққан қызының үйінде қайтыс болады. Әкесінің кегін қуып, бұғыны шабуға шыққан Үмбетәлі соғыс үстінде бұғы батыры Балбайдың

қолына түсіп қалады. Одан босанып, аулына келген Үмбетәлі тарту айдатып, қазақтың төресі Тезекке кісі жібереді, бұғыны шабуға көмек сұрайды. Бұл хабарды естіген бұғылар да қарап жатпай, Тезек төреге Тілекмет батырды елшілікке жібереді. Тілекмет Тезек төремен ретін тауып тілдеседі, тілегін айтады да: «Бұғыда Ыстамбек дегеннің бір жанда жоқ сұлу қызы бар. Төрелігін айтқан жұрт оны төреге лайық көріп, атын Төрежан деп атап, өзіңізге атастырып қойған еді. Осы ақ некелі аманат жарыңызды босқан бұғылармен бірге қытайға жібермей, алып қалсын деп бұғы қайындарыңыз мені жіберді», – дейді. Сұлу қыз хабарын естіген Тезек төре екі жақты беттестіріп, даудың төрелігін өзі айтпаққа ыңғай танытады. Беттесу үстінде сарыбағыш жағынан келген би бұғылардың ісін қаралап сөйлей береді. Сөз кезегі өзіне келгенде, Тілекмет батыр Тезек төреге бұрылып сөз бастайды. Сөздің ұзын-қысқасы былай өтеді:

« – Төрем, ханға да құн бола ма?

– Болады, – дейді төре.

– Болғанда, не болады, қанша болады? – деп бастырмалатады Тілекмет батыр.

– Осы сіз отырған үйдей, үйдің ішін толтырып, түндігінен асып төгілген ділда болады, – дейді төре.

– Олай болса, төрем, – дейді Тілекмет, – сарыбағыш туғаныңыз: «Қатын бұғы, сен тұрмақ, қазақтың ханы Кенесары, Наурызбайды да өлтіргенбіз», – десіп, екі күннің бірінде бұғы қайындарыңызды шауып алып, қорлай берді. Қорлыққа шыдай алмаған ел ақырында, Орманды өлтіргені шын. Егерде ханның құны осынша болса, қазақ туғандар Кенесары, Наурызбайдың құнына қанша ділда алды екен. Менің білуімше, ханның құны болмайды, егерде болса, сарыбағыш туғандарыңыз қазақ туғандарға Кенесары мен Наурызбай хандардың құнын бермей ме?!» [2, 521-522].

Тезек төре Тілекметтің сөзін жүйелі көріп, сарыбағыштарды айдап келген тартуымен бірге кері қайтарады. Тезек төре кейін қырғыз сұлуы Төрежанды әйелдікке алады.

Сүйінбайдың «Үмбетәліге» атты толғауында көрініс тапқан оқиғалардың негізінде осындай тарихи шындық жатыр. Үмбетәлінің Сүйінбайға тіл тигізуі де жайдан-жай емес, қазақ төресі Тезектің Орман ханның құнын өтеусіз қалдырғанына, өз сөзінің өтпегеніне күйіп отырғандығынан болған іс еді. Осылайша жер-дүниеге сыймай отырған Үмбетәліге Сүйінбай көңіл айтып қана қоймай, шындықты шырқап жырлайды:

Іздеп келген сорлылар  
Дұрыс жауап ала алмай,  
Есігіңе бара алмай,  
Сөйлесіп мейірі қана алмай,  
Болдың ғой елге қызыл шоқ!  
Бектің мұндай болғаны  
Жұлқынып тұрған жын болар.  
Шоқ өшпей тағы тұра ма –  
Ол-дағы сөніп, күл болар.  
Дүниеге тұтқа мен деме –  
О да бір күн тұл болар! [3, 65-66]

Үмбетәлі шынында да қызыл шоқ секілді өзі жақындағанды да, өзіне жақындағанды да аямай қарып түсетін болған. Көңіліне ұнамаған адамды жас не кәрі демей, әйел не еркек демей атып-аса берген. Берген тапсырмасын бір айтқанда орындай қоймаған өз әйелін өзі атып тастаса, өзімен аттас болғаны үшін бір жас баланың басын қылышпен шауып түсірген, қызының қолынан кестелі орамал сыйға алған бір жігітті тірідей отқа өртеп, аулын шапқан. Баласының осындай басбұзарлығын білетін Орман өлер халде жатқанда, басында жылап отырған қызына: «Балам, қу құлаққа айт! Осалдығын тастасын. Бекер кісі өлтіргенін қойсын!» – деп өсиет айтқан. Орманның қу құлақ деп атап отырғаны – осы Үмбетәлі. Үмбетәлінің әкесінің осы өсиет сөзінен кейін естіген ойлы, парасатты сөзі Сүйінбайды толғауы болды. Ақын өмірдің өтпелілігін, жалғандығын айтып, үлкен философиялық ой түйеді.

Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы акындар айтысының ең бір көркем үлгілерінің бірі болып табылады. Сондықтан да ол қазақ пен қырғыз халықтары арасында кең тарап, тіл өнерін саф алтыннан артық бағалаған бауырлас екі елдің үлкенді-кішілі азаматтарының аузынан түспейтін асыл сөзге айналып кеткен.

Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қолжазба қорында Сүйінбай мен Қатағанның айтысының тиісті түсініктермен, көзкөргендердің мәліметтерімен байытылған нұсқасы сақталған. Онда айтыс үстінде Сүйінбайды қолдап, демеп барған қазақтардың басында Тезек төре мен Бөлтірік шешеннің болғаны көрсетілген. Айтыстың басында қырғыз ақыны Қатағанның судай тасыған сұрапыл екпіні қазақтардың көңіліне қатты қауіп ұялатады. Осындай қиын-қыстау кезде Бөлтірік шешен Сүйінбайға қайрат беріп, оның намысын жаниды. Ақындық шабыты мен намысы қатар шарықтап шыққанда Сүйінбай Қатағанның мақтан тұтып, өзінің артықшылығы ретінде аялап айтқан уәждерінің бәрін де түкке жарағысыз, іске алғысыз етіп тастайды. Қатаған қырғызды қазақтан, өзін Сүйінбайдан жоғары қойғанда, оның мақтаныш, айбар еткені, артықшылығы байлық болады. Осыған қарсы Сүйінбай:

Аққу құстай ұшайын,  
Аяғыңды тұсайын.  
Баймын деп айттың, Қатаған,  
Бұл сөзіңді ұстайын.  
Байлығың сенің қайда бар –  
Талқан-көже ішкенің.  
Тас ошағың жұртта қап,  
Орынсыз бекер іспегін! [4, 93]

Сүйінбайдың Қатағанға қарсы айтқан ойларының ең бастысы әрі бұлтартпас дәлелдісі – қырғыздың ошағының жұртта қалатыны туралы ой. Бұл ойды бұған дейін қырғыз-қазақ болып бас қосып, байлық жарыстырып айтысқа түсіргенде, Бөлтірік шешен айтқан еді. Мәшһүр Жүсіп

Көпеев бұл жөнінде былай деп жазып қалдырған: «Ұлы жүз үйсіннен Бөлтірік би шығыпты. Онымен замандас қырғыздың бір ханы бақ күндес болып, қырғыздың пәлен шешен, түген шешен дегендерін алдырып, айтыстыра беретін сықылды. Бір күні қырғыз-қазақтың бас қосқан жиылысында қырғыз-қазақ байлық айтысқанда, Бөлтірік би айтты дейді:

«– Қырғыз шіркіннің байлығы сол – көшкен сайын ошағын жұртына қалдырып жүре береді, – депті. Ол сөзінің мәнісі – қырғыз ошақ алмайды, үш тасты ошақ қылып, қазан асады, көшкенде ол тасты артып көше ме, жұртта қалмақ қой» [6, 26-48].

Бөлтірік бидің сөзі тура мағынасымен емес, ауыспалы мағынасымен бағалы. Қырғыздың жайлауға ошақ алып көшпейтіні рас. Қонған жерінде көп тастан үш тасты алып қоя салып, қазан көтере беретіні де жұртқа аян. Бөлтірік ұтар ойын көпке мәлім, дүйім жұрттың көз алдында тұрған осы көрініске негіздейді. Қазақ пен қырғыздың ата дәстүрінде ошағын жұртқа тастап көшуге болмайды. Бөлтірік би өз сөзі арқылы, біріншіден, осыған мегзейді. Екіншіден, сөзінің астарымен қырғыздың таулы-тасты жерде тастан ошақ жасап отырғанын кедейлік белгісі ретінде көрсетіп отыр. Байлық айтысып асып-тасып отырған қалың жұрт Бөлтірік бидің орынды айтылған, жүйелі айтылған осы бір ауыз сөзіне тоқтап, өздерінің жеңілгендігін мойындаған. Қатағанның қателігі – осы жайларды біле тұрып, ұтар ойын терең жүйелеп айта алмағандығында. Сүйінбай өз қарсыласын осындай осал жерінен ұстап, бұған дейін дүйім қырғыз тоқтаған қанатты сөз бен уытты ойды алға тартып, Қатағаннан асып түседі. Содан соң-ақ Сүйінбай Қатағанның айтқан ойларының қай-қайсысын да жаңғақша шағып, өзінің ақындық абыройын асыра береді.

Акку құстай ұшайын,  
Аяғыңды тұсайын.  
Көппін деп айттың, Қатаған,  
Сөзіңнен осы ұстайын [1, 213], –

деп, Қатағанның елінің көптігі туралы мақтанып, айбат-айбар қылып айтқан сөзін жоққа шығарады. Осының бәрі Сүйінбайдың ақпа-төкпе өлең-жырдың асқар белі ғана емес, ақпа-төкпе тапқыр ойдың да асқан кені екендігін көрсетеді.

Сүйінбай мен Қатағанның ақындық айтысы тілдің өткірлігімен, ойдың ұтқырлығымен ғана емес, ақындық ойлау табиғатының күрделілігімен, ой мен пікірдің логикалық дәлелділігімен, көз бойлай алмас тереңдігімен де маңызды.

### ӘДЕБИЕТ

1. Тоголок Молдо. Тарых. Түпкі аталар // Кыргыздар: Санжыра, тарых, мурас, салт. Том II / Түз. К. Жусупов. – Бишкек, 1993. – Б. 5-72.

2. Талып Молдо. Кыргыз тарыхы, уруучулук курулушы, түрлү салттар // Кыргыздар: Санжыра, тарых, мурас, салт. Том II / Түз. К. Жусупов. – Б. 506-570.

3. Аронұлы Сүйінбай. Бөрілі менің байрағым. Жыр толғау, айтыстар, естеліктер. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. – 272 б.

4. Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Білім, 1996. – 152 б.

5. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер / Құрастырған, түсініктерін жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Ғылым, 1993. – 144 б.

6. Бөлтірік шешен. Шешендік сөздер / Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктерді, зерттеуді жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 302 б.

## АЛЫП АҚЫН АЛЫҚҰЛ

Қырғыз әдебиетінің аса көрнекті өкілі, шолпан жұлдыздай жарық ақыны Алықұл Осмонов – әдебиеттің эпос, лирика, драма сияқты үш түрлі тегі бойынша бірдей қалам тербеді. Ол – көп қырлы талант: а) ел әдебиетінің асыл үлгілерін жинап, сақтаушы; ә) қырғыз балалар поэзиясының негізін салушы; б) адам жанының сырына терең бойлаған лирик; в) ел өмірінің шалқар шындығын шалқыған шабытпен жырлаған ерен эпик; г) өмірдің тартысты, қайшылықты шындық оқиғаларын адамдардың тартысты, қайшылықты іс-әрекеттері арқылы көрсете білген дарынды драматург; д) әлем поэзиясының озық үлгілерін қырғызшалаған шебер аудармашы.

Алықұл Осмонов 1915 жылы дүниеге келді. Бес жасқа шыққанда, ата-анасы қайтыс болып, жетім қалды. Пана тұтар жанашыры болмаған соң, Бішкек шаһарындағы жетім балалар интернатына орналастырылды. Көп ұзамай, Бішкек шаһарынан Тоқмақ қаласындағы балалар үйіне ауыстырылды. Тәрбиеленушілер сапқа тұрып, шеруге шыққанда, Алықұл саптың басында барабан соғып, балалардың ырғақты жүрісіне, айтқан әндеріне екпін қосты, сән-салтанат берді, балалар үйінің қабырға газетін шығарды. 1929 жылдың күзінде ол балалар үйінен Бішкектегі педтехникумға оқуға кірді.

Алықұл Осмоновты әдебиетке алып келген – оның бойындағы талант. Талант туралы айтылған ойлар да, пікірлер де аз емес. Ондай қалыңға түспей, ашығын,

анығын айтқанда, талант дегеніміздің адам бойындағы ерекше қасиет екені белгілі болады. Адам баласын жақсылыққа асық қылатын, жамандықтан қашық қылатын – осы қасиет. Адам баласының жақсылыққа асық болуы – адамшылышылықтың асыл өзегі. Адамшылықтың асыл өзегінен тыс талант болмайды. Алықұл қаршадай кезінен жақсылыққа асық болды, адамшылықтың асыл өзегінен нәр алды. Осы болмыс Алықұлды әдебиетке, ақындық өнерге, жазушылық еңбекке бала күнінен ынтызар, құштар етті.

Ақын «Жазушылық баяным» атты еңбегінде өзінің әдебиетке келу жолындағы ерекше бір сыр айтады. 1927 жылы, он үш жастағы кезінде, мектепте ана тілінен сабақ беретін Артықбай Жолдошев деген мұғалім оқушыларға «Жайлау» деген әңгімені оқып береді. Жаз шығып, ел жайлауға көшіп жатқан шақ болса керек. Оқушылар да жазғы каникулға шығып, жайлауға бармақ. Осы әңгіме мектеп оқушыларына, әсіресе, Алықұл Османовқа қатты әсер етеді. Алықұлдың бала кезінен әдебиетке, ақындық өнерге, жазушылық еңбекке ынтызыр болуы мектеп мұғалімі оқып берген осы әңгімеден басталады. Мектеп мұғалімі әңгімені мәнерлеп оқып беріп, оқушыларына: «Жақында жайлауға шығасындар. Күзде қайта келгенде, осы әңгіме сияқты әңгіме жазып келіңдер» [1, 25], – деп, тапсырма береді.

Алықұл мұғалімінің тапсырмасын жаз бойы ойында тербетіп, әңгімені қалай жазу керектігін есінен шығармайды. Ойланады, толғанады, арман қылады. Сол бойы күзде мектепке келеді. Сабақ басталады, бірақ мұғалім баяғы тапсырмасын еске алып, оны оқушыларының қалай орындағанын тексеруге асықпайды. Соған қарамастан Алықұлдың ойынан мұғалімнің әңгіме жазу туралы тапсырмасы шықпайды, үнемі ізденіс үстінде болады. Ол: «Маған ғайыптан бір күш пайда болса, сөйтіп жаз бойы жазбаған әңгімені бір демде жазып тастасам» [1, 25], – деп толғанады. Жасөспірім баланың әдебиет туралы, әңгіме жазу туралы айлар бойы ойланып, толғанып, ізденіп

жүруі оның ақыл-ой кеңістігін кеңітіп, таным байлығын арттырды, жүрегінің тереңінде ақындық өнер көзін ашты.

1929 жылы Токмоқ қаласындағы интернаттың қабырға газетінде Алықұлдың алғашқы өлеңі жарияланады. Бұл ақынды поэзия әлеміне алып келген үлкен жолдағы алғашқы адым еді. Осыдан бастап Алықұл ақындық өнерге, жазушылық еңбекке ден қоя бастайды. Жасөспірім бозбала Алықұл осы жылы күзде Бішкек қаласындағы педагогикалық техникумға оқуға қабылданады. Педтехникумның интеллектуалдық ортасында әдебиет пен өнерге ерекше құрметті көзқарас бар еді. Болашақ ақын осы ортаға келіп, әдеби білімін байытады, Пушкин, Лермонтов, Лев Толстой, Тургенев, Некрасов, Гоголь сияқты ірі шығармашылық тұлғалардың аттарын естіп, өмірдеректерімен таныса бастайды. Әуелде олардың суреттеріне қарап, кімнің сақалы үлкен болса, соның жасы да үлкен деп түсінеді. Соған байланысты оған ақын-жазушылардың ең үлкені Лев Толстой, одан кейін Тургенев, Некрасов, Гоголь, ең кішілері Пушкин мен Лермонтов сияқты болып көрінеді. Көп ұзамай Алықұл ақын-жазушылардың өмір деректерімен, шығармашылығымен танысып, ең жас деп жүрген Пушкиннің басқалардың бәрінен үлкен екенін біледі. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдері мен дастандарын, қарасөздерін оқиды [1, 25].

Ақын «Менің оқытушым» деп аталатын мақаласында А. Пушкиннің «Қысқы жол» және басқа өлеңдерін педтехникумде оқып жүргенде жаттап алғанын, оларды жатқа оқыған сайын көңілі толқығанын жазады. Сонымен қатар Алықұл А. Пушкиннің «Евгений Онегин», «Полтава», «Капитан қызы» және басқа шығармаларын оқып, олардан күш-қуат алғанын, ал «Қысқы кеш», «Гүл», «Поп және оның малайы Балда жөнінде жомоқ» атты шығармаларын қырғыз тіліне аударғанын айта келіп: «Мен сияқты жас ақындар үшін Пушкин ұстаз және бағыт-бағдар берген жол көрсетуші болып саналады. Бұл ұлы ақын – қырғыз жастарының баға жетпес ең қымбат адамы» [2, 78],

– дейді. А. Пушкин, Абай сияқты ірі шығармашылық тұлғалардың өмірдеректерімен танысу, шығармашылығын оқып білу, ақындық ойлау машығын аңғару Алықұлдың ақындық өнер жолында қаз тұрып, нық басуына септігін тигізді.

1930 жылы «Сауатты бол» деген республикалық газетте ақынның «Қызыл жүк» деген өлеңі жарияланады [1, 25-26]. Өлең жарияланған газетті қолына алған жас Алықұлдың қуанышында шек болмайды. Сол күні түні бойы көз ілмей, газет бетіндегі өлеңін қайта-қайта оқып шығады. Осыдан соң Алықұл күн сайын өлең жазатын болады, жазған өлеңдерін газеттерге, журналдарға апарып, ақындық өнері ашылады, ақындық аты шығады. Көрнекті қырғыз ақындарына жақын жүреді. Бір жолы жазған өлеңдерін Жүсіп деген ақынға оқиды. Жүсіп Алықұлдың өлеңдерін мақтап, оны көтермелейді. Техникумның үлкен оқу залында мұғалімдер мен білім алушылардың алдында Алықұлдың ақындығы туралы сөз болады. Ақындық өнер, Алықұлдың ақындығы жайында аса салмақты пікірлер айтылады. Жүсіп кездесуге арнайы келіп, Алықұлдың ақындық талантын биік бағалап, оның үлкен ақындық болашағына зор ілтифат білдіреді. Осы жылы «Лениншіл жас» газетінің бетінде Алықұлдың ақындығы туралы байыпты, бағалы пікірлер жарық көреді.

1932 жылы Алықұл өлеңдерін алып, Қырғыз мемлекеттік баспасының бас редакторы Аалы Тоқамбаевқа келеді. Аалы Тоқомбаев жас талап ақынның өлеңдерін мақтап, авторды қанаттандырады, жүдеу жүзіне қарап, оның жағдайын қалай жақсарту жайын ойлайды. Алықұл осы жолы Аалыға өзінің қарасатын бір туғанының жоқтығын, Қарақолда жекжат апаларының тұратынын естігенін, соларды пана тұтпақ ойы барын айтып, өлеңдерін қалдырып кетеді. Бір ай шамасында Алықұл Аалыға қайта келеді, Қарақолға барғанын, онда өзінің ешқандай апаларының жоқ екенін, өзінің жүдеп кеткенін айтып, шарасыз жағдайына амалсыз көнген қалып танытады. Аалы жүдеу Алықұлды өзінің үйіне ертіп барып, қалдырып

кеткен өлеңдеріне енгізген түзетулерін көрсетіп, жас қонағының жүдеу көңілін аулайды. Алықұлдың талантына сүйініп, тұрмыс жағдайының жоқтығына қиналады. Көп ұзамай Аалы айналасындағы мамандармен кеңеседі де, Алықұлды «Чабуул» (қазіргі «Ала-Тоо») журналына жұмысқа орналастырады [3, 138-139]. Журналда қызмет еткен жылдар Алықұлдың шығармашылық өміріндегі шешуші кезең болды [1, 26]. Аалы Тоқомбаев бұдан кейін де Алықұлға қамқорлық жасап, қолдан келген көмегін аямайды. Бір жолы Ташкенттегі Орта Азиялық РАПП жиналысына ертіп барады, енді бір жолы Мәскуде өткен жиналысқа алып барады. Осы жолы Аалы Тоқамбаев пен Алықұл Османовтың бірге түскен суреті «Правда» газетінде жарияланады [3, 139]. Алықұлдың сондағы тебіренісінде шек болмайды.

1932-1935 жылдары Алықұл көп оқып, көп жазды. Осы жылдардағы шығармашылық еңбегінің сипаты туралы ақын: «Кейде таң ағарып атқанға дейін жыр жазған күндерім болған» [1, 26], – деп еске алады. 1935 жылы жас таланттың «Таңдағы жырлар» деген алғашқы өлеңдер кітабы жарық көрді.

1935-1936 жылдар ақынның шығармашылық еңбегі үшін жайлы болмады. Оның себебін автор шаһардың тар көшесінде еркін тыныстай алмай, ел тіршілігінен мүлде шет қалуымен байланыстырады. Осындай жағдайда жазған өлеңдері «Жұлдызды жастық» деген екінші кітабында топтастырылғанын, бірақ өзінің көңілінен шықпағанын, тіпті «қолға алғысыз» болғанын өкінішпен айтады [1, 27]. Оның есесіне ақын көркем аудармамен шұғылданып, үлкен іс тындырды: А. Пушкиннің «Балда» шығармасын, М. Лермонтовтың лирикалық өлеңдерін, «Қашқын» поэмасын, И. Крыловтың мысалдарын, Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанын қырғыз тіліне аударды. Алықұл көркем аудармаға машықты қара жұмыс деп қарамайды, биік өнер деп қарайды. Аударма барысында асыл нұсқа авторының әсемдік әлеміне терең бойлап, содан тапқандарына таң болып қарап, тебіреністі

күй кешеді. Мысалы, Шота Руставелидің дастанын аудару үстіндегі хәлін сипаттай отырып, ақын былай дейді: «Поэмадан ажырай алмаймын, көп уақыттарда таңға дейін отырамын. Оқимын, аударамын, таң қаламын, қуанам!.. Дүниеде мен ғана бақыттымын деп ойлаймын!» [1, 27].

1935-1940 жылдары ақынды қанаттандырған сәттер, бақытты еткендей шақтар болғанмен, ол өзі іздеген ақындық айдынына шыға алмайды. Өмірдегі, тұрмыстағы қиыншылықтар, жас, жетім кезінде жабысқан ауру ақын көңіліне көлеңке түсірмей қоймайды. Оның үстіне 1940 жылы баспаға тапсырған кітабына баспа редакторы қырын қарап, қолжазбадағы образды бір сөздің мәнісін теріс тергеп, ақынға саяси айып тағады. Кітап баспаға қабылданбайды. Бұл ақын үшін үлкен соққы болды. Іс онымен де бітпей, ақын бақылауға алынып, тексеруге тап болды. Ұзаққа созылған сарсаң ақынды қажытты. Ол өзімен-өзі болып, кісілермен араласудан тыйылды. Оның үстіне бір үйде соқа басы сопиып, жалғыз қалды. Ақынның үйінен ұзап шықпай, түн қараңғысында ғана есігінің алдына шығып, табалдырығында таусылып отырғанын, көлеңкедей қалқиып, қараңғы түнде үн-түнсіз ішқұса болып жүргенін көргендердің жаны ашыды, жүрегі сыздады [4, 6]. Ақын осындай көңіл күй құшағында бір топ мұң-шер өлеңдерін жазады. Осы тұста (1940 жылы) ақын:

Қош бол, қош бол, ғайып болған жылдарым,  
Парлап ұшқан лашын құстай шақтарым.  
Арты өкініш, алды қызық өмірде  
Аз жасадым, тағы азырақ жасармын [5, 29], –

деп, жүрегінің түбіндегі сырынан хабар береді. Көп жасаймын деп құлшынбайды, аз жасадым, сол жетеді деп тоқмейілсімейді. Өз жағдайын анық біліп, қалған өмірін шамалап, шындықты айтады. Ақын өлеңіндегі шындық көркемдік шындық емес, ақынның өзі зіл-батпан ауыртпалығын арқасына салып көтеріп жүрген, амал жоқ мойындаған, еріксіз қабыл алған шындық еді.

Ақын уақыттың құрсауынан, аурудың қыспағынан әр мезгіл ел ішіне барып, ел мен жер тарихымен, тау мен дала сырымен танысудың арқасында шықты. Манасшылардың өнеріне қанықты. Сауыншының қолынан сүт ішті, жылқышының ауылынан қымыз ішті, қауыншының бақшасынан қауын жеді, бағбанның бағынан жүзім үзді, сайын даласының саф ауасын жұтты, саумал көлінің айдынында жүзіп, толқынымен жарысты. Ел ішінде қабағы ашылды, көңілі аршылды, өмірге құштарлығы артты, шығармашылық күш алды, денсаулығын жақсартты. Ел мен жер тарихын жырлады, тау мен дала шындығын шырқады, өзен мен көл сырын толғады. Ел аузындағы тарихи аңыздарды, жырларды, мақал-мәтелдерді жинап, жазып алумен айналысты. Көк пен жер, тау мен дала, өзен мен көл, тұлпар мен сұңқар жайында, тұлпар сыншысы, сұңқар сыншысы, адам сыншысы, мергеншілік, саятшылық, манасшылық, батыр мен батырлық, емші мен емшілік және басқа салалар бойынша ел аузынан жазып алған аңыздары қырғыз халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, сақтау, насихаттау ісіндегі үлкен жетістік болды. Ақын ел аузынан өзі жазып алған қайбір аңыз желілері қырғыз әдебиетінің асыл қорына қосылған тамаша өлеңдері мен поэмаларының, драмалық шығармаларының тууына негіз болды. Олардың ішінде «Толыбай сыншы», «Қарағұл», «Ақ мөр», «Алдар Көсе», «Домоның қызы», «Жетіген» сияқты ұлттық сипаты анық, халықтық мәні терең көркем шығармалар бар.

1941 жылы соғыс басталғанда, ақын ойы өз басындағы қиыншылықтан ел басындағы ауыртпалыққа ауысады, ел басына күн туғанда, өзінің жеке басының мұңын мұңдаудан кілт тыйылады. Бұған дейін жазған мұң-шер өлеңдерін түгелдей отқа жағып, соғыс жырларын жазады, Отан қорғаушылардың өмір мен өлім арасындағы қаһармандық әрі трагедиялық ахуалын терең тебіреніспен шынайы суреттейді. Мәдениетаралық өрісін кеңейтіп, Шығыс пен Батыс классиктерінің шығармаларын қырғыз тіліне аударады. Олардың ішінде Пушкин, Лермонтов,

Крылов, Гете, Шекспир, Низами, Шота Руставели сияқты алыптардың туындылары да бар еді.

Шығармашылық қуат тауып, серпілгенмен, тұрмыс тауқыметінің ауыр салмағы ақынның еңсесін басып тұрды. Түгелбай Сыдықбеков Алықұлдың өміріндегі осындай кезеңнің бір сәтін былай сипаттады: «Ойшыл ақын Пушкиннен, Шотадан, Гетеден үлгі ала отырып, пайым-парасат қуатын күшейтті, шеберлігін шыңдады. Күрк-күрк жөтеліп, қан түкіріп отырып, шығармашылық еңбектің балдай дәмін татты...» [4, 5].

Тұрмысы төмен, жағдайы жайсыз, денсаулығы нашар болғанына қарамастан, ақын соның бәріне төзді, соның бәріне шыдады. Бәріне төзіп, бәріне шыдап қана қоймай, ойы мен бойынан қайтпас қайрат көзін тапты. Сананы тұрмыс билейтіні туралы дәлелді, дәйекті пікірлер қанша асып-тасып айтылып келгеніне қарамастан, тұрмыс туралы, тұрмыс тауқыметі туралы ақынның өз көзқарасы, дара әрі сара ұстанымы болды. Осы ұстаным, осы көзқарас тұрғысынан ол тұрмыс туралы мынадай жаңа қағида негіздеді:

...Қыян, боран, сел десет,  
Қыян емес, сел емес.  
Ол – бір қуат, адамға  
Тең де емес, кем де емес.

Ол – бір жаздың бұлыты,  
Жауып, қайта ашылған.  
Ол – бір күздің толқыны,  
Толқып, қайта басылған [5, 107].

Поэтикалық ақыл-ой қуатының қайнарынан шымырлап шыққан осы бір сезім толқыны ақынның тұрмыстан көрген өз шындығына, өз өмірінің шынына негізделген. Басындағы шындықтың ауыртпалығын қайыспай көтеруге ерік-жігер тауып қана қоймай, оны серпе көтеріп тастау үшін, жүрек жұтқан батыр рух керек еді. Ақынның дүлдүл таланты бір ернімен жер тіреп, бір

ернімен көк тіреп, ақыл-көзін ашты, жүрек жұтқан қаһарман рух тапты.

Ақын өз өмірінің ауыртпалығын қайыспай көтерді. Адам өмірінің өтпелі екеніне, өз өмірінің қысқалығына, аз жасағанына, тағы да аз жасарына көзі жетіп отырып, шығармашылықтан қол үзбеді, таңды таңға ұрып еңбектенді, бір күніне мың күндік қасиет дарытуға құлшынды.

Әр жасаған күнімнің  
Бір мың күндік салмағы.  
Әрбір өткен жылымның  
Бір ғасырдай ардағы [5, 106], –

жыр жолдарында ақынның өз өмірінің қысқалығына қапа болмай, ауыр тағдырының қилы қиындықтарына қайсар рухпен қасқайып қараған берен болмысының шындығы бар. Аз жасаған, енді жасар аз ғұмырының әр күніне мың күндік салмақ беруге, әр өткен жылына ғасырға жүк болардай мән беруге құлшыну – ақынның шығармашылық өмірінің айрықша мұнды әрі нұрлы ерекшелігі.

1945 жылдан ақынның шығармашылық өмірінің жаңа кезеңі басталады. Бұл кезеңді ақын өзінің шығармашылық өмірінің толған, толысқан кезеңіне балайды [1, 28]. Осы кезеңде ақын «Манас» эпосын, манасшылардың өнерін арнайы сараптайды, «Манас» эпосын сақтаушы, айтушы шығармашылық ірі тұлғалардың өнері туралы бірнеше мақала жазады. Сағымбай Оразбақовтың «Манасты» сақтаушы, жомоқшы (манасшы) ретіндегі еңбегіне зор баға береді. «XX ғасырда жасаған манасшылардың ең көрнектісі, ең күштісі, ең ұлысы – Сағымбай Оразбақұлы... Ол бірдемені үйреніп алып не жаттап алып айтқан емес. Ол – ұлы ақын. Ол – ұлы эпосты түзушілердің бірі... Ол халық әдебиетінің пірі қатарында сезіледі. Ол ұлы Гомердің елесіндей көрінеді» [6, 585-586], – деп толғанады. Бұл толғаныста ақынның «Манасқа», оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ұлы тұлғаға

деген зор құрметті және азаматтық танымының шалқыған алып айдыны бірдей көрініс тапқан.

Ақын өз өмірінің шындықтары негізінде адам өмірі туралы үлкен ой түйді, адам өмірінің адамзат баласының бәріне ортақ ең бір қарапайым әрі ең бір ащы шындығына көз жеткізді:

Адамға адам мейман боп,  
Сыйлайды екенсің.  
Жақын жолдас-жораны  
Жинайды екенсің.  
Жақсы тілек, ақ істі  
Қимайды екенсің.  
Ақ дастархан үстінде  
Шын ниетпен досыңды  
Ал, же, ішкін деп,  
Қинайды екенсің.  
Сөйтсеңдағы өмірге  
Симайды екенсің.  
Қара жердің қойнына  
Біріңді бірің жасырып,  
Жылайды екенсің [5, 80].

Өмірдің шындығында шек те, шет те жоқ. Сол шексіз, шетсіз шындықтың ұшы-қиырын шолып шыққанда, ақын адам өмірінің бас-аяғын тіршілік философиясының болат өзекті өрімімен өріп шығады. Өлеңнің мағыналық-құрылымдық жүйесі екі бөлімнен тұрады: а) адамға адамның қонақтығы, оның басты белгілері; ә) адамның өмірге симауы, бірін-бірі жер қойнына жасырып, жылауы. Бірі адамның еркімен, қалауымен болса, екіншісі адамның еркінен тыс орын алады. Бірінші бөлімнің мағынасы мен екінші бөлімінің мағынасы бір-біріне қарама-қарсы. Өлеңнің композициясы қарама-қарсы мағыналық реңктердің тұтастығымен ерекшеленеді. Ақын өлеңінің ерекше тұтастығынан қарама-қарсы эмоциялық реңктердің поэтикасы түзіледі.

Алықұл 1946 жылы Қойсарыда «Колхоз бақшасы» деген өлеңін жазады. Ақын өмірінің, ақындық өмірдің мәні колхоз бақшасы туралы өлеңде көркем кестеленді:

- Эй, колхоздың бақшасы,  
Бай бақшанда нелер бар?  
- Алма менен өрік бар,  
Анар менен жиде бар.

- Одан басқа нең бар?  
- Қаламы шебер ақын бар.  
- Ал ақынның несі бар?  
- Екі өмір, екі жазы бар:  
Бірін өзім жасаймын дейді,  
Бірін жырым жасайды дейді [5, 126].

Өлеңнің тақырыбына қарап, онда колхоз, колхоздың бақшасы, бағбан және оның жемісті еңбегі туралы айтылатын болар деп ойлауға болады. Бірақ ақын колхоз бақшасы туралы өлеңін мүлде басқа бағытта өрбітіп, ешкім ойына алмаған шешім жасайды. Колхоз деп отырғаны, бақша деп отырғаны колхоз да емес, бақша да емес, өмірдің өзі сияқты елес береді. Өмір болғанда, басқа адамның, басқа ақынның емес, Алықұлдың өз өмірінің елесі. Ақындық ойлаудағы, өлеңнің мазмұнындағы бүркеулі мағына соңғы екі жолдың мәні түсінікті болғанда ғана анықталады.

Қаламы шебер ақын, оның екі өмір, екі жазы бақшаның сөзі түрінде айтылады. Бақшаның жемісі жазда пісіп, күз бойы елдің ризығына айналатыны белгілі. Соған орай бақшаның екі өмірі, екі жазы барын, бірін өзі жасаса, бірін жемісі жасайтынын айтуы артық болмас еді. Бірақ өлеңде екі өмір, екі жаз туралы сөз бақшаның өзінің емес, бақшадағы ақынның сөзі ретінде айтылады. Айналып келгенде, екі өмір, екі жаз бақшаның да, бақшадағы ақынның да шындығы емес, Алықұлдың өзінің шындығы екені белгілі болады. Өмірдің қысқалығын, өз өмірінің одан да қысқалығын сезіп, біліп жүрген ақын бақшаны, бақшаның жемісін көрген сәтте басынан қандай күйді

кешіргенін дәл сипаттау қиын. Әйтсе де оның екі өмір, екі жаз туралы ойына жазғы бақшаны, жазғы бақшаның жемісін көрген сәттегі тебіреністі хәлі негіз болғаны анық.

Ақын 1948 жылы 28 қазанда Шолпан-Атада «Өзімді өзім» деген өлеңін жазған. Өлең ақынның өзіне-өзі түрлі жағдайда қарағаны, содан көргені, сезгені туралы. Ақын әуелі өзін-өзі үй сыртынан тыңдаған болады:

Мен өзімді үй сыртынан тыңдасам,  
Күрс, күрс еткен ауыр жөтел үн шығар.  
Біткен екен қайран өмір, қайран жан...  
Деп бұзылып, көңілім сонда бір сынар [5, 223].

Екінші шумақта ақын өзіне-өзі бір көшеден қарап, өңі қашқан, әлсіз, арық, сәлекет сұлде көргендей болады. Үшінші шумақта ақын өзінің ұйқтап жатқан түрін көргендей болады: өңінде қан жоқ, жансыз өлік сияқты, қан тамырынан жүрегінің әлсіз, әрең соғып жатқанын біледі. Келесі шумақта ақын өзінің өлген кезіне қарап, күлімсіреп керіліп жатқан бір шерді көреді. Өзінің осы қалпына автор мынадай сипаттама береді:

Бұл – ақиқат жазмышына жарасқан,  
Тағдырына рахмет айтқан азамат [5, 223].

Өлең жолдарында ақын өз өмірінің түрлі көріністерінің суретін жасаған. Суреттен ақынның жүрегін жарып, жанын езіп шыққан сырдың сазы сезіледі. Бірақ сол сырдың сазынан автордың қиналысын, қайғысын, өкінішін білдіретіндей сарын сезілмейді. Кейінгі шумақтың сазы да, сарыны да басқа:

Білген білер, білмегенге не шара,  
Менсінген жас мұны кімнен кем көрер?  
Кең пейілді, ашық қолды бейшара,  
Қиын жасап, жақсы жазған көрінер [5, 223].

Осы өлеңді жазған күннің ертеңіне, 1948 жылы 28 қазанда, ақын қаламынан мынадай жолдар туды:

Білмеймін  
Қандай ойда, не ойлайды қатарым,  
Мен өзімнің тағдырыма қапамын.  
Заманымның керегіне жарамай,  
Ерте қурап, мұздап бара жатамын.

Білмеймін  
Қандай ойда, не ойлайды қатарым,  
Мен өзімнің жазмышыма қапамын.  
Қиын күннің пайдасына жарамай,  
Қиған талдай сынып бара жатамын [5, 224].

Денсаулығы төмендеп, өмір шырағының жарығы бірте-бірте әлсіреп бара жатқанын сезіп, біліп отырған ақын мойымайды, арындап алға ұмтылады дегенмен, өзінің көзі жеткен ақиқат алдында дегбірі қашпай, жайбарақат тұрады. Сезімін, ойлары мен толғаныстарын ақыл таразысына салып, соның дегенін қабыл алады. Ақын өз өлеңінде шіп бара жатқан өміріне қимастықпен қараса да, өкінішін, күйінішін сездірмейді. Өмірдің басқа түскен ауыртпалығын сабырмен көтеріп, жүрек әмірін ақылға бағындырады. Соның нәтижесінде ақын өмірінің трагедиялық күйінің жүрек сыздатқан сазы қайсар рухтың арнасынан аспайды.

Мен жасадым өз күніме тарынбай,  
Қара тілек, жаман ойға бағынбай.  
Түк бітірмей өтетінге ұқсаймын,  
Туған жердің ерте жауған қарындай.

Таза жүрдім, қастық іске қабынбай,  
Адал жүрдім, арамдыққа малынбай.  
Достарыма әппақ болды тілегім  
Туған жердің әппақ ақша қарындай [5, 225].

Ақын өлеңінен айналасымен, туған жерімен, достарымен қоштасу сарыны сезіледі. Өмірінде жасаған істері, амалдары туралы өзіне, еліне, келер ұрпаққа есеп бергендей қалып танытады, қысқа ғұмырында атқарған

істерінің аздығына, көп ісі атқарылмай қалып бара жатқанына, көп тілегіне жете алмай кетіп бара жатқанына өкініш білдіргендей күй аңғартады, туған жеріне, еліне, достарына ақ, адал болғанын дәтке қуат етеді, медеу тұтады. Ақынның өлеңінде көрініс тапқан сабырлы сыр оқушы жұрттың көңілінен тебіреністі күйдің көзін ашады. Ақын өз өлеңінде толқыған, шалқыған сезімін ашық білдірмей, барынша жасырып баққан. Шынында өлеңде толқыған көңілдің сарыны бар да, шалқыған сезім жоқ. Өлеңдегі толқыған көңілдің сарыны оқушының көңіліне жеткенде ғана ақынның өлеңіндегі жасырынулы жатқан шалқар сезім еркіндікке жетіп, кең тыныс алғандай болады. Бұл – Алықұл Осмоновтың өмір шындығын шынайы, көркем суреттеудегі кемелдігінің нәтижесі.

Ақынның шығармашылық мұрасы жанрлық құрамы жағынан алуан түрлі: поэзия; проза; драма; аударма. Солардың ішінде өлеңдер мен поэмалардың алатын орны үлкен. Ақын шығармаларына арқау болған құбылыстардың, оқиғалардың мезгілдік және мекен аясы кең: тарихи өткен дәуірден ақынның өз заманына дейінгі мерзімді, өз ауылынан бүкіл әлемге дейінгі кеңістікті қамтиды. Бір шығармаларында тарихи оқиғалар суреттеледі, екінші бір туындыларында ақынның өз өмірінің, өз заманының шындықтары көрініс табады, енді бір шығармалары тарихи аңыз, халық ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделеді.

Ақынның көзі тірісінде бірнеше жыр кітаптары баспадан шықты: «Таңдағы жырлар» [1935], «Жұлдызды жастық» (1936), «Шолпанстан» (1937), «Махаббат» (1945), «Жаңа жырлар» (1946), «Балалар үшін» (1947), «Менің жерім – жырдың жері» (1947), «Соғыс жырлары», «Менің үйім» (Орыс тілінде. Москва, 1950). «Ата жұрт (Жарияланбаған жырлар)» 1958 жылы жарық көрді. Бірнеше пьесалары мен көптеген аудармалары жарияланды.

А. Пушкиннің, М. Лермонтовтың, И. Крыловтың, Шота Руставелидің, Абайдың, Шекспирдің, Гетенің шығармаларының мазмұны мен мәнін, ажары мен көркін

тану, ел мен жер тарихымен табысу, халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін, музыкалық фольклорын, қол өнері ескерткіштері үлгілерін жинап, пайымдау ақын өміріндегі өнегесі өрісті нағыз шығармашылық мектеп болды. Осы мектепте ол өнердің поэзия, музыка, сурет секілді үш саласының тереңіне бойлады. Түгөлбай Сыдықбеков айтқандай, өлмес өнердің үш арнасын бірдей сүйген, бірдей танып, бірдей бағалай білген Алықұл Осмонов пайымды, көреген, сезімтал, ең талайлы ақын болып, кемеліне келді, қырғыз поэзиясын биікке көтерді, заманының ұлы классиктерінің қатарынан орын алды [4, 17].

Ақын ұзақ жасамады, отыз бес жасында дүниеден өтті. Шығармашылық өмір жолы одан да қысқа болды. «Алықұлдың шығармашылық жолы өзінің ақындық шеберлігін арттыру үшін болған күрестің жолы» [7, 6] болды. Ақынның «өлмес-өшпес мұрасы, шалқар поэзиясы мезгілмен күш сынасып, қырғыз елінің, қырғыз жастарының мәдени байлығына, жан азығына айналды» [8, 5].

Алықұлдың лирикасы туралы монографиялық еңбек жазған Р. Кыдырбаева ақынның қырғыз лирикасын дамытудағы еңбегін әділ бағалады. Алықұл Осмоновтың шығармашылық мұрасы қырғыз әдебиеттану ғылымының шоң тұлғасы Абдықадыр Садықовтың зерттеуінде арнайы қарастырылды. Ғалымның «Алықұл Осмоновдун поэзиясындағы традиция жана новаторлук» (Фрунзе, 1962) деп аталатын монографиясында ақынның поэзиясы мынадай бірнеше сала бойынша зерттелген: а) ақынның халық әдебиетінің жанрлық үлгілерін, сюжет және көркемдік бейнелеу құралдарын пайдалануы мен жаңашылдығы; ә) ақын шығармашылығындағы көркемдік шеберлік мәселелері; б) алықұлтану ғылымының пайда болуы және дамуы; в) ақын шығармашылығындағы халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет дәстүрлерінің қарым-қатынасы; г) ақынның поэмалары; д) ақынның поэтикалық сөздігі т.б. Зерттеуші тиянақты талдаулары мен сараптаулары негізінде Алықұлдың қырғыз әдебиетіндегі

орнын жоғары бағалап: «А. Осмонов кыргыз әдебиетінде дәстүрді жаңашылдықпен шебер жалғастыра отырып, поэзияның ең соны үлгісін қалыптастырған суреткер қатарында бағаланады және әдебиет тарихында, жалпы кыргыз мәдениетінде ардақты орындардың біріне ие» [9, 136], – деп қорытынды жасады.

Қыргыз әдебиеттанушыларының Алықұл Осмоновтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы талдаулары мен саралаулары негізді, ойлары мен пікірлері дәлелді. Сонымен қатар кыргыз ғұламаларының еңбектерінің өзегінде Алықұлдың шығармашылық мұрасына да, өзіне де құрмет бар.

Ақын 1945 жылы жарық көрген «Махаббат» деп аталатын кітабында:

Сүйүү деген сүйүү емес еринден,  
Сүйүү деген – сүзүп өтүү деңизден [5, 78] , –

деп жазды. Сүю, сүйіспеншілік туралы ақынның өз ұстанымы, жеке көзқарасы болды. Сол көзқарас ақынның поэтикалық концепциясының негізіне айналды.

Ата жұртқа арналған өлеңдерінің бірінде ақын:

Жылы киін, жолың қиын, үсірсін,  
Қыс та қатты, боран ұлып, қар үріп.  
Суығыңды өз мойныма алайын,  
Жол қарайын, тоқтай тұршы, Ата Жұрт!

Түндер жаман, қырсық салып кетпесін,  
Нәлет келіп ат тізгінін шарт бұрып...  
Азабыңды өз мойныма алайын,  
Із қарайын, тоқтай тұршы, Ата Жұрт!

Жазда басқа, жел тимесін, абайла,  
Көп те тұрмас көкті жапқан сұр бұлыт.  
Бар дертіңді өз мойныма алайын,  
Сен ауырма, мен ауырайын, Ата Жұрт! [10, 267], –

деп жазды. Өлеңнен Ата Жұртқа деген сүйіспеншілік сезімінің нұры шалқиды. Ақын Ата Жұртына үлкен жолға

алғаш шығайын деп тұрған жасөспірім туған баласына қарағандай шексіз мейіріммен, ұлы қамқорлықпен қарайды. Ұлы жолдың қиындығын, қатты қысында ұлыған боранының, үрген қарының бар азабын өзі алып, Ата Жұртының жолына амандық тілейді. Жолда жабысар ауруын да өзіне алып, Ата Жұртының ауырмауын, аман-сау болуын тілейді.

Поэзияда Отан туралы оттай ыстық сүйіспеншілік нұры шалқыған небір өлең, жыр бар. Бірақ Алықұл айтқан сөзді қырғыз поэзиясында ешбір ақын айта алған жоқ. Бұл сөзді осы қалпында басқа ақын айта қалғанда да ол оның имандай шын сөзі емес, поэтикалық сөзі болып шығар еді. Ақынның Ата Жұртқа деген шексіз сүйіспеншілігі – оның өмірінің нақты ақиқат шындығын танытатын шын сезім. Алықұлдың Ата Жұртына: «Бар дертінді өз мойныма алайын, Сен ауырма, мен ауырайын», – деген сөзі – оның имандай шын сөзі. Алықұлдың имандай шыны аясында оның Ата Жұртқа деген айырықша поэтикалық пафосқа оранған сүйіспеншілік сезімі жан тебіренерлік қасиетімен ерекшеленеді.

Ақынның елге қатысты, елдің жеріне, суына, аспан әлеміндегі жұлдыздарына, аты аңызға айналған адамдарына қатысты, сондай-ақ елдің балаларына арнаған жырларының бәрі оның елге, халыққа, Атамекенге деген ыстық сүйіспеншілігінен туған. Ақын шығармаларының әрқайсысының тууына негіз болған сүйіспеншілік автор үшін теңізден жүзіп өтумен парапар болған.

Алықұл Осмоновтың ақындық қуатының қайнар көзі – оның елге, халыққа, Атамекенге деген оттай ыстық сүйіспеншілігі. Жетімдікпен, аурумен, жалғыздықпен, жоқшылықпен, бейнетпен өткізген қысқа ғұмырында ақындық өнердің биік шыңына көтерілу елін, халқын, Атамекенін шын жүректен сүйген ақынның ғана қолынан келмек. Алықұл Осмонов – ақындық өнердің биік шыңына көтерілген ақын.

Алықұл Осмоновтың поэзиясы туралы қырғыз әдебиетшілері «қанатты поэзия» деп өте орынды айтады.

Алықұл Осмоновтың поэзиясы – қанатты поэзия, ал Алықұл Осмоновтың өзі – қанатты ақын. Алықұл Осмоновтың поэзиясының қанаты – қыран поэзияның қанаты, Алықұл Осмоновтың қанаты – қыран ақынның қанаты.

Алықұл Осмоновтың ақындық өнерінің мазмұны нәрлі, пішіні әрлі. Нәрлі мазмұн мен әрлі пішін бір-біріне сай, өзара жарасып тұтасқанда, ақын әлемінің тамаша табиғаты көзге түседі. Ақын әлемінің төрінде – ел өмірі, адам тағдыры. Ел өмірінің де, адам тағдырының да қиыншылығы, ауыртпалығы бар. Ақынның лирикалық кейіпкерлері мен эпикалық қаһармандары осы қиыншылыққа төзіп, осы ауыртпалықты қайыспай көтереді.

Ақын өз қаһармандарының бейнесін бедерлі жасады. Оның кейіпкерлерінің адамшылық қасиеттері халықтың, ұлттың асыл рухани құндылықтарына негізделеді. Ел өмірін, адам тағдырын халықтың, ұлттың асыл рухани құндылықтары негізінде келісті бейнелеу – Алықұлдың ерекше ақындық жетістігі. Алықұл Осмоновтың көркемдік әлемі қайталанбас ерекше ақындық жетістіктердің жарық нұрымен әдемі.

Залқар ақын:

Бар бололу, түгөнбөйлү, курдаштар,  
Узак, узак, узак болсун бул сапар.  
Кылым бүтүп, дүйнөдөн жок болсок да,  
Кайра кайтып, жолугушчу жолдор бар [10, 254], –

деп жазған. Бүгін ақынның осы даналық сөзін тағы қайталап айтсақ артық емес. Бүгінгілерді ақынмен «кайра кайтып, жолугушчу жолдор» – ақынның еліне, халқына, Атамекеніне деген ыстық сүйіспеншілігі. Ақын өзі мен өзінен кейінгі ұрпақты жолығыстыратын жолды осы сүйіспеншілігі арқылы өзі салып кеткенге ұқсайды.

## ӘДЕБИЕТ

1. Осмонов А. Жазуучулук баяным // Осмонов Алыкул. Тандалган чыгармалар. I том / Түзгөн Мундузбек Тентемишев. – Бишкек: Салам, 2014. – 25-29-б.

2. Осмонов А. Менин окутуучум // Мезгил жана Алыкул. Макалалар, каттар, эскерүүлөр / Түзгөн Памирбек Казыбаев. – Фрунзе: Адабият, 1990. – 77-78-б.

3. Токомбаев А. Эстеликтен // Мезгил жана Алыкул. Макалалар, каттар, эскерүүлөр / Түзгөн Памирбек Казыбаев. – Фрунзе: Адабият, 1990. – 137-139-б.

4. Сыдыкбеков Т. Акындын элеси // Осмонов Алыкул. Тандалган чыгармалар. I том Түзгөн Мундузбек Тентемишев. – Бишкек: Салам, 2014. – 3-23-б.

5. Осмонов Алыкул. Чыгармалар жыйнагынын үч томдугу. I том. Ырлар, поэмалар / Китепти коомдук башталышта түзгөн Жапаркул Алыбаев. – Фрунзе: Кыргызстан, 1984. – 596 б.

6. Осмонов А. Сагымбай Оразбаков // Осмонов Алыкул. Тандалган чыгармалар. II том / Түзгөн Мундузбек Тентемишев. – Бишкек: Салам, 2014. – 585-589-б.

7. Умөталиев Ш. Алыкул Осмонов // Осмонов Алыкул. Тандамалуу ырлар жана поэмалар. – Фрунзе: Кыргызстан мемлекеттик басмасы, 1954. – 5-31-б.

8. Бобулов Камбаралы. Миң сырлуу поэзия // Осмонов Алыкул. Чыгармалар жыйнагынын үч томдугу. I том. Ырлар, поэмалар / Китепти коомдук башталышта түзгөн Жапаркул Алыбаев. – Фрунзе: Кыргызстан, 1984. – 5-26-б.

9. Садыков А. Кыргыз залкарлары. Беш тодук. I том. Алыкул Осмонов, Сүйүнбай Эралиев. – Бишкек: Бийиктик, 2008. – 372 бет.

10. Осмонов А. Чыгармалар жыйнагынын үч томдугу / [Коомдук башталышта түзгөн Ж.Алыбаев; редкол.: Т. Умөталиев (башкы ред.) ж.б.]. – Ф.: Кыргызстан, 1984. I том. Ырлар, поэмалар. – 1984. – 296 б.

11. Осмонов А. Чыгармалар жыйнагынын үч томдугу / [Түзгөн Ж. Алыкулов; сүрөтчүсү Ү. Өмүров; редкол.: Т. Умөталиев (башкы ред.) ж.б.]. – Ф.: Кыргызстан, 1985. II том. Ырлар, драмалар, легендалар. – 1985. – 344 бет.

## АДАМЗАТТЫҢ АЙТМАТОВЫ

### Шыңғыс Айтматовтың психопоэтикасы

Психопоэтика – поэтикадағы күрделі, синкретті, пәнаралық сала. Шыңғыс Айтматовтың психопоэтикасы аясында әдеби шығармадағы адамның жаны мен тәні, іші мен тысы арасындағы сабақтастық, олардың көркемдік-эстетикалық қызметі қарастырылады. Адамның шындығы оның мынадай қырлары арқылы ашылады: а) жаны (іш); ә) тәні (тыс). Іш пен тыс әдебиеттанудағы психологиялық талдаудың аналитикалық және синтетикалық түрлеріне сәйкес келеді [1, 156]. Адамның сөзі мен іс-әрекеті де адамның шыны мен сырын танытатыны анық. Бірақ бұларды да жан мен тән шегіндегі құбылыстар қатарында қабылдаған дұрыс. Өйткені психопоэтика жүйесінде әдеби шығармадағы адамның сөзі де, іс-әрекеті де ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ш. Айтматов шығармаларында жан құбылуларынан жанның өз шындығымен қатар тысқы шындықтың сыры танылады, тәннің құбылуларынан, сыртқы іс-әрекеттен жанның жайы аңғарылады.

Психопоэтиканың көркемдік-эстетикалық қызметі көркем әдебиеттің басты ерекшеліктерін анықтайды. Көркем әдебиетте адам өмірінің, адам қоғамының шындығы суреттелетін болғандықтан, психопоэтикалық бейнелеу құралдырын әр жазушы пайдалануға ерікті. Бірақ психопоэтикалық бірбүтін кемелдікке жеткен жұлдызы

жарық жазушы сирек. Ш. Айтматов – көркем әдебиет әлеміндегі осындай жұлдызы жарық жазушы.

Жазушының «Жәмила» повесіндегі кейіпкерлердің бәрі де дара, типтік тұлға деңгейінде сомдалған. Қазақ әдебиетінің алыбы Мұхтар Әуезов – Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесі» туралы алғаш пікір айтқан адам және алғаш жоғары баға берген адам. Қырғыздың жас жазушысы Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесінде адам өмірінің терең шындығын, адам жанының асыл сырын, нәзік сезімін суреттеуде шынайы шеберлік барын М. Әуезов сүйсініп, разы болып айтты [2, 301]. «Жәмила» повесі, академик Абдылдажан Ақматалиевтің пікірінше, жазушының атақ-даңқын бүкіл әлемге шығарды [3, 353]. Ш. Айтматовтың атын әлемге танытқан повестің басты көркемдік ерекшелігі психопозтикалық даралығында еді.

«Кіші үйде кіші анам мен оның келіні ғана қалды. Ол екеуі де ертеден қара кешке дейін колхоз жұмысында. Кіші апамды ауылдағылар іскер деп атайды. Ол өзі бір дүниеде теңдесі жоқ қарапайым тамаша адам. Ешбір бригадирмен бет шайыспай, жұмсаған жағына барып, жас әйелдермен бірге арық та шабады, егін де суарады. Әйтеуір қолынан кетпен түспейді» [4,12].

Үзіндідегі әр сөйлем, әр сөйлемдегі әрбір сөз өзінің нақты, анық мағынасымен дараланады. Тілдегі белгілі көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың өзі де қарапайым қалпымен ерекшеленеді. Жазушының жазу мәнерінен, сөз бастап, ой тарту жүйесінен де қандай да бір болмасын жылт етпе, баянсыз, оқшау тыныс сезілмейді. Суреттелініп отырған құбылыстың, ауылдың еңбекқор адамдарының сипатында да елден ерекше ешқандай сыр жоқ. Қолынан кетпенін түсірмей, еңбектене білгеннен өзге ерекше ісі де көзге шалынбайды. Қарапайым. Жазушының кейіпкері ғана емес, суреттеу, баяндау стилі де сондай теңдесі жоқ қарапайым. Әдеби шығарманың қарапайым мазмұны мен қарапайым пішінінің тұтастығынан адам мен заманның шындығы өріліп шығады. Жазушы шығармасында көрініс тапқан шындықты қарапайым шындық деуден гөрі ұлы

шындық деген дұрыс. Өйткені қаламгер адамның басына күн туған, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық бетпе-бет келіп тірескен сәттегі трагедиялық хәлі мен қаһармандық рухының шындығын бейнелейді. Жазушы адамзат басына туған күннің, адамзат көтере алмас жүктің ауыртпалығын жеке адамның тағдыр-талайы деңгейінде бейнелеу арқылы адам өмірінің ұлы шындығының, ұлы сырының мәнін ашады.

Лирикалық кейіпкер кіші апасының болмыс-бітімі, мінез байлығы, оның жайсаң жаны туралы ойларын толғай отырып, кіші анасының келіні, өзінің жеңгесі жайлы сөзге ауысады: «Оның келіні Жәмила, құдай өзіне біліп бергендей, ол да қайратты, мықты келіншек» [4, 12].

Мұны айтып отырған кейіпкер де кезінде жас өспірім азамат болған. «Әлі де есімде, – дейді ол. – Жас өспірім мен сонда қарулы жігіттер көтеретін қаптарды арқама салып, оның аузын тісіммен тістеп, жоғары шығып бара жатқанда, қабырғам қайысып, көзім қарауытады. Аяқ басқан сайын траптың тақтайлары майысып, қамбаның шаңды ауасы өкпені қысады...» [4, 29].

Шығармада осылай қабырғасы қайысып, жұмыс соңында жатар орнына шалдығып жетіп, сүріне жығылып жүрген бозбаланың адамгершілік сезімі өлшеусіз бай, ойы мен тілегі адал, баянды.

«Алдымда Жәмила жеңгем кетіп бара жатыр, – деп еске алады кейіпкер. – Ол етегін жоғары қыстырып алған, кара торы толық балтырының бұлшық еттері бұлтиып, тамырлары үзіліп кететіндей көрінеді. Жүгін жеңілдетейін дегендей, Жәмила қаптың астында бүгіле иіліп, аяғын жылдам-жылдам басады. Кейде менің әлсіреп бара жатқанымды сезгендей, ол тоқтап қалады да:

«– Шыда, кішкене бала, аз қалды енді! – деп қояды, бірақ өзінің де үні сонда әлсіз шығады» [4, 29].

Жазушы образын жасаған адамдардың ісі, әрекеті, қимылы жан шындығымен, сезім сырымен сабақтас. Олар астық толы қаптардың ауыр салмағы астында жаншылып кете жаздап, майысып бара жатып та, бірін-бірі жанымен,

адамдық махаббатымен жебейді, сүйеп демейді. Кейіпкерлердің ауыр жүктің астында белдері бүгіліп, қабырғалары қайысып бара жатып бір-біріне демеу болуы - трагедиялық және қаһармандық ахуалдың көрінісі. Трагедиялық һәм қаһармандық ахуал жағдайында ел басына туған күннің ауыртпалығын аянбай көтеру – соғыс пен бейбітшіліктің, өмір мен өлімнің, еңбек пен бейнеттің мәнін терең ұғынған, ойы мен сезімі таза, адал, опалы жандардың ғана қолынан келетін іс. Еңбектің қасиетін біліп, ой мен тілектің тазалығының, істің адалдығы мен баяндылығының қадіріне жете алған кісі жазушы шығармасында бейнеленген өмір шындығының маңызы мен мәнін де түсінеді. Сонымен бірге автордың қаламынан туған осы суреттен әр оқушы әр түрлі мән-мағына табатынында сөз жоқ. Астық толы қаптардың астында бүгіліп, ауыр салмақтан түскен қысымнан белі үзіліп, балтыры жарылып кете жаздап келе жатқан жандардың суретін жалпыландырып, белгілі дәрежеде дерексіздендіріп қарағанда, бұл көріністің көзге көрінбей тұрған мәні ашылғандай. Жәмиланың белі қайысып, балтыры жарылып кетердей болып көтеріп келе жатқаны – өмірдің ауыртпалығы. Астық салынған ауыр қапты жалпыландырып қарағанда, осылай деп айтудың еш артықшылығы жоқ. Жәмиланың белі қайысып, балтыры жарылып кетердей болып көтеріп келе жатқаны өмірдің ауыртпалығы екендігі туралы ойда ақиқат шындықтың бейнесі бар. Отан алдындағы, от басы алдындағы, ел алдындағы адамшылық парызға адалдық, өмірдің иілген жақ секілді тар соқпағында тіршіліктің ауыр жүгін сүрінбей, таймай көтеріп өту – қаһармандық рухтың көрінісі. Өмір жолын ақиқаттан, әділеттен, адамшылықтан таймай жүріп өтудің осындай салмағы, ауыртпалығы болады. Оған екінші бірі шыдай алмайды. Жәмиланың арқалап көтеріп келе жатқан жүгінің осындай мәні бар. Қарапайым еңбек адамының өмірдің тар жолынан ақиқаттың, әділеттің, адамшылықтың ауыр жүгін аман-есен көтеріп өтуі – қиямет қайымның қыл

көпірінен өткендей қауіпті де қатерлі, бірақ абыройлы, адам деген атқа лайықты іс.

Өмір – адам баласы үшін бағасына байлық жетпес құндылық. Бағасына баға жетпес осы құндылықтың түпкі мәнін біреу біліп, біреу білмейтіні анық. Өмірдің бағасына байлық жетпес құндылық екенін ұққан адам өмірде ақиқаттан, әділеттен, адамшылықтан таймай өтудің қадірін де біледі. Өмірде ақиқаттан, әділеттен, адамшылықтан таймай өтудің қадірін білмеген адам өмірдің қадіріне жетпейді.

Повесте жаралы аяғын сүйреп басып жүрген Даниярдың азаматтығы оның еңбекке тікелей қатынасы, ісі арқылы танылады. Қап емес, астық толы қанар арқалап, траппен жоғары көтеріліп бара жатқан Даниярға көзі түскенде, онымен қатар, оған ілесі қап арқалап келе жатқан жұрттың әрқайсысы тебіренеді: қанар қапты көтерген Данияр емес, өзі секілді, қанар қап толы астықтың астында сыздап, сырқырап ауырған жаралы аяқ Даниярдың аяғы емес, өзінің аяғы секілді, Данияр теңселгенде, өзі теңселгендей, Даниярдың көзі қарауытқандай болғанда, өзінің көзі қарауытқандай күйге түседі. Бәрі де Даниярға күш-қуат тілеп келе жатады. Бәрі де Данияр көтеріп келе жатқан қанар қаптың ауыр салмағының астында өздері келе жатқандай сезінеді. Егер Данияр жазатайым құлап кетсе, онымен бірге өздері құлайтындай.

«Теңселіп жығыла жаздағанда, ол тоқтап қалып күш жинап, қайтадан алға жүреді. Даниярдың артынан келе жатқандар оның ығына көніп, ол тоқтағанда тоқтап, ол қозғалғанда қозғалады. Даниярға қарайлап, олардан да әл кеткен. Қара терге түсіпті. Бірақ бірі де оны сен деп тіс жарып тілдеген жоқ. Асудың тайғақ жолында бірін-бірі ұстап, демеп келе жатқандай, қап көтергендер үнсіз әрекетте. Егер де бірі жазатайым құлап түссе, басқалары да оның артынан ұшып кететіндей. Олардың осы үнсіз қимылында қандай да бір ауыр ырғақ, бір ауыздан шыққан дем бар. Даниярды өкшелеп келе жатқан әйел аяғы бір-біріне шалысып, жығылуға аз-ақ қалып келеді. Бірақ ол

кұдайдан өзіне емес, Даниярға қуат сұрап, ол үшін аруақтарға сыйынып жатқан тәрізді, оған жаны ашып қарайды» [4, 34].

Жазушы шығармасындағы осы шағын көріністе өмірдің, адам өмірінің айдын-шалқар көлдей шалқыған шындығы көрініс тапқан. Шындық та, шындықтың суреті де шағын болғанына қарамастан, жазушы өз сөзіне керемет, ұлы мазмұн дарытқан. Ақиқат, әділет, адамшылық жолындағы абзал адамдардың жүгі әрқашан ауыр және олар әрқашан бір-біріне демеу болады, бір-біріне жақсылық тілейді. Адамның өзіне тілеген жақсылықты өзгеге де тілеуі – адамшылықтың алды. Адамның ауыр жүк көтеріп келе жатып, өзінен бұрын өз жүгінен де ауыр жүк көтеріп келе жатқан басқа адамның тілеуін тілеуі – адамшылықтың шырқау биігіндегі қасиет. Өмірдің бағасына байлық жетпес құндылығы осында.

Өмірде адамдардың өзіне тілеген жақсылықты басқаларға да тілеуі оңай емес. Өйткені адам баласының бойында өзімшілдік сезімі бар, адам баласының өз бойындағы өзімшілдік сезімін жеңуі қиын. Өзімшілдік бар жерде адам алдымен өзін ойлайды. Ш. Айтматов суреттеп отырған оқиға да, жол да, жағдай да басқа. Жазушы адамның жүрегінің тереңінде жататын асыл шындығы бар жарығымен, бар қуатымен ашылатындай айрықша ахуал жасайды. Онда адамдардың бәрі бір жағдайда және бір жолдың үстінде: бірі тайса, қалғандары да сау қалмайды. Сондықтан әркім Жаратқаннан өзіне де, өзгелерге де қолдау тілейді. Жоғарыдағы қамбаға алып баратын жалғыз аяқ жол тақтайдан жасалған. Жалғыз аяқ жолдың үстінде қап астында қайысып, қаздай тізіліп келе жатқан жандардың өздерін қоя тұрып, алдарындағы Даниярдың тілеуін тілеуі, соғыстан бір аяғынан жаралы болып келген осы бір жайсаң жанның құлап кетпеуін Жаратқанға жалбарынып тілеуі – адамшылық жолындағы абзал жандардың бір-біріне жан-жүректен жақсылық тілеуі. Адамдардың арқаларындағы жүк пен азаптың ауыртпалығынан белі бүгіліп, балтыры сыздап, жарылып

кете жаздап келе жатып бір-біріне амандық, жақсылық тілеуі, тіпті өзін қоя тұрып, алдындағы жүгі ауыр жанның тілеуін тілеуі – адамзат баласының жаратылысындағы теңдесі жоқ асыл қасиет. Адамзат баласының жаратылысындағы теңдесі жоқ асыл қасиет теңдесі жоқ айрықша ахуал жағдайында ғана ашылады. Жазушы «Жәмила» повесінде адам баласының жаратылысындағы адамнан басқада болмайтын, дүниеде теңдесі жоқ асыл қасиеттің сырын танытты.

Халықтық танымға сай пайымдағанда, төрт мүшесі түгел, дені-қарны сау, тепсе темір үзетін жігіт қандай ауыр жұмысты да жатсынбауға тиісті. Ондай жігіт үшін көпшілікпен бірге қандай ауыр деген жұмысты атқару да мейрам секілді қуанышты болуы мүмкін. Мына жерде қап арқалап келе жатқан барша жұрттың Даниярдың тілегін тілеуінде, Жаратқаннан соған қуат сұрауында, тіпті қайсыбіреулерінің оған жаны ашып, жүрегі езіліп қарауында ешқандай да мейрамдық белгі, қуаныш нышаны жоқ. Жан мен тәнге қатар түскен зіл-батпан ауыртпалық бар. Соғыс ауыртпалығы. Өмірдің ауыртпалығы. Даниярдың қанар астында көзі қарауытып бара жатуы, «кемтар аяғының икемге әзер келіп, сүйретіліп қалуы», «маңдайындағы қан тамырлары жарылып кететіндей білеуленіп, көзіне қаһар мен жас толуы», қап көтерген Жәмиланың «қара торы толық балтырының тамырларының ауыр салмақ қысымынан үзіліп кетердей білеуленіп сыртқа тебуі» – бұл да ел басына күн туған уақыттың тауқыметі, бұл да өмірдің ауыртпалығы, жанға, рухқа түскен ауыртпалықтың сыртқы көрінісі.

Соғыстың лаңы, зіл-батпан ауыртпалығы, қазасы мен азасы жасқа да, қартқа да, әйелге де, еркекке де ортақ еді. Осы барша жанның басына қатар түскен ауыртпалықты повестегі азаматтар бірдей көтереді. Жас едім, әйел едім деп немесе қарт едім, жарадар едім деп сырғақсыған, ауыртпалықтан аулақтап, жүгін жеңілдеткісі келген, жеңілдік іздеген жан болмайды. Соғыс зобалаңы қанша шырғалаңға салғанмен де, адамдар бір-біріне мейіріммен,

аянышпен караудан қол үзбейді. Қиын-қыстауда жасы да, жынысы да, әлеуметтік жағдайы да әркелкі азаматтардың ой-тілегі мен іс-әрекеттерінің бір бағыт, бір арнадан табылуы олардың қайғы-мұңының немесе қуанышының, ісінің ортақтығында ғана емес, мұрат-мақсатының да бірегей тұтастығында еді. Повесте адамдарды бір-бірінен алыстататын сезім емес, оларды бір-бірімен туыстастыратын, өзара табыстыратын сезім сырының жырлануы, осы сырдың ардақталуы – жазушының шығармашылық даралығының көрінісі.

Жазушының шығармасында соғыс жылдарындағы ауыл адамдарының ауыр бейнетімен қатар олардың рухани ұлылығы, жан-сезімінің өлшеусіз ізгілігі, байлығы да суреткерлік шеберлікпен көрсетіледі. Сай-сүйекті сырқыратып езген ауыр жүктен бір сәт иығы босай қалғанда, бұлардың мұңы мен сағынышын, алданышы мен арманын әнге қосып, сол ән-жырымен, жан сырымен тау мен даланы түгел баурап, ән-жырдың өзі секілді қалықтап тұрып алатыны да бар. Бұл – адам жүрегінің тереңінде жататын асыл шындығы бар жарығымен, бар қуатымен ашылатындай екінші бір айрықша ахуал. Мұнда адамдар бір жағдайда, бір табиғаттың бауырында, бір жолдың үстінде және бір әннің құшағында бірдей тербеледі. Айрықша ахуал жағдайында жазушы кейіпкерлерінің ішкі дүниесінің, рухани әлемінің осындай айрықша ажарын, олардың жан сұлулығын, сезім нұрының тазалығын тамылжыған тамаша қалпында суреттейді. Шырқаған, тыңдаған әні мен жырынан осы сұлулық пен осы тазалықты тапқанда, адамдар өздерінің рухани туыстығына тағы да көз жеткізеді, бір-біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігінің тереңдей түскенін, арта бергенін сезеді. Ән арқылы Данияр өз махаббатын, елге, тауы мен даласына деген сүйіспеншілік сырын ашады. Даниярдың әнін тыңдап, жаны толқыған, жүрегі тебіренген жандар туған тауы мен туысқан даласын бұрынғыдан да отты, парасатты махаббатпен сүйеді.

«О, айналайын, кең далам! Қазақ бауырым жайлаған алып далам!» – деп сыр ашады олардың ұлы дос жүрегі.

«Мінеки, біздің тауларды екі жаққа ысырып тастап, ши мен көдеге ырғалып, ұшы-қиыры жоқ шексіз теңіздей көсіліп жатырсың. Кім біледі сенің қойнында жатқан күшті! Жарықтық, сыртыңнан қарасақ, ешбір өмір белгісі жоқтай томсарып жатқаның.

Даниярды тыңдап отырып, алдында көсіліп жатқан кең даланы, адам баласы соншалықты сүйгені үшін, жата қалып, оны өз анаңдай қатты құшақтап, өпкің келеді» [4, 41-42].

Даниярдың әні лирикалық кейіпкердің қиялын қозғап, арман-тілегін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оны өмірдің сырын ұғуға, оған, тауы мен даласына қызмет етуге, ауылдастары мен отандастарының бақыты, қуанышы үшін тер төгіп, еңбек етуге құлшындырады. Азамат үшін туған даласын туған анасындай аялап, сүйуден артық қасиет дүниеде кем де кем-ақ болар. Анасын, анасы мен атасы туған, өз кіндік қаны тамған тауы я даласын шын ардақ тұтып, құрметтей білу де азаматқа ғана тән ірі қасиет. Мұндай қасиетті ұғымнан, мұндай ардақты сезімнен сыртқары тұрып, адаммын, азаматпын деу не өзгеге адамдық, азаматтық туралы ой айту, тіпті бұл секілді асыл ұғымдар туралы асыл сөздерді түсініп тыңдау мүмкін емес.

Ш. Айтматов кейіпкерлерінің бірі өмірге, туған Отанына деген ақ махаббатын шырқап әнге қосса, енді бірі сол әндегі жанды елжірететін ұлы махаббатқа, «өмірдің өзіне, жан беріп, жан жаратқан жерге, жарық дүниеге деген ешбір өлшемге сыймайтын үлкен махаббатқа» [4, 39] тәнті болады. Соған бас иеді. Бұл – әнге деген, әндегі ұлы сүйіспеншілікке деген қошемет болумен бірге, сол әннің, ән арқылы жарық дүниеге шығып, желбіреп жоғары шырқаған ұлы махаббаттың иесіне, азаматқа деген құрмет еді. Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесі – адамға, адамзатқа деген осындай ұлы сүйіспеншілік пен ұлы құрметтен туған шығарма.

Жұмыс арасындағы қысқа демалыс сәттерінің тұсында ауыл жігіттерінің бірі Жәмилаға әзілдеп қол артпақ болып, қатты тойтарыс табады. Жігіттің тоқмейіл,

оспадарсыз сөзі Жәмиланы ашынтып, іштей буырқантып, шынын, ащы шынын айтуға мәжбүр етеді.

«– Өлсем өліп жүрген шығармын – құдайдың басқа салғаны! Маңдайымызға жазғаны осы болса, қайтеміз. Сен, ақымақ, оған несіне күлесің, оның несін табалайсың. Көзім қарауытпақ түгіл, мың жыл осылай өтсем де, сен сияқты сілімтірге түкірмеймін де!..» [4, 18].

Жәмиланың ойы мен сезімін тербеп жүрген сырдың кейбір тарамдарын жазушы осылайша оның өз сөзі үстінде ұтымды ашып береді. Алайда Жәмилаға мұндай бір сыр, бір зар сипатты шындықты шіміркентпей айтқызып тұрған олақтың оспадарлығына ашыну ғана емес.

Жастығы жалғызсыратып, жалқы өтіп бара жатқан жас әйелді жабайы басыну, тіпті табалай басыну жаман еркектің қайсысының да қолынан келерінде сөз жоқ. Бірақ жағдайдың ығына жығылмай, тұла бойынан намыс ұшқынын шашыратып, жаманның бетін жалын боп шарпып, шоқ болып күйдіру табиғаты таза, негізі берік әйелдің ғана қолынан келді. Жазушы Жәмиланы осындай табиғаты таза, негізі берік әйелдердің бірі емес, бірегейі деңгейінде суреттейді. Жәмиланы Османның оспадарлығына қарсы отша лаулатып қойған қуат оның табиғатының тазалығы мен негізінің беріктігінде ғана жатқан жоқ. Жәмиланың табиғи тазалығы мен асыл негізінің берік тиянағы оның дүниетанымының, арман-тілегінің тұнық тереңіндегі сырдың күдіретінде.

Өлгі шарпысудан кейін Жәмила «Бұрынғы жайдары күлкісінен қалып», едәуір уақыт іштен тынып жүреді. Османның қылығы оның сезімін шайқап, толқымалы күйге түсірген еді. Келіншектің осы хәлі жұмыс үстінде де, жұмыстан тыс та әр түрлі қырынан көрсетіледі. Бірде жұмысын беріле істеп, басқа дүниенің бәрін ұмытқандай қалып аңғартса, бірде арбаға шөп артып жүрген «айырына сүйеніп, сәл уақыт терең ойға шомып» қалады. Аздан соң жұмысын қайта бастап кетеді.

«Кешке таман ақырғы арбаға шөп тиеп жатқанда, Жәмиланың ұясына қонуға жақындаған күнге қадала қарап

тұрғанын көзім шалып қалды. Қазақтың алыстағы боз шағыл даласында от жағылған тандырдың аузындай алауланып, жер бетіне қараңғылық пердесін түсіріп, аспандағы ұлпа ақша бұлттарды қызыл күрең түске бояп, бірте-бірте ұясына шөгіп бара жатқан күнге көзін қолымен көлегейлеп, мұңая күлімсіреп қарап қалыпты. Манадан бері тарс жабылған қабағы қазір жазылып, жүзінде қуаныш оты ойнайды» [4, 19].

Жәмиланың жұмбақ мінезінің сырын жазушы реті келгенде ғана ашады. Оның іс-әрекеттері, шырайындағы нұр, қабағындағы кірбің, жанарындағы жылу – бәрі де бірде жарық, бірде көлеңке, бірде мұң, бірде нұр болып жарысып не алмасып кете баратынының себебін суреткер психопэтика заңдылықтары аясында аңғартады: Жәмила махаббат іздейді, шын сүйіспеншілікті аңсайды. Оның махаббатқа, сүйіспеншілікке шөліркеген жаны майдандағы күйеуінен келген хаттардан да осы сезіміне дәру болар бір жылылық іздейді. Хат сөздерінен өзіне деген ондай жылылықты қанша іздегенімен таба алмай, «өңі бірте-бірте қуқыл тартып», қабағы түйіле береді. Соған қарамастан кейде жаны жадырап, күле қалғанда «оның қарақаттай қап-қара көзінде денсаулықтың, жастықтың арнасынан асып-тасқан күші елес беріп тұрады».

Жәмиланың қимыл-қарекетіндегі, түр-қалпындағы осындай өзгерістер, құбылулар оның жанында тыныштық жоқтығын, әлдебір жайға қатты беріліп алаңдайтынын, тіпті сол маза қашырып, алаңдатып жүрген жайдан оның бір мұң, бір үміт болып келетін әлде қандай әдемі рақат табатынын білдіреді. Алайда келіншектің көкейінде не жатқанын, оны бір мұңайтып, бір жұбатып жүрген ішкі бір қуаттың неде екенін терең талдап суреттеуді автор қаламайды. Тіпті кейіпкерінің ішіне, сезім тереңіне ашық бойлауды жөн де көрмейтіндей. Жазушы психопэтика-сының басты ерекшелігі осында.

Автор кейіпкердің психологиясын, жан шындығын оның ой-толғаныстары, ішкі сөзі арқылы емес, сыртқы қалпы, қимыл-қозғалысы мен сөзі арқылы ашып отырады:

«– Сен жанағыны ойыңа алмай-ақ қой, кішкене бала, – деп қойды. – Осы Османдар да адам ба, тәйірі? Төбет не, ол не...

Жәмила осыны айтып кілт тоқтады да, батқан күннің көмескі қызыл сәулесіне ойлы көзімен қарап тұрып, өзіне күбірледі:

– Ондайлар адамның жанын қайдан түсінсін... Ол сезім жүректің терең түбінде жатады ғой. Құдай біледі, ондай еркектер дүниеде жоқ та шығар...» [4, 19].

Жәмиланың осы қалпы, осы табиғаты оның барша қылықтарының, ой-тілектері мен шешімдерінің әрі логикалық, әрі психологиялық мотивировкасы, негізі болып шығады.

Жәмиланың қырманнан станцияға ат арбамен астық тасуға шыққанға дейінгі жай-күйі осындай еді. Сүю аңсаған, сүйікті болуды аңсаған, махаббат іздеген ол бар жан-тәнімен күлуге, қуануға, тіпті жас балаша құмары қана жүгіріп, тіпті алысып-жұлысып ойнауға, жалындап әзіл-қалжың айтуға да құштар еді.

Жәмила станцияға арбамен астық тасуға да осы қалпынан аумай шығады. Қасындағы Даниярды «адам ба, көлеңке ме деп көзіне де ілмейді». Кейде оған бір жағын қалжыңға тіреп, өктем сөйлесе, кейде ойда жоқ бір сөздерді айтып тастап жүреді. Кейде арбасын ұшырта айдап, Даниярдың өзін де, арбасын да қою шаңға көміп, алға озып кетеді. Жәмиланың осы қырсық я ерке қылықтарына қарамастан, Данияр оған таңырқағанын қойып, бірте-бірте қызыға қарай бастайды. Оған мән беріп жатқан Жәмила жоқ. Қайнысы болса, Даниярдың мұнысын мүлде жақтырмайды. «Мынаны, осының да Жәмиладан ойы бар болса керек, басқаларға не шара! Ой, тоба!» [4, 31] – деп ашу шақырып, тіпті іштей кіжініп жүреді ол. Даниярды тең көрмеген, бөлек, төмен тұтқан осы секілді еркін, әжуа аралас қалжыңмен бұлар алашадан тігілген жеті пұттық үлкен қанарды астыққа толтырып, Даниярдың арбасына салып, үстін басқа қаптармен бастырып қояды. Ойын-қалжың, әзілдің аяғы насырға шапты. Данияр астық толы

қанарды арқалап, жаралы аяғын ақсай басып, траппен жоғары шығып бара жатады.

Жәмила Даниярдың артынан қарап:

«– Қарашы мұның өлерменін, көтеріп бара жатыр! – деп, айыпты кісідей дүдәмал күлді. Жәмила сол бойдан сылқылдап күле берді, бірақ барған сайын оның күлкісі сұйылып, ол өзін қыстап күлдіріп тұрған сияқты болып көрінеді. Данияр анадай барып, жаралы аяғына күш түсіп, ақсай бастағанда, біз оны қандай азапқа салғанымызды түсіндік» [4, 32].

Жәмила сөзінен, «айыпты кісідей дүдәмал күліп» қана тынбай, сылқылдап күле берген күйінен өз ісіне де, Даниярдың қанар астында қайысқан қиын халіне де күнделікті, үйреншікті шаруа ретінде қарағысы келген қалып аңғарылған. Бірақ бұл қалып оның шын тілегіне, жанының табиғи күйіне қарама-қайшы. Келіншектің аузындағы сөзі мен сылқылдаған күлкісі бір мағынаны, Даниярға немкетті, салғырт ниетті аңғартса, оның кейінгі жайы, сұйылып кеткен күлкісін өзін-өзі қыстап, зорлап жалғастырып тұрған күйі басқа сезімді, Даниярдың астарсыз эзіл-қалжыңды тура қабылдап, жаны қиналғанына өзін айыпты санаған, емешегі езілген жанашырлық сезімді танытады.

Қанарды қамбаға төгіп келіп, арбасына қарай жүріп кеткен Даниярға: «Қалжыңды түсінбейтін ақымақ!» [4, 35] – деген айыптау сөзін де Жәмила басын жоғары көтере алмай, жасып айтады. Тілінің ұшында Даниярды айыптаған сөз тұрғанмен, көңілінің бір бұрышында өз айыбын сезіну бары оның басын төмен салған осы сынық қалпынан байқалады.

Кейіпкердің белгілі сәттегі психологиялық жай-күйін барынша қайшылықты сырларымен тереңнен толғап суреттеудің әрі эпикалық, әрі драмалық, әрі лирикалық сипатымен дараланатын психопоэтикалық қат-қабат тәсіл арқылы жазушы нағыз көркемдік келісті үйлесімге жетеді. Бұл жерде біз айтқан «іш пен тыс» [1, 156] немесе Эткинд сілтеме жасайтын «ішкі адам мен сыртқы адам» [5, 17]

шегінде ойлану жеткіліксіз. Өйткені жазушының психопозетикасы осы тәсілдердің бәрінің өзара сабақтасқан, тұтасқан қызметі, мінсіз бірлігі мен кемел келісімі деңгейінде айқындалады.

Жәмила мен оның қайнысының Данияр туралы ұғым-түсініктеріне осы сәттен бастап өзгеріс ене бастайды. Олардың Данияр жайлы бұрынғы жеңіл әзіл-қалжыңына, қажауы басым көз қарасына басқа сипаттағы бір сезім жарық түсіреді. Алайда Жәмиланың да, оның қайнысының да көңілдеріне жарығын түсіре бастаған бұл сезім олардың жан дүниесін нұrlандыра алардай қуатқа иеленбеген еді. Келіншек пен жасөспірімнің Данияр туралы, өмір туралы ұғымдарына бір қозғау салуын салғанмен, олардың жанына бір тербеліс, бір толғаныс әкелуін әкелгенмен, ол мүлде жаңа ырғақтағы жаңаша адамдық түйсіну тудыратындай үлкен арнаға айналмаған-ды. Соған байланысты Жәмила да, қайнысы да әлгі сезімге ере беріп, сол сезіммен іштей бір нұrlана беріп, бұрынғы күйлерін қайта табады.

«Ой, түнерген неме, ән салсаң, болмай ма? Өзің жігітсің бе, жоқ әлде өліксің бе?» [4, 37] – деген сөзінен Жәмиланың сол бұрынғы жалындап әзіл-қалжың айтысуға құштар қалпы аңғарылады. Осының ізінше келіншек:

«– Әй, Данияр, тегі, сен өзің біреуді сүйіп көрдің бе? – деп, өзі неге екені белгісіз күліп жіберді» [4, 37].

Жәмиланың бұл сөзі арқылы да жазушы оның жан шындығының, белгілі сәттегі ойы мен тілегін танытатын сезімінің сипатын тағы бір көрсетіп алады. Қазіргі сәтінде де Жәмиланың бұрынғыша махаббатты, шын сүйіспеншілікті аңсайтынын, соны іздейтінін қайталап аңғартады. Кейіпкерінің жан сырын барлап танытудың сәттері мен жолдарын анықтау мен таңдауда да жазушы суреткерлік заңдылықтар мен қағидалар жүйесінен тың жол табады. Жәмиланың махаббат, сүйіспеншілік аңсаған адал күйін Османның еркектік о жар, оспадарсыз ойынына кейіп, ашынған, күйінген қалыпта бір танытып алған жазушы оның мына күйін, оның жанын жайлаған осы арман шуақты

тұнық тілегін Даниярдың әні айтылар сәтте тағы бір желбіретіп қояды.

Жәмиланың осыған дейінгі әрекеттерінің қай-қайсысын да жеке-дара, өзара байланыссыз алып қараған жағдайда, олардың мазмұны мен мәні терең танылмайды. Кейіпкер басынан өткен басты оқиғалар мен елеусіз дерлік ұсақ көріністер өзара бір-бірімен тікелей немесе жанама байланысу нәтижесінде ғана белгілі дәрежедегі біртұтас күрделі сапаны иеленеді. Жоғарыда әңгіме болған жайлардың бәрі де осындай жүйелі байланыс нәтижесінде ғана нақты мазмұндық және формалық тұтастық деңгейіне көтеріле алған. Алайда повестің жалпы, мазмұндық-құрылымдық архитектурасына назар аударғанда, біз айтып отырған тұтастық шығарманың кейінгі бөлімдерінде суреттелетін құбылыстардың сабақтас бір бөлігі ретінде ғана қызмет атқаратыны белгілі болады. Жазушы жеке-леген құбылыстардың біртіндеп белгілі бір тұтастыққа, оның неғұрлым күрделі және жалпы сипаттағы немесе жоғары сападағы басқа құбылыстармен байланысы нәтижесінде көркемдік жаңа тұтастыққа айналу заңдылықтарын мейлінше жіті қадағалайды. Шығармаға тән басты, жалпы сипаттағы мазмұн әрбір жекелеген көрініс, жекелеген эпизодта әр қырынан және соның әрқайсысын әртүрлі эмоциялық бояу-реңмен ашылады.

Повесте Жәмила характерінің толысуының немесе айқындалуының, соған орай шығармаға арқау болып отырған өмір құбылысына тән сырдың келесі, жоғары деңгейдегі көркемдік заңдылықтар аясында анықталуының алғашқы сатысы Даниярдың әнінен басталады.

Даниярдың әнін шырқай беріп, кілт үзіп тастағанына қарамастан, Жәмила да, жасөспірім де арбакеш жігіттің даусында адам жанына жылы тиетін бір назды, сырлы әуен барын аңғарып қалады. Бұған дейін, ән мұның қай жерінен шығады дегендей, Даниярды қорсынып келе жатқан жасөспірім де таңқалады. Ал Жәмила болса: «О, қайран неме, баста қайда қалып едің? Айт енді, жөндеп айт!» [4, 38], – деп бастырмалатады. Жәмиланың да, оның

қасындағы қайнысының да Данияр туралы қалыптасып қалған бұрынғы ұғымдарына тағы бір қозғалыс түседі. Бұл қозғалыстың негізінде Даниярдың тосын қылығына аздаған сүйсіну аралас таң болу сезімінен басқа ешнәрсе жоқ. Жазушы Даниярды қайта шырқату арқылы кейіпкерлерінің жанындағы осы өзгерістерді одан әрі дамытып, тереңдетіп, оларды рухани мүлде жаңа биікке алып шығады. Айналасына сол биіктен қарағанда, жасөспірім бала Даниярға да, өзінің тауы мен даласына да басқа көзбен, жаны мен жүрегіне толған құрмет, махаббат сезімімен қарайды: «Сонда асқақтаған дауыс қана емес, Даниярдың үніндегі сыртқа тепкен жалын мен шексіз мейірім адамды таңқалдырып, жағасын ұстатты, осының өзі не екенін, оны не деп атарымды мен білмедім: бұл әншінің көмекейінен шыққан сазды әуен бе, әлде онан бөлек, жүректің өзінен асып төгілген басқа бір нәрсе ме? Ол өзі не, ол неге адамның жанын ерітіп, ой-қиялын оятады?» [4, 38].

Даниярдың әні бозбаланы оның басында бұрын-соңды болып көрмеген ғажайып әсерге бөлейді. Тұла бойын шымырлатып жанына керемет бір жарық нұр, рақат нұрын дарытқан осы әдемі әсердің құшағында келе жатқан бозбала ай жарығында кеугім көлеңке ойнатып, құбыла ырғалып орақ күткен егін алқабына да, ауыл жақтан соққан қоңыр желмен жетіп жатқан елжіреп піскен алманың, жібектей үлбірейтін жүгері шашағының жұпар иісіне де, қазақ бауыры жайлаған алып даласы мен өз тауларына – бар әлемге көкірегіне күн қондырғандай ұлы махаббат көзімен елжіреп қарайды. «Даниярды тыңдап отырып, алдында көсіліп жатқан кең даланы, адам баласы соншалықты сүйгені үшін жата қалып, оны өз анасындай қатты құшақтап өпкісі келеді» [4, 42]. Осылайша, бала жігіттің Данияр туралы ойы түбірімен өзгеріп қана қоймайды, жарық дүниеге, өзі туған, өзін қоршаған барша әлемге деген көзқарасы да мүлде басқа сипат алады. Өмір сырын көзбен көріп, құлақпен естіп қана қоймай, жанымен танып, жанымен ардақ тұтады, жүрегімен сезініп, жүрегімен сүйіп тебіренеді. Сонымен қатар оның ойы мен

сезімі де байып, ізгілік, кісілік алауымен жалындап, шалқи береді.

Даниярдың әні жасөспірімнің жанынан осындай жалын лаулатумен бірге, Жәмиланы да мүлде өзгертіп жібереді. Оның бұрынғы ойын тілеген, әзіл-күлкі тілеген қағытпа сөздері де, жастық пен денсаулық оты жайнаған еркін, ерке жүріс-тұрысы да жайына қалып, басқа күйге, ойлы да мұнды бір қалыпқа түседі.

Жазушы жасөспірім жанындағы толғаныстарды, алуан түрлі сезім құбылуларын тікелей, оның ішкі сөзі, сыры ретінде, психологиялық талдаудың аналитикалық амалдары арқылы ашады. Жәмила жанындағы ой мен сезім, пайым мен парасат күресін көрсетуге келгенде, автор басқа тәсілге қол артады.

«Баяғы әзілқой, ақын мінез келіншек, неге екені белгісіз, жуаси түсіп, оның бұрын ойнақшыған өткір көздері енді іштен мұндана, жазғы тұманды күн секілді, жылы мейірімге толып, нәзік қарайды кісіге. Жолда кетіп бара жатқанымызда Жәмиланың жүзінен әрдайым бір ой кетпей, үлбіреген ернінде күлкінің көлеңкесі адасып, ол өзі ғана білетін қандай да бір жақсы нәрсеге іші жылығандай, соған сүйсінген кейіпті білдіреді» [4, 43].

Жәмилада үн жоқ. Жазушы кейіпкерінің сезім сырын суыртпақтап, кеңінен таратып талдап жатпаса да, оның жанының екіұдай күйін, қайшылықты қалпын мейлінше терең танытады. Келіншектің бет-жүзіндегі, жүріс-тұрысындағы, көңіл-күйіндегі өзгерістердің қай-қайсысы да үлкен психологиялық жүк көтереді, олардың қай-қайсысының да берік психологиялық негізі бар. Үзіндіде Жәмиланың бет-жүзі мен жүріс-тұрысындағы, көңіл-күйіндегі өзгерістердің бірінші тобынан қуанышпен, аңсап сағынған әлдебір асыл тілегімен табысуға қол созым ғана жақын тұрған, сол жақындықты сезіну рақатын алғаш бастан өткеріп, сонысына жүрегі елжіреп сүйсінген жанның табиғаты аңғарылды. Бұл жерде көзден мұң жамылып төгілген жылы мейір, ой жапқан жүз бен жиегінде күлкінің ізі ұйып қалған үлбіреген ерін де,

бұрынғы от мінездің сынық тартып, нәзік жуаси түсуі де – бәрі де жамырай сыр ашады, бәрі де адам жанын айрықша балғын нұр, рақат күймен баурайтын асыл сезім туралы жыр айтады.

«Кейде (...) әлденеден есі шыққанда, қапты арбадан арқасына сілке көтеріп салып, со күйі орнынан қозғалмай тұрып қалады. Алдынан орғи аққан өзен оқыс кездескендей, сол суды кешсем бе, әлде кешпесем бе деп ойланған жан тәрізді, Жәмила сонда ілгері аттанғаннан қорқып, дал болып аңырып тұрады» [4, 43].

Жәмиланың бірде екпіндеп, бірде кілт басылып, кейде шұғыл шешімге келгендей, батыл да нық адымдап, іле кілт тоқтап, алға басуы, енді бірде әлдеқандай бір асылын біржола артында қалдырып кетердей, орнынан тапжылмай тұрып қалуы – оның жанындағы драманың, арналы ойы мен аяулы сезімі арасындағы арпалысының сыртқы көрінісі. Осының бәрі қайнаған қызу жұмыс даласында, еңбек үстінде өтіп жатқандықтан, еңбек процесінің жекелеген нақты салаларымен белгілі дәрежеде сабақтас болғандықтан, адам әрекетінің әлгіндей тосын көріністерінің шын мәнісін бірден және дәл ұға қою қиын. Бұл жерде сезім жалаңаштанбай, оның сыртқы көрсеткіштері ғана суреттеледі. Сезімді оятып, оған күрескерлік сипат дарытқан мотив пен ситуация да тікелей, ашық баяндалмайды. Осының бәрі Жәмила қылығына, белгілі дәрежеде, жұмбақ, метафоралы мән үстейді.

Бір жүректегі екі түрлі сезімнің, біріне-бірі қарама-қайшы екі тілектің тайталасқан аяусыз күресін суреттеуде Ш. Айтматовтың психопоэтикасына тән ерекшеліктер толық көрініс тапты. Психопоэтиканың тиісті тәсілдерінің өзара жарасымды үйлесімі арқылы жазушы кейіпкер жанының драмасын, оның екіұдай халін танытуда үлкен шығармашылық табыстарға жетті.

Ш. Айтматовтың психопоэтикасы – көркем әдебиеттегі, көркемдік ойлаудағы айрықша үлгі, үлкен жетістіктің, асқан шеберліктің көрінісі.

## Шыңғыс Айтматовтың мифопоэтикасы

Халық ауыз әдебиеті үлгілері, әсіресе, мифтік мотивтер, аңыз-эпсана сарындары көркем әдебиеттің даму арнасында түрлі кезеңде түрліше көрініс тауып келе жатқаны белгілі. XX ғасырда ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы байланыс өз дамуының шырқау биігіне көтерілді. Қайбір әдеби шығармада мифтік мотивтер, аңыз сарындары авторлық және объективтік идеяның негізі қызметін атқарды. Енді бір әдеби шығарманың сюжеттік өзегінде мифтік мотив, аңыз желісі өмірдің шындық оқиғалары қатар, егіз өрілді. XX ғасыр әдебиетінде кең көрініс тапқан осы құбылыс әдебиеттану ғылымында біршама қарастырылды. Алайда бұл мәселені зерттеу мен зерделеудің бірнеше деңгейі, бірнеше саласы бар. Олардың бәрі зерттеліп болды деуге ерте. Кейбір мәселелер әдебиеттану ғылымы үшін қай кезде де маңызды, өзекті болып қалатынында сөз жоқ. Сондай өзекті мәселелердің бірі – ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем әдебиет арасындағы байланысты жазушының шығармашылық лабораториясы, жазушының шығармашылық ой өзегінің даму кезеңдері, поэтикасы аясында зерттеу. Мәселені осы тұрғыдан қарастыру жазушы шеберлігінің, жазушының шығармашылық еңбек процесінің дара ерекшеліктерін тануға мүмкіншілік береді. Біздің мақаламызда бұл мәселе қырғыз әдебиетінің классигі, шығармашылық шеберлігі мен шығармашылық ойлау кемелдігіне әлем жұртшылығы тәнті болған Ш. Айтматов творчествосы негізінде қарастырылады.

Ш. Айтматов творчествосында халық ауыз әдебиеті, әсіресе аңыздық проза үлгілері, олардың жекелеген сарындары кең көрініс тапқан. Жазушы шығармасында халық творчествосының мұндай үлгілерінің пайдаланылу амалдары мен тәсілдері, атқаратын көркемдік қызметі түрліше, өзара және суреттеліп отырған нақты өмір құбылыстармен байланыстары да мейлінше күрделі. Бұл

секілді маңызды мәселелерді арнайы және терең қарастыру Ш. Айтматовтың жазушылық өнерінің психологиясы мен шеберлігінің басты бір қырларын аңғаруға мүмкіншілік берумен қатар әлем әдебиетінің даму тенденцияларының өзекті деген бағыттарын байқауға да септігін тигізеді.

Ш. Айтматовтың мифопоэтикасы, Ш. Айтматов және ауыз әдебиеті немесе ауыз әдебиеті және Ш. Айтматов дегенде, ойға ең алдымен Бұғы Ана мен Найман Ана туралы мифтік сарындар мен аңыздық оқиға желілері оралады. Бұғы Ана туралы миф қырғыз халқының ауыз әдебиетінің ең бір ертеден келе жатқан үлгісі болып табылады. Оның мазмұны, варианттары және тарихи-әлеуметтік сипаты туралы Н. Аристов [6, 439], Ш. Уәлиханов [7, 43], С. Абрамзон [8, 281-284], сондай-ақ қырғыз ғалымдары Т. Баялиева [9, 11-15], К. Байжигитов [10, 60-65] бірқатар ойлар айтты. Қазақ оқырмандары бұл аңыз үлгісімен, негізінен, Ш. Уәлихановтың еңбектері арқылы таныс.

Ғылымда тиісті бағасын алған, халық арасында ертеден айтылып жүрген осы үлгіні «Ақ кеме» повесінде пайдалана отырып, Ш. Айтматов өмір шындығын шығармашылықпен жинақтау мүмкіншілігін көркемдік-идеялық тұрғыда мүлде жаңа бір биіктен танытты. «Боранды бекет» («Ғасырдан ұзақ күн») романында жазушы әдебиеттің қазіргі дамуында халық творчествосының өлшеусіз мол көркемдік-идеялық қызмет атқаратындығын тағы көрсетті.

Ш. Айтматов творчествосын зерттеуші әдебиетшілердің бірі В. Левченко «Ақ кеме» повесінде пайдаланылған аңыздың негізінде қырғыз халқының Қарағұл мерген туралы дастанының жүйесі жатқандығына тоқталады. Сондай-ақ «Ақ кеме» повесінің мифопоэтикалық негізін құрайтын бұл бұлақ-көзді Айтматовтың сыншыларының көрмей, ұмыт қалдырып я танып, таба алмай келе жатқанын баса айтқан еді [11, 231].

Қырғыз халық творчествосында Қарағұлдың өз әкесінің атқан оғынан өлім табуы белгілі дәрежеде «Бұғы

Ана» аңызымен үндесетіндігі рас. Қырғыз халық эпосы «Қожажаш» туралы да осыны айтуға болады. Алайда В. Левченконың «Ақ кемең» қайнар көзі ретінде Қарағұл мерген туралы жырды айрықша көрсетуін дұрыс деп тануға негіз жоқ. Өйткені повестегі Бұғы Ана туралы аңыздың өзі де «Қарағұл» немесе «Қожажаш» жыры секілді қырғыз халық әдебиетінің өзінше бөлек туындысы болып табылады.

«Қарағұл-ботам», «Қожажаш» эпостарын жазушының «Қош бол, Гүлсары» повесінде пайдаланғаны рас. Повестің бас қаһарманы Танабай өзінің жан досы Шораның мезгілсіз өлімін аза тұтып, аһ ұрып, қайғы жұтқанда, әйелі қобызбен мұның да, өзінің де жүйе-жүйесін босатып, сай сүйегін сырқыратып, «Қарағұл-ботам» күйін тартады. Күй сазынан үйірінен бір өзі ғана тірі қалған Сұр киік шері, киіктен киік қоймай атып, ақыры ене киіктің киесіне ұрынып, тау шыңының ұшар биігіне дейін барған, одан қайта түсер жол таппай шарасы таусылған, қозғала алмай қалған жас мерген Қарағұлдың зары, асқар шыңның ұшар басында ілініп тұрып қалған ұлын амалсыз өз қолымен атып түсірген әкенің зары төгіледі. Танабай өз қайғысына сол жырдан, сол зардан басу табады. Шора рухы алдында өзін айыпты санаған көңілмен езіле, егіле отырып бекінеді.

«Қарағұл-ботам» оқиғасы қырғыз халық әдебиетінде бірнеше жанрлық үлгіде баяндалады: а) эпос; ә) аңыз; б) күй аңызы, т.б. Олардың бір қатарының сюжеттік желісінде бөкен жарғақ киген Қарағұлды әкесі аң аулап келе жатып, байқамай атып қалады. Жазушы «Қарағұл-ботам» желісіндегі осы бір сюжеттік бөлім мазмұнын шығармашылықпен пайымдап, болған істің, Қарағұлды әкесінің атып салуының себебін өзгертеді: а) ауыз әдебиеті үлгісінде Қарағұлды әкесі байқамай атып салады → ә) әдеби шығармада Қарағұлды әкесі амалының жоқтығынан атып салады. Кейінгі мотивті психологиялық тұрғыдан негіздеу үшін, жазушы Қарағұлды шыңның басына шығарып, одан қайтып түсе алмайтын жағдайға түсіреді. «Қарағұл-ботам» үлгісіндегі оқиға жүйесін шығармашылық ой өзегіне сай

өзгертіп пайдалану арқылы жазушы әдеби шығарманың эмоциялық мазмұнын, ұлттық сипатын, кейіпкерлер басындағы трагедиялық ахуалды барынша қоюлатып, шынайы бейнелейді. Бұл Ш. Айтматовтың мифопоэтикасын түзуші факторлардың қатарында айрықша көркемдік тәсіл болып табылады. Екінші жағынан, осы оқиға «Қожажаш» эпосының сюжеттік желісінде баяндалатынын ескеру керек. Қожажаш мерген Сұрешкінің қарғысына ұшырап, таудың шыңында кері қайтар жол таба алмай, асылып тұрып қалады. Эпос «Қожажаш мергеннің трагедиясымен аяқталады» [9, 78].

«Қарағұл ботам» мен «Қожажаш» – қырғыз халық әдебиетінің екі түрлі, екі бөлек үлгілері. «Қош бол, Гүлсары» құрылымында бұл екі үлгінің бірінің ғана аты аталғанына қарамастан, автор өз шығармасында «Қарағұл-ботам» және «Қожажаш» желілеріндегі оқиғаларды шығармашылықпен саралау нәтижесінде өзгеше көркемдік-эстетикалық болмыстың мифопоэтикалық үлгісін жасайды. Осы үлгі жазушының адам, адам өмірінің мәні туралы биік эстетикалық көзқарасын, адам туралы суреткерлік концепциясын ұлттық дүниетаным құндылықтарымен сабақтас ашып көрсетудің негізі қызметін атқарады.

«Қарағұл-ботам», «Қожажаш» (жыр, аңыз, күй, күй аңызы) Ш. Айтматов шығармасының құрылымында түрлі қызмет атқарады: а) Танабай мен оның әйелі үшін аяулы дос, теңдесі жоқ адал жан Шораның қазасын аза тұтқан жоқтау; ә) кейіпкерлердің өз халқының тарихи өткенімен, өз ұлтының рухани тарихымен тұтасып, жалғасып жатқан тағдырын, оған тән айрықша қасиеттерді таныту құралы; б) өмір шындығын әдеби шығарма өзегінде көркемдік-эстетикалық жинақтаудың мифопоэтикалық тәсілі.

Мергеннің өз әкесінің атқан оғынан өлім табуында мәтіннен тыс жатқан мағыналық қатпарлар бар. Одан өзекті жанға бір өлім бары туралы халық даналығының сарыны естілгендей болатыны да рас. Сонымен бірге мына мағыналық өрімге назар аударуға тура келеді: мерген

әкеден туды және әкенің қолынан өлді. Осы мағыналық өрімді жалпыландыратын болсақ, мынадай ойдың желісі тартылады: адам баласын дүниеге кім алып келсе, оны дүниеден сол алып кетеді. Осы мағыналық өрімдер қатарынан келесі деңгейдегі ойдың жарығы көрінеді: Жаратушы өзі берген жанын өзі алады. Өмірдің ақиқаты осындай. Бұдан тыс қалатын, бұдан қашып құтылатын жан иесі болмайды. Күндердің күнінде жаннан асқан мергеннің өзі де жан тапсырады. Шығарманың көркемдік әлемінен көңілге осы ақиқатпен арналас мынадай екінші бір ойдың шырайы түседі: жануардың иесі мен киесі болады; оны жазықсыз, өмірлік мұқтаждықсыз, тек қана аңшылық қызығушылықпен, аңқұмарлықпен қынадай қыруға тыйым салынады; ондай тыйымды бұзған адамзат баласы жазықсыз өлген жануардың киесіне ұшырайды.

Жазушы өз шығармасында халық ауыз әдебиеті үлгісінің мотивтерін пайдалана отырып, оны өзінің тарапынан жаңа сарындармен байытады. Соның нәтижесінде әдеби шығармада суреттелген оқиғалар желісінен мынадай ойлардың ұшқыны көзге шалынады: дүниеге қызығып, көзі тұнған адам а) обал-сауап жайын ойлаудан қалады, ә) аяғымен жүріп аң шыға алмайтын, қанатымен ұшып құс жете алмайтын биік шыңның басына дейін шығады, б) алға жүретін жолы таусылады, артта қалған ізімен кері қайтар жолы жабылады, г) басқаға өлім тілеуінің, басқаға жасаған қиянатының азабын тартпай қалмайды т.б. Осы ойлар ұшқынының әрқайсысының көзге шалынбайтын алуан түрлі қырлары бар. Солардың ұштасқан, тоғысқан жүйесінен әдеби шығарманың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтары, кейіпкерлердің аңсанының, психологиясының, дүниеге көзқарасының ұлттық табиғаты танылады. Автор осылайша өмір шындығын көркем жинақтаудың, адам мінезін даралаудың, оның образын типтендірудің мифопоэтикалық дара үлгісін жасайды.

«Қош бол, Гүлсары» шығармасының жүйесінде ботасынан айырылған аруана туралы жыр әуенінің, «Боз

інген зарының» атқаратын көркемдік-эстетикалық қызметінде үлкен мән бар.

Жылқы фермасының бастығы Ыбырайым жылқышы Танабайға колхоз басқармасының бұйрығын алып келеді: «Буйрук. Бакасов жылқышыға. Гүлсары жорго мингич көлүк катары ат сарайға жөнөлтүлсүн. Колхоз башмасы (колу түшүнүксүз). 5 март 1950 ж.»

Танабай Ыбырайымға Гүлсарының үйірдегі айғыр екенін, жақында биелердің тоқтайтынын ескертіп, колхоз басқармасының бұйрығын орындай алмайтынын айтады. Басқарма бастығына Гүлсарының мақтауын жеткізіп айтып, соны мінгізбек болып мақтанған осы Ыбырайымның өзі еді. Ондағы ойы – бастықтың көңілін тауып, өзінің мансабын өсіру. Танабай Гүлсарыны бермей қойса, басқарма бастығы алдында мұның беделі түспек, басқарма бастығының бұған деген көзқарасы да өзгермек, мансабын өсірмек болған ойы да іске аспай қалмақ. Ферме бастығының Гүлсарыны қалайда алып кету туралы мақсатының мәні осында. Танабайдың мақсаты басқа: ол Гүлсарыдай асыл тұқымды айғырды үйірге салып, колхоз жылқысының тұқымын жақсартпақ. Билік тізгінін ұстаған басшылардың мақсаты бір басқа да, қатардағы қарапайым жылқышы Танабайдың мақсаты бір басқа. Мақсаттар карама-қайшылылығы басшылар мен жылқышы арасында тартыстың тууына алып келді. Тартыс барысында билік иелері өз дегенін істеді. Гүлсарының үйірі жетімсіреп қалды, Танабайдың көңілі жетімсіреп қалды. Гүлсарымен бірге Танабайдың өмірінің бар қызығы, бар асылы бірге кеткендей болды. Әйелінің «Боз інгеннің арманын» тартуын тілейді. Ботасынан айрылған Боз інген. Күні бойы желіп ботасын іздейді. Түні бойы желіп ботасын іздейді. Күні бойы боздайды. Түні бойы зарлайды. Көзінен жасы парлайды. Емшегінен сүті саулайды. Ботасымен жолығар күн болар ма деп армандайды...

Повестің соңында Танабай Гүлсарымен: «Қош бол, Гүлсары!» – деп қоштасып бара жатып, «Боз інгеннің

арманын» есіне алады. Күйдің сазымен жүйе-жүйесі босап, көзінен жасы ағады.

Күй сазын, күй аңызын, халық күйі мен халық ауыз әдебиеті сарындарын жазушы адам өміріндегі қиын, терең жардай қайшылықты, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық жекпе-жек шығып шайқасқандай шақтағы шындық сырын ашуға қажетті психологиялық ерекше ахуал жасаудың құралы ретінде пайдаланады.

«Қош бол, Гүлсары» повесінің көркемдік әлемінде Танабай мен Шораның басынан неше түрлі қиын сәттер өтеді. Әлеуметтік ортадан, билік тізгінін ұстаған атқамінерлердің әділетсіздігінен жаны күйгенде, басына іс түсіп, етігімен су кешкендей болғанда, Танабайдың бозторғайдай шыр-пыры шығып шырылдап барып паналайтын, пана тұтатын бір ғана әлемі бар. Ол – халық күйі, халық күйінің сазымен бірге өрілген халық аңызының, халық эпосының әлемі. Халықтық, ұлттық, адамдық қасиеттері қашқан әлеуметтік ортаның әділетсіздігіне қарсы ашық күресуге әл жоқ, оны түзетер шама жоқ: қарсы жүрген қайшыға түсіп, туралып қалады. Жазушы қалыптасқан әлеуметтік ортаның билігі мен ұлттық характер, ұлттық мінез, ұлттық құндылықтар арасындағы қайшылықты халық күйінің сазымен, халық аңызының, халық эпосының мотивтерімен сабақтастырып суреттеу арқылы шығарманың көркемдік әлемін трагедиялық сарынмен айшықтайды.

«Ақ кеме» повесінде жазушы белгілі мифтік сюжетті дайын қалпында пайдаланбай, оны ғылыми ақиқаттарға сай жаңа, тың желілермен байытады. Бұл орайдағы ойдан толықтырулардың өзі де халық творчествосының заңдылықтарына мейлінше сәйкес жүзеге асырылады. Оның үстіне Ш. Айтматов шығармаларының көркемдік-идеялық жүйесінде халық творчествосы үлгілері сарындарымен қатар этнография, археология, тарих салаларындағы деректер мен материалдар да маңызды қызмет атқарады.

Тарих ғылымы қырғыз халқының ежелгі атамекені Оңтүстік Сібір, Енисей (Енесей) екендігін көрсетеді. Осы

ғылыми тұжырымға сәйкес, аңыздағы Ыстық көл маңында бұғылар арасында жүрген бір ұл, бір қызды жазушы Енесай бойында көршілерінің опасыз әрі аяусыз шапқыншылығынан жойылып кеткен қырғыздардан қалған ұрпақ ретінде суреттейді. Бүкіл бір елден қалған бұл екі баланы құлама жар басынан Енесайдың тасып аққан терең суына тастауға алып келген Ақсақ кемпірдің монологын автор шығыс сюжетіне құрылған халық дастаны «Мұңлық-Зарлықтағы» кемпірдің осындай жағдайдағы ой-толғаныстарымен үндестіреді. Мұнда да Ақсақ кемпір «Мұңлық-Зарлықтағы» мыстан кемпір сияқты жазықсыз екі баланы өлімге қияр тұста едәуір ойланып-толғанады. Балаларды суға тастауға көзі қимай, тастамайын десе, қожайыны уәде еткен дүниені қимай, өз ойымен өзі арпалысады.

Бұғы Ана туралы аңыздың сюжеттік дамуында жоқ бұл секілді оқиғаларды автор өз шығармасында халық творчествосының тегі мен түріне, мазмұны мен мәніне, көркемдік-эстетикалық заңдылықтарына сәйкес өте орайлы ойлап табады. Соған байланысты әдеби шығарма құрылымында аңыз сюжетінің ойдан шығарылған (экспозиция) және басқа бөліктері бір-бірімен мейлінше етене кірігіп, өзара сіңісіп кетеді.

Ш. Айтматовтың өз шығармашылық тәжірибесінде халық ауыз әдебиеті үлгілерін игерудегі творчестволық белсенді ойлауының қарапайым, алғашқы сатысы осындай.

«Ерте қайтқан тырналар», «Теңіз жағалай жүрген тарғыл төбет» повестерінде де Ш. Айтматов халық творчествосы үлгілерінен бүгінгі өмір құбылыстарын, бүгінгі күннің мақсаттары мен мұраттарын терең де түбегейлі танытатын толып жатқан мүмкіндіктер тапқан еді. «Жан пида» романының поэтикасы да, негізінен, халық творчествосы дәстүрлерімен тығыз байланысты.

«Жан пида» романындағы Акбараның өз бөлтіріктерін іздеп, аласұруы оның хайуан, жыртқыш та болса аналық сезім жетегінде әрекет еткенін аңғартады. Бостанның жас баласын алып кеткенде де, ол мұны өзінің жауыз, жыртқыш табиғатының заңдылығына сай жаса-

майды, аналық түйсіктің жетегіне ереді. Бар денесі, тұла бойы бөлтірігінің исін, қимылын, ойынын жоқтайды. Желінге толған сүті, тұла бойын тұтас баурап алған енелік түйсігі алданыш, жұбаныш тілейді. Акбараның Бостанның сәбиіне аналық түйсікпен иіліп, жүйе-жүйесінің бір сәт босап сала беруі осындай жайлармен байланысты. Бүгінгі өмірдің ақиқаты аясындағы осы айрықша құбылыстың да түп негізі халықтың ауыз әдебиетінде жатқанында сөз жоқ. Г.Н. Потаниннің қырғыз халқының қаба руының шығуы туралы жазып алған аңызы бұған толық дәлел бола алады. Аңыз бойынша, көшкен елдің жұртында қалып қойған жас баланы қасқыр емізіп, жанын сақтап қалады. Баланы қасқырдың бауырынан айырып алған жолаушы оның атын Қаба деп қойды. Осы Қабадан саяқ ішіндегі қаба руы тараса керек [12, 48].

Келтірілген мысалдан романдағы қасқырдың Бостанның жас баласына арнаған аналық түйсік-сезімін танытатын оқиғалардың түп төркіні тағы да халықтың ғасырлар бойы дамып, жалғасып келген бай мәдени-рухани мұрасында жатқаны анықталады. «Боранды бекет» («Ғасырдан ұзақ күн») романындағы аңыздық желілер ойдан шығарылған. Біздің білуіміз бойынша, қазақ халқының ауыз әдебиетінде «Дөненбай құсы», «Раймалы аға жыры» деген аңыз да, миф те болған емес. Бұлар да жазушы қиялының нәтижесі екендігінде сөз жоқ. Солай болғанымен Ш. Айтматов бұл жерде де белгілі үлгіге сүйенеді. Мысалы, «Раймалы аға жырының» мазмұны қазақ сөз өнері мен ән өнерінің ірі тұлғасы Біржан сал өмірінің ақырғы жылдарын көзге елестетеді. Қартая бастағанда, туыстарының тыйым салуымен үйінен шықпай отырып қалған Біржан сал ауық-ауық ауыл сыртына шығып, оңашада шырқап әнге салатын болған. Әнінің әлі де бұрынғыша зор екендігіне көзі жеткенде, көңілінен қуаныш толқыны жүгіретін болса керек. Біржан салдың әнмен қоштасқысы келмеген бұл секілді әрекетін байқап қалған туыстары оны жынданды деп, ұрып-соғып байлап тастайды. Ақын сол байлаудағы қалпында көз жұмады.

«Боранды бекеттегі» Раймалы-аға да дүниеден осылай өтеді.

«Раймалы-аға өз заманының әйгілі жырауы болған кісі еді. Аты жастайынан-ақ шарықтап шыққан-ды. Құдай берген өнердің арқасында, бұл өзі тамаша үш қасиеттің иесі болған жырау, әрі ақын, әрі композитор, әрі кең тынысты әнші еді ғой» [13, 244], – деп жазады автор. Раймалы – ағаның осындай тамаша үш қасиетін ашып көрсету арқылы да жазушы өз кейіпкерінің прототипі қазақ халқының әрі ақын, әрі жырау, әрі композитор, әрі әнші перзенті Біржан сал екендігіне мегзейді. Ал енді бірде автор: «Құдайдың берген бір мінезі – Раймалы-аға қызыл-жасыл кербезденіп, сәнді киініп жүрер еді. Әсіресе, қысқа қарай бір түрлі, жазға қарай бір түрлі, көктемде бір түрлі кілең құндыз, кәмшат бөрік кигенді жаратар еді» [13, 244], – дегенде, Раймалы-ағаның прототипі Біржан сал екендігінде еш күдік қалмайды.

Біржан сал өмірі туралы тарихтан белгілі осы оқиғаларды жазушы жаңа желімен, қарт ақын және жас әнші-ақын қыз арасындағы таңғажайып адал да құштарлы махаббат сырымен толықтырады. Соның нәтижесінде ақынның азаматтық әрі жеке басының трагедиясы барынша ауырлай түседі. Мұның өзі әрі Едіге жанының сырын, зар шындығын ашуға қызмет етеді.

Романдағы өз анасын өзі атып салған ұл немесе Дөненбай құсы туралы жазушы ойлап тапқан аңыздың да әрбір деталі фольклорға, этнографиялық фактілерге, мифтік сарындарға негізделеді. Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібітіп туған перзентінің өлім оғынан құлап түскен ананың басындағы ақ жаулықтың құсқа айналып, ұшып кетуін суреттеп отырғанда да жазушы халықтың дүние-жалған туралы ертедегі ұғым-түсініктерін ескерген. Адам өлгеннен кейін оның жанының басқа бір құбылысқа (жұлдыз, тас, құс және басқа жануарларға) айналатыны халық ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі кездеседі. Ғылымда да бұл жөнінде едәуір фактілер бар. Осы тұрғыдан келгенде, роман басында разъезге келіп, бір түрлі жүйке қозғардай

мұңлы көзбен өзіне үнсіз телміріп қарап қалған тұлкіні көргенде, Едігенің бойы түршігіп, қайтыс болған Қазанғаптың жаны туралы ойға берілуі психологиялық тұрғыда дәлелді. Дөненбай құсы арқылы жазушы халық сана-сезімінің терең түкпірінде қалған, ұмыт бола бастаған осы ұғым-түсінікті жаңғыртып, оған үлкен көркемдік-идеялық мағына жүктейді. Аңыздың негізгі сюжеттік желісіне келетін болсақ, бұл жерде де жазушының творчестволық фантазиясы белгілі бір фольклорлық шығармадан туып, қанат жайып таралғаны анықталады: Найман Ана туралы («Дөненбай құсы») аңыздың архетипі – «Бұғы Ана».

«Ақ кемедегі» ана – Бұғы, одан тараған ұрпақ – Момын, Оразқұл, Бала т.б. «Боранды бекеттегі» ана – Найман ана, одан туған ұрпақ есінен айырылған түйеші (мәнгүрт). «Ақ кемеде» Ана шартты, метафоралық бейнеде, Бұғы бейнесінде суреттелсе, «Боранды бекеттегі» Ана нақты түр-тұлғасымен, іс-әрекетімен, шынайы ой-сезімімен көрініс табады. Алғашқы шығармада Ананың балалары нақты, реалды шындығымен бейнеленеді. Романдағы мәнгүртті тарихи шындыққа толық сәйкес тұлға дегенмен, оның образын түрліше толғап, бағалауға болады. Сондықтан мәнгүрт – әрі нақты, әрі астарлы, екіұдай мазмұнымен танылады.

Екі шығармада да Ана өз перзентінің қолынан өледі. Адам өзін дүниеге әкелген, өзіне дүние жарығын сыйлаған қасиетке – өзінің туған анасына оқ атады. Бірінші шығармада Ананың өлімі шартты, метафоралы болса, екінші шығармада шарттылықтан нақтылық, реалдылық басым. Екі жағдайда да жазушы адам болмысы, адам табиғаты туралы ой толғайды. «Ақ кемеде» Бұғы-ананы сойып, етін қазанға салып пісіріп, қомағайлана жеп жатқан – Бұғы ананың өз балалары, адамдар. Олар өз аналарын сойып, қазанға салып пісіріп, қомағайлана жеп жатқанда, өздері ашығып, аштан өлетін болған соң жеп жатқан жоқ, жегісі келгендіктен, қу құлқынның құлына айналып кеткен соң жеп жатыр. Бұларда Бұғы-Ананың өздерінің анасы

екендігі туралы түсінік, ұғым, сезім жоқ. Бұлар үшін Бұғы-Ана – қу құлқынның құмарын басатын, қарындарын тойғызатын ет. Бұлардың өмірлік мақсаты мен мұраты – ас ішіп, аяқ босату. Абайдың: «Адам – бір бөк көтерген бөктың қабы», – деген даналық сөзінің идеялық мәйегі Ш. Айтматовтың жаңа ғасырдың шындығы туралы шығармасында жаңаша көрініс тапты.

Автордың шығармашылық ой өзегі қу құлқынның қамын, қарақан басының пайдасын ойлаудан аспаған, адамшылықтан адасқан жанның өз ортасы үшін, қоғам үшін, адам үшін жабайы жыртқыш аңнан да қауіпті, қатерлі болатыны туралы оймен ұштасады.

«Ақ кемеде» Момын шалдың баяндауы бойынша, Бұғы Ана оқиғасы – ерте дәуірден бері келе жатқан аңыз. Баланың қабылдауында ол – белгілі бір өткен өмірдің бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан ақиқат шындығы. Ал нақты ғылыми ақиқат тұрғысынан келгенде, аңыздың мазмұны өмірдің реалды, шынайы оқиғаларын сипаттайды да, ондағы Ананың Бұғы бейнесінде берілуі халық творчествосына тән шарттылықтың көрінісі болып табылады. «Ақ кеме» поэтикасына тән басты ерекшеліктердің бірі аңыз табиғатындағы мазмұнның сипаты мен оның формасындағы шарттылықтың өзара байланысының осындай күрделілігіне орай анықталады. Бала тағдырының трагедиялық түйінінің түп төркіні оның санасында аңыз мазмұнының осы реалдылығына, шынайылығына сәйкес формасының да нақты сипатқа иеленуінде жатыр. Баланың түсінігінде айналасындағы адамдардың жиналып алып, басын балталап, денесін жіліктеп, қомағайлана асап жеп жатқаны – бұғы емес, Ана. Ал «Боранды бекеттегі» мәңгүрттің түйсіну-түсінігінде оның өз қолымен атып, жайратып салғаны – Анасы емес, жау. Аңыз бен ақиқаттың, шарттылық пен нақтылықтың қиын да күрделі үндестігі, тұтастығы жазушының көркемдік әлемінің қат-қабат, алуан қырлы жүйесінде осылай көрініс табады.

«Ақ кемедегі» Оразқұл бастаған топ бұғыны атып алып, етін жеді. Бұғыны Ана деп ұққан, соған сенген Бала мұншалық жауыздыққа шыдай алмай мерт болды. «Боранды бекеттегі» түйекеш ақыл-естен ажыраған: есінде ештеңе жоқ; өзіне айтқан сөздің дыбысын, үнін естиді, мағынасын түсінбейді; ешнәрсені аңғармайды. өз анасын өзі жау көріп, атып салғанда да селт етпейді. Түйекеш өзінің аты Жоламан екенін де, анадан туған адамзат екенін де, Дөненбай атты әкеден туған ұл екенін де ұмытқан, білмейді. Өз табиғатына тән осындай ең киелі, қасиетті ұғымдардан әлдеқалай ажырап қалып, адамдық қасиетін жоғалтқан.

Адамның өз анасын ана деп танымауы, өз атасын ата деп танымауы – құлдық сананың көрінісі. Адамның ең асыл қасиеті – оның санасының бостандығында, ақыл-ойының азаттығында. Санасында бостандығы жоқ, ақыл-ойында азаттығы жоқ адам – құл. Ол санасында бостандығының жоқтығына, ақыл-ойында азаттығының жоқтығына тарынбайды. Санасында бостандығы жоқ жанда сана бар деу бекер, ақыл-ойында азаттығы жоқ жанда ақыл-ой бар деу артық. Оның ардақ тұтар жалғыз асылы болуы мүмкін. Болса, ол – оның ақылдан ада, санадан мақұрым құлдық қалпы. Сондықтан ол өзінің қожайыны не десе, соны істейді: ат десе, атады; шап десе, шабады; ас десе, асады; іш десе, ішеді; же десе, жейді; жат десе, жатады; тұр десе тұрады. Оның тіршілігі үшін осы бұйрықтарды орындау жеткілікті. Басқаға мұқтаж емес. Басқаға мұның көзі түспейді – көзінде перде бар. Басқаны бұл естімейді – құлағында тығын бар. Басқаның адамшылық қасиетін бұл білмейді – адамшылықтан кеткен.

Жазушы осындай адам кейіпті жанның образын жасаған. Шындығына келгенде, оны адам деп айту шартты. Кейпі – адамның кейпі. Адам кейпінде болса да, оны адам деп айту қиын. Өйткені одан адамға тән қасиет табылмайды. Оның ойы мен бойында ана сүтімен, ата сөзімен дарыған адамшылық қасиеттер жойылып кеткен. Адамдар оның ой-санасын, ақыл-есін сығып алған,

адамдық қасиетін жойған. Бұған қарағанда, ол табиғаттың тылсым құбылысы емес, ол аяғы аспаннан салбырап, осы қалпында жерге топ етіп түсе салмаған. Ол – адамның жауыздық, зұлымдық іс-әрекетінің нәтижесі. Ол – жауыздық, зұлымдық құралы. Адамды жауыздық, зұлымдық құралына айналдырудан асқан жауыздық болмайды. Адамды жауыздық, зұлымдық құралына айналдыру – адам өлтіруден жаман қылмыс. Жоламанның қалпы осындай.

Ақыл-есі бүтін адамның ақыл-есін алудың зұлымдық жолы тарихи дереккөздерінде кездеседі. Сол зұлымдық жолдың қырлары Ә. Кекілбаев жасаған мәңгүрт бейнесі айналасында ашылады. Адамның ақыл-есін алып, оны мәңгүртке айналдыру тарихи дереккөздерінде сақталған шындық оқиғалардың қатарына жатады. Онда аңыздық сипат жоқ. Бірақ осы тарихи дерегі анық сақталған іс-әрекет айналысында тиісті заңдылықтарға сай аңыздық оқиғалар желісін тарту – жазушының көркемдік қиялдау қызметінің нәтижесі. Ш. Айтматов шығармасында ерекше поэтикалық қызмет атқаратын «Найман ана», «Дөненбай құсы» туралы мифтік, аңыздық сипаттағы көркемдік қиялдау нәтижелері өмірдің нақты шындығы туралы концептуалды ойларға өзек болған.

Ақыл-есі ада болған Жоламан адам құлағы естімеген қылмыс жасайды. Оның бұл секілді жауыздығына немесе оны жауыздық құралына айналдырған адамзат баласына лағнет айтатын кейіпкер шығармада жоқ. Мәңгүрт перзентінің қолынан өлім тапқан Найман Ананың ақ жаулығы ғана құс болып аспанға ұшып, болған сұмдық туралы шырылдап-шырқырайды, аңыз болып елдің аузында қалады.

Жазушы Жоламан бейнесінен оны жауыздық құралына айналдырған адамның немесе ортаның, қоғамның немесе заманның келбетін көрсеткендей болады. Осы келбет көлеңкесі адамзат үшін адамның қолымен жасалған жауыздық құралы қандай қатерлі болса, сол жауыздық құралын жасаушы адамның немесе ортаның, қоғамның немесе заманның өзі де адам, адамзат үшін соншалықты

қауіпті екендігі туралы ой тастайды. Жазушы бұл ойын аңыздық оқиға желісі бойынша трагедиялық мазмұнмен ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар осы мазмұнның мәнін өмірдің нақты шындық оқиғалары негізінде шығарманың көркемдік-эстетикалық құрылым-жүйесінің басқа деңгейінде ашады. Жазушы «Найман Ана» аңызының мазмұны мен Сәбитжан бейнесін, Ана бейіттің жолын күзетушілер әрекетін бірімен-бірі тектес, негіздес және бірін-бірі толықтыратын бірбүтін құбылыстың егіз тартылған екі тармағы ретінде көрсетеді.

Аталған шығармалардағы мифтік сарын мен аңыз желісінің ақыры (соңы) – ешбір шарттылықсыз, нақты өмір шындығының өзі. Алайда бұл шындықтың мазмұны біреу емес, көп. Оның тура мағынасы да, ауыспалы мағынасы да, астарлы мағынасы да бар. Жазушы шығармаларында суреттелініп отырған өмір шындығының бұл секілді көп мағыналылығынан автордың шығармашылық ойлауы мен көркемдік-эстетикалық ұстанымының, мифопоэтикасының дара және сара қасиеті танылады.

III. Айтматов творчествосында халықтың ауыз әдебиеті үлгілері өз табиғатына сай жаңа сюжеттік желілермен толысып, байып қана қоймайды, сонымен қатар олар мүлде басқа мезгілдік аядағы (бүгінгі күнгі) өмір құбылыстарымен сабақтасып, тіпті тұтасып та кетіп отырады, сөйтіп көркем әдебиеттің поэтикалық жүйесіне мифопоэтикалық тың сапа дарытады, өзі де жаңарады. Соның нәтижесінде суреткердің бүгінгі өмірдің өзекті, көкейкесті мәселелері жайында толғаған ойлары айрықша айқын парасат сәулесімен жарқыл қағып, шырқау биікке көтеріледі.

III. Айтматовтың мифопоэтикасы – төрткіл дүниеде теңдесі жоқ көркемдік-эстетикалық құбылыс.

## ӘДЕБИЕТ

1. Дәдебаев Ж. Іш пен тыс // Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған. Мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 155-188-бб.

2. Ауэзов М. Путь добрый // Ауэзов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Жиырмасыншы том. Монография, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 300-302-бб.
3. Акматалиев А. (Мелис). Чингиз Айтматов: Человек и Вселенная / НАН Кыргыз. Респуб. – Бишкек: Илим, 2013. – 576 с.
4. Айтматов Ш. Жәмила. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1978.
5. Эткинд Е.Г. Психопэтика. – С.-Петербург: Искусство-СПБ, 2005. – 704 с.
6. Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков... // Живая старина. Вып. III-IV. – СПб., 1894. – С. 391-486.
7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В пяти томах. Том I. – Алма-Ата, 1985.
8. Абрамзон С. Киргизы и их экономические и историко-культурные связи. – Л., 1971.
9. Баялиева Т. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. – Фрунзе, 1972.
10. Байжигитов К. Кыргыз мифтери, уламыштары жана легендалары. – Фрунзе, 1985.
11. Левченко В. Чингиз Айтматов. Проблемы поэтики, жанра, стиля. – 1983.
12. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной монголии. Вып. I. – СПб., 1883. – С. 48.
13. Айтматов Ш. Боранды бекет (Ғасырдан ұзақ күн). – Алматы: Жалын, 1986.
14. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы (I кітап). – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 290-310-бб.
15. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. Монография / Жанғара Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 438 б.
16. Садыков А. Кыргыз залкарлары. II том. Чыңгыз Айтматов. – Бишкек: Бийиктик, 2008. – 380 б.
17. Дәдебаев Ж. Шыңғыс Айтматовтың психопэтикасы // URL <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820>
18. Дәдебаев Ж. Шыңғыс Айтматов және ауыз әдебеті // URL <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1449>

## **Т. ҚАСЫМБЕКОВТІҢ «СЫНҒАН ҚЫЛЫШ» ТАРИХИ РОМАНЫ**

Т. Қасымбековтің «Сынған қылыш» (Қырғызшадан аударған И. Жақанов. – Алматы: Жазушы, 1981) романы – қазақ және қырғыз тарихи романының келісті үлгілерінің бірі.

Романда Қоқан хандығының езгісіне қарсы Қырғызстанның оңтүстік аймағында болған халық көтерілісінің алғашқы кезеңі Құдияр ханды қатты алаңдатады. Көтерілісті басу үшін хан таулықтарға Әбдірахманды жұмсайды. Әбдірахман таулықтар мен өзінің туысқандығын, беделін ортаға сала жүріп көтерілісшілермен тіл табысады. Ханмен келісу үшін көтеріліске шыққан халықтың қырық биін Қоқанға жібереді де, өзі халық арасында қалып қояды. Ханға жолдаған хабарында қырық бимен келісе отырып, халық көтерілісін қан төгіссіз басу қажеттілігіне ерекше назар аударады. Алайда хан елшілікке келген қырық биді түгелдей өлімге қиды. Тарих шындығы да осыны айтады [149, 320; 150, 49-50]. Жазушы тарих бетінде сақталып қалған осы қанды оқиғаны суреттей отырып, Әбдірахман характерін терең ашып көрсетеді.

«Әбдірахман қымыз ішіп жайбарақат отырған-ды. Жанында бір топ ел билері бар болатын. Сырттан тасырлата жүгіріп жүзбасылардың біреуі кіріп келді. Өңі құп-қу. Әбдірахман:

– Ия, мұнша алақтап... – деп қасын керіп, жүрегі бір қатерден селт етіп, селтиге қарады.

– Бек, – деді аптыққан жүзбасы, – өкілдер тегіс қырылыпты!..

Ел билері шу ете түсті. Әбдірахманның қолынан кесесі түсіп кетті. Қымыз төгілді. Екі көзі қып-қызыл боп:

– Ә! Ант атқан қатын жанды ит! Істің бәрін рәсуә қылған екен, – деп орнынан атып тұрды.

– Атты ерттендер!» (Қасымбеков Т. Сынған қылыш, 328-329-беттер).

Үзіндіде берілетін хабардың өзі де, мағынасы да қысқа, шағын. Ал енді сол шағын хабардың айтылуы мен қабылдануын баяндап отырғанда, жазушы кейіпкерлерінің түрі мен қалпындағы, ісі мен сөзіндегі ерекше детальдарды баса көрсетеді. Шағын хабарды адамның мінезін, реніші мен ашу-ызасын, жан шындығын танытатын көркемдік құралдар (сөз, түр мен тұс, қимыл т.б.) көмегімен әсерлі формаға түсіріп, оның эмоциялық реңкін күшейте түседі.

Көкірегін осы реніш, осы күйінішке толтырған күйі Әбдірахман хан сарайына жол тартады.

«Ол осынша әлекке түсіп, қызыл өңін сарғайтып, мәмілеге әрең көндірген ісін бір ақырып ойранын шығарған Құдияр ханды боқтап келе жатты. Ең өкініштісі сол – бүкіл ақ ниет жандарға, бүкіл елге алдамшы, имансыз болды. Осыған қатты күйінді. «Мұны Құдияр хан әдейі істеді. Елге сүйкімді боп кетпесін, ел екеуінің арасына ор қазып тастасам, менен басқа тұмсық тығары қалмай, маған ақ адал қызмет етіп жүрсін дегені ме? Осы бір ой Әбдірахманның жүрегіне маза бермеді. «Паруанашы» деуін қарашы өзінің! – деп қыжылы қайнады оның...» (Сонда, 329-б.).

Алғашқы үзіндіде автор Әбдірахманның болған іске шұғыл реакциясына, оның сыртқы көріністеріне баса көңіл аударуды мақұл деп тапса, мына үзіндіде кейіпкерінің ішін, жан күйзелісін белгілейді. Әбдірахман өзегін өртеген назасы мен ызасын баса алмаған қалпында бірте-бірте болған істі ойша сараптап, талдап, бағалай бастайды.

Ханның қанқұйлы қылмысының себептеріне үңіліп, ақиқат шындыққа жақындаған сайын оның ашу-ызасы арта түседі. Ханның үстіне ол осындай күйде келіп кіреді.

«Бір кезде Нүзіп аталық Шерәлінің шоқайын ілдірген диуанханада орданың бүкіл билеушілері жиналып отыр екен. Әбдірахман тәртіп бойынша есіктен қаруын шешіп кіруі керек еді, ол бір атар орыс тапаншасын беліне қыстырып, қылышы салақтаған күйі, қамшысын сүйретіп, томсырайып кірді. Ол әйткенмен ізеттілікті де сақтап:

– Ассалаумағалайкум... – деп сәлем берді.

Тек Құдияр ханнан басқасы өре түрегелді. Бәрінің көзі мақтаныш еткен, ардақтаған сезім білдіріп, жадырап қалды. Небір алаяқтар да, орда салтын қастерлей білетіндер де, абтабашының қамшы сүйретіп кірген әдепсіздігін елеусіз қалдырмай, бірақ қазір ол батыр үшін кешірімді деп, өз салмағын білгендердің еркелігі деп есептеп, көпшіліктің әуеніне қосылып тұрды. Әбдірахман тақтың алдына барып, иіліп тағзым етті. Құдияр орнынан түрегеліп, оны екі шынтағынан демеп:

– Жолбарысым! – деп құлашын жая төсін төсіне тигізіп құшақтасты.

Қарап тұрған жандарға бұл қатты әсер етті. Тіпті кейбір қошеметшілер «ү...ү» деп ақырын үн салып, солқылдап жылап қуаттады.

Тас, тасты еріткен – ас. Мынадай сән-салтанатпен қарсы алу, достарының да, өңкей сұмдардың да дуылдаса мақтауы, ең ақыры тақ иесінің оған өзгеше төгілген мейірімі Әбдірахманның кірбің шалған көңілін шайдай ашып, жұмсартып тастады. Осы мәслихатта Құдияр хан бүкіл Қоқан әскеріне Әбдірахман паруанашы қолбасшы болсын деп жарлық мөр басты» (Сонда, 329-330-беттер).

Хан бастаған орда билеушілерінің көлгірсіген аярлығын алақанға салғандай анық көрсетумен бірге жазушы Әбдірахман көңіліндегі ыза-қыжылдың да өріссіз, тыз етпе ғана бірдеңе екендігін сездіреді. Орда адамдарының көлгір жүзінен төгілген аяр мейірім буын-буынына түсіп, өзімен қаны бір қырық бидің опасыздықпен

өлтірілгеніне шыдай алмай, бұғалық түскен асау тайша тулаған жүрегі де қалыпты ырғағын қайта табады, қабақтағы кірбің, көңілдегі реніш те із-түзсіз ғайып болады. Жағдайдың өзгеруіне байланысты Әбдірахманның ой жүйесі, сезім ағыны да үздіксіз өзгеріп, құбылып отырады. Жазушы тарих шындығын адамның ойы мен сезімінің, жанының шындығына айналдырады.

Т. Қасымбековтің «Сынған қылыш» романында Қоқан хандығының бас қолбасшысы Әбдірахман мен көтерілісшілер басшысы Ысқақтың кездесу, өзара келісімге келу сәтінің суреті де жазушының өмір шындығын көркемдік талаптарына сай жинақтау шеберлігінің кейбір басты деген белгілерін тануға көмектеседі:

«Әбдірахман (...) ілгері жүрді (...) Көзінің қиығымен ғана қарап, әңгелек жеп отырған кісі ғана қозғалған жоқ, реңі сәл қуарып, бірақ былқ етпестен сол отырған қалпы отыра берді. Әбдірахман даңқы орданы тітіреткен кісіні жормалдап таныды да, ол сыпайылық үшін болса да, ананың орнынан тұрып кеп қарсы алмағанына тырысып қалды. Бұдан былай қылатын ісі бір болған соң екі жағы да бірдей иілуі керек еді ғой. Әбдірахман:

— Ассалаумағалайкум! — деп салқын сәлем беріп, тағзым етпей, оң қолын көкірегіне басқан болды.

Ысқақ жайбарақат қана жүзін бұрып, қадала бір қарап ап:

— Әлейкумуссаләм, келіңіз, бек, — деп, сол отырған күйі Әбдірахманның қолын алып, алдында жатқан тасты көрсете берді. — Келіңіз, отырыңыз. Өз үйіміз, өлең төсегіміз емес бұл, кешіргейсіз.

Әбдірахман ыңғайсыз жағдайға тап болды. Ол мұндай басынуды ешқашан көрген емес еді. Орда кісілері құлдық ұрып жүруші еді алдында! Басында тәжі бар кісінің өзі де жалтақтап сөйлеспеуші ме еді! Іштей тырысты. «Кімге келгем?» — деп, өкінішті ой жылт етіп, екі қасының ортасы түйіле қалып, қабағын кірбің шалды. Бірақ сәл жымығандай боп, мұның бәрін де сездіргісі келмеді. Ысқақ көрсеткен тасқа ақырын құйрығын басып отырды.

Ысқақ мұның бәрін сезді. Байқамаған боп, әңгелектен бір тілім ұсынып:

– Қане, бек, дәмге келіңіз, – деді.

Әбдірахман үн-түнсіз басын изеп, ақырын ғана:

– Бісміллә... – деп, әңгелектің тілімін алды» (Қасымбеков Т. Сынған қылыш. 356-357-беттер).

Әбдірахман – Қоқан хандығындағы ханнан кейінгі екінші адам. Алдында мың сан жақсылар басын иіп, аяғына жығылғанға ойы да, бойы да үйреніп қалған ірі әкім. Көтеріліс басшысы, ханзада аталып жүрген Ысқақтың ашық алаңда, тақтың емес, ағаш дөңбектің үстінде отырған қалпы да, ханзадаға лайықты дастархан басында тамақтанбай, дөңбек үстінде әңгелек жарып жеп отырған жұтаң күйі де Әбдірахманның екіұдай, күпті болып келген көңілін мүлде орта түсіріп жібереді.

Сөз болып отырған эпизодтағы Ысқақтың отырған алаңы, өзі құйрық басқан дөңбек, Әбдірахманға нұсқаған алдындағы тас, қолындағы әңгелек, оның Әбдірахманға ұсынылған бір тілімнің жартысы желініп, жартысының жерде қалуы – мұның бәрін өмірде жоқ, болмаған құбылыстар деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Мұндай жайлардың өмірде болып, тіпті қайталанып тұруын айрықша тосын іс деп емес, тұрмыстың ең бір қарапайым, күнделікті суреті ретінде қараған дұрыс. Бірақ Әбдірахман мен Ысқақ кездесуі тарихта дәл осы қалыпта, осы түрде өтті деуге тағы болмайды. Жазушы бұл екі адамның қиыннан орайы келген кездесуін, олардың осы сәттегі психологиялық жай-күйін ширықтырып көрсету мақсатымен, тарихи ақиқат құбылыстың аясына басқа бір уақытта болуы мүмкін типтік сипаттағы оқиғаны алып келеді. Сөйтіп, белгілі суреттелініп отырған оқиғалар тобын «сығылыстырып», «тұтастырып», оған шымыр сипат дарытады. Оқиғаның тарихи мәнін өзгертпей, оның орындалу амалын ойдан табады. Сонымен бірге автор суреттелініп отырған жағдай талаптарына сәйкес болуға тиісті кейбір іс-әрекеттерді мақсатты түрде шығарма құрылымына енгізбейді. Дәлірек айтқанда, автор Ысқақты

оның алдына келген Әбдірахманға қонақжай ізет көрсетуден тежейді. Ханзаданың өзіне үй иесі, от ағасының кез келген қонаққа жасайтын кәдесін жасап, орнынан тұрып қарсы алмағанына Әбдірахманның намысы ұстап, іштей тырысып, қитығып та қалады. Әйтсе де алдағы істің жайын ойлап, реніш сезімін тежей түседі. Өзі алдына келіп тұрған кісіге салқын да болса, сәлемін беруге мәжбүр болады. Ысқақ мұның салқын сәлемін қабыл алғанда да, отырған орнынан қозғалмайды. Намысшыл кеудесіне нан піскен Әбдірахман Ысқақтың мұнысын да әдепсіздікке жорып, іші қоңылтакси береді. Одан әрі Ысқақ қонағына құйрық басып отыру үшін алдында жатқан тасты көрсеткенде, оның онсыз да таусылып тұрған төзімінен еш нәрсе қалмайды. Ысқақтың білігіне, кісілігіне мейлінше қарны ашып қалады. Көкірегін келген сапарына деген өкініш жайлайды. Бірақ осының бәріне ол төзеді. Төзе отырып, өзі Ысқақтың алдында бойын кішірейте бермей, ірілігін сақтап қалуға күш салады.

«Ысқақ көзінің қиығымен сынай қарап, аздаған секпілі бар реңі жұмсарып, жымиып:

– Иә, қырсықтан аулақ жүрсіз бе, бек? – деп жайлап сауал берді.

– Құдайға шүкір, ханзада.

– Бегім бабында ма, қылышы қынында ма? Құдай жарылқап, екінің бірі орданың тірегін қандай періште айдап кеп қалғанын білсек болар ма екен?

Әбдірахман бір тілім әңгелектің қалғанын жерге тастап, асықпай бет орамалын алып, қолына жұққан шірені сүртіп, мұртын сылап, ой басып, мына Болат хан атын жамылып отырған неменің оңай жау емес екеніне ден қойып, таң қалып, көзін жалт еткізіп, оған тағы бір назар салды» (Сонда, 357-б.).

Шығыс халықтарының дәстүрлі мәдениетінің өлшемдері бойынша, Ысқақ үй иесі ретінде қонағының қолындағы дәмін жеп болған соң ғана одан жөн сұрауы керек еді. Бірақ өз жағдайында Ысқақ шығыс халықтарының дәстүрлі мәдениетінің өлшемдерін толық

сақтап отыруды қажет деп білмейді. Әбдірахман да бұл өлшемдерді Ысқақтың әдебіне орай, соған лайықты деңгейде ғана сақтайды.

Алайда Ысқақтың жөн сұрау үстіндегі сөз саптау қалыбы, аз сөзге көп мағына сыйғызған ойлау ұтқырлығы, сөйте тұра сөзінің де, ойының да анық, айқын әрі туралығы Әбдірахманның бойынан қоздай бастаған жағымсыз сезімге басқа бағыт береді. Біртіндеп оның Ысқақ туралы алғашқы пікірі де өзгере бастайды. Пікірлесудің соңында Әбдірахман Ысқақтың сөзін де, ойын да мақұл көреді де, өзін көтерілісшілерге қосып алу туралы өтінішін білдіреді:

«– Ниетіңе бас идім, батыр! – деді. – Ертеңгі күні не боларын бір құдайдың алдына қоялық, құдайдың өзі білсін, бүгін қосып ал, батыр, бірігелік...» (Сонда, 358-б.).

Әбдірахманның Ысқақ қосына келудегі басты мақсаты да осы тілекті айту еді. Бірақ Ысқақты алғаш көрген сәтінен бастап, Әбдірахман қазіргі жайы, алдағы күнгі ісі төңірегінде кереғар, карама-қайшы ойларға түседі. Ысқақтың өзіне жартылай ғана жасап отырған ізетіне бұл да жартылай ғана құрмет көрсетуден әрі аса алмай, іштей тығыла берген-ді. Ішіне түйіп келген тілегін айтудың жөнсіздігін, орынсыздығын аңғартқан сезім жетегіне еріп барып, алғашқы ойына қайта бекінеді.

Романда суреттелініп отырған осы оқиғаның тарих шындығына қатынасының сипатына келгенде, Әбдірахманның Ысқақ бастаған көтерілісшілерге қосылуы туралы кеңсе стилінде жазылған шағын ақпарлардан өзге көлемді дерек жоқ екендігін ескеруге тура келеді.

1875 жылы 28 шілдеде қағазға түскен бір ақпарда бұл оқиға туралы мынадай мәліметтер ұшырасады:

«...против этих шаек (племянника хана Назар бека, выбежавшего из Бухары, и прошлогоднего претендента на чаткале Сеид-Фулат хана в окрестности Узгента) были высланы три отряда под начальством Иса Аулие, Абдурахмана Афтобачи и Сарым Сака Ишик Агаси всего до четырех тысяч человек (...) Иса Аулие и Абду-Рахман с вверенными им отрядами перешли на сторону бунтовщиков

и намерены действовать наступательно против хана» [151, лл. 66, 67; 152].

Әбдірахман бастаған топтың көтерілісшілер жағына шығуы және оның себептері туралы бірқатар мағлұмат Әбдірахманның, Иса-Әулиенің және Халық-Назар парванашының 1875 жылдың 28 шілдесінде Түркістан генерал губернаторына жолдаған хаттарында ұшырасады [151: лл. 88-89; 92-93].

Көрсетілген екі документ те Әбдірахман мен Ысқақ арасында болған келіссөздің толық сипатын білдіре алмайды. Документтерде болған келісім-әңгіме емес, оның нәтижесі ғана берілген. Сол нәтижеге сүйене отырып, жазушы Әбдірахман мен Ысқақ арасында болуы мүмкін келіссөзді суреткерлік қиялмен ұтымды топшылайды.

Ысқақ пен Әбдірахман арасында болған әңгіменің тарихқа қатынасының ерекшелігін анықтауға септігін тигізетін тағы да бірнеше деректер бар. Әбдірахман халық қозғалысын Құдияр ханға қарсы пайдалануды көздейді. Ханның інісі Сұлтан-Мұратбек пен баласы Нәсіреддин екеуі де Құдиярды хандықтан тайдырып, әрқайсысы өзі хан болуды тілейді. Әбдірахман өз билігін батыл жүргізу мақсатымен, Нәсіреддинді қолдайды. Шындығында да Нәсіреддин тұсында Әбдірахман бар билікті өз қолында ұстайды.

Ілгеріде Түркістан генерал-губернаторына Әбдірахман, Иса-Әулие, Халық-Назар 1875 жылы 25 шілдеде жазған хат туралы айттық. Осы жылы 28 шілде күні Түркістан генерал губернаторына Нәсіреддин бек те хат жазады. Бұдан аз ғана бұрын (24 шілде) Қоқанның ханы болып сайланған бек Түркістан генерал-губернаторынан өзін Қоқанның ханы ретінде тануды сұранады [151, л. 87 об.]. Түркістан генерал-губернаторы 1875 жылдың 4 тамыз күнгі хатында Нәсіреддин бірнеше шарттарды қабыл алған жағдайда, оны хан ретінде тануға келісетіндігін жазады [151, лл. 90-91 об.]. Ф. Кауфман 1875 жылы 3(4) қыркүйекте соғыс министрі атына жолдаған телеграммасында 1 шілде күні Әбдірахманнан хат алғандығы, ол хатта орыс әскері жеңіске

жеткен жағдайда, хандықтың көшпелі руларының барлағына да Қоқан тұрғындары секілді тыныш, бейбіт тіршілік кешуге пұрсат беру туралы сұралатыны жазылады [151, л. 47 об.]. Ф. Кауфманның осы жылы 15 қарашада қағазға түсірген ақпарында Әбдірахманның көтерілісшілерден бөлініп, Ысқақпен ренжісіп ажырасатыны айтылады [153, л. 32 об.]. Содан бір ай өткенде, Әбдірахман көтерілісшілерге қайта қосылады. Бұл кезде Болат (Ысқақ) бастаған көтерілісшілер саны 80 мыңға дейін жетеді. Соның ішінде 30 мыңы қарулы. Сонымен қатар 5-6 мың барлаушы (лазутчик) аламандары болған [154, л. 13]. Енді бір ай өткен соң (24 қаңтарда) Әбдірахман Әндіжан түбінде Скобелевке келіп мойынсұнады [154, лл. 67-68].

Көрсетілген деректердің бәрі де бір-бірімен мазмұны жағынан да, хатқа түскен уақыты жағынан да өте жақын. Әрі осы хаттарда айтылған ойлар, сұраныстардың бәріне Әбдірахманның тікелей қатысы бары аңғарылады. Деректерге қарағанда, Нәсіреддин хан, Болат хан (Ысқақ), орыс патшалығының Түркістандағы өкілі – Әбдірахман осылардың бәрімен де байланыс жасап тұрған. Ысқаққа келгенде, Нәсіреддинді Құдиярдың орнына хан көтеруге келіседі, көтерілісшілерге сол мақсатпен қосылады. Сөйте отырып, қайтар жолын да ойластырып, Түркістан генерал губернаторына әлгіндей хат жазады. Көтерісшілерден бөлініп, Нәсіреддин ханмен табысады. Одан қайтадан көтерілісшілерге қосылады. Ақырында, көтерілісшілерден бөлініп, Скобелевке тізе бүгеді. Осының бәрі оның күрделі, құбылмалы, айлалы, екіжүзді адам болғандығын көрсетеді.

Жоғарыдағы деректер түсіретін жарықтың ізімен Т. Қасымбековтің романындағы Ысқақ пен Әбдірахманның келісім-сөзіне қайта назар аударғанда, жазушының тарихи шындықтың басты бір қырын мүлде көрсетпегені байқалады. Ол Әбдірахманның Ысқақпен жүргізген келіссөзінің ең негізгі тармағы болып табылатын Нәсіреддинді хан көтеруге келісу еді. Романда Әбдірахман бұл туралы ештеңе айтпайды. Ол орынды да сияқты. Егер жазушы тарихи дерек ізімен Әбдірахман мен Ысқақтың келісу сөзін

Нәсіреддинді хан көтеруге ұйғаруға алып келіп тіреген болса, онда өзін Қоқан езгісіне қарсы көтерілген халық қозғалысының туы ретінде бағалап отырған Ысқақтың бейнесі көмескілене түскендей болар еді. Болашақ ханның түпкі мақсатының бағыттары мен ерекшеліктерін, оның ішкі және сыртқы саясаттағы тұрғысын жете танып-білмей-ақ, Әбдірахманның сөзіне иланып, Нәсіреддинді хан сайлауға келісу, бір жағынан, Ысқақтың өзі басын тіккен күрес жолына, соңынан ерген көтерілісші жұрттың мүддесіне қайшы келумен пара-пар еді. Екінші жағынан, Ысқақ, қалың бұқараның тілегіне орай, қайткенде де халықты сүліктей сорып, елдің қанын да, абыройын да судай төгіп, төзімін тауысқан Құдияр қанды тақтан тайдыруға мейлінше мүдделі еді. Қалың әскермен өзіне қосылам деп тұрған Әбдірахманның шартын Ысқақ осы жағдайдың ығымен қабыл алуы мүмкін. Жазушы Ысқақ бейнесін бұлайша екі ұдай етіп, ұсақтап көрсететін фактіні шығарма желісіне енгізбей, өзгеше шешім жасайды. Автордың осындай көркемдік шешімге келуінің негізінде Ысқақ характерінің даму логикасы талап ететін өлшемдер жатыр деуге болады. Оның үстіне жазушы Әбдірахман мен Ысқақтың екінші рет табысып, келісімге келуіне себеп болған жайларды да ескерген болуы керек. Көтерілісшілердің мүддесін бір рет сатып, Нәсіреддин ханға қосылған Әбдірахман кейін қайта оралғанда, елдің, көтерілген қалың жұрттың бірлігін арттыру үшін Ысқақ оның айыбын кешіреді.

Әбдірахман мен екі арада болған келісім сөздің екеуінде де Ысқақ өз шешімін көтерілістің мүддесіне орай қабылдайды. Сөйте отырып, автор кейіпкерінің мінезіне, ойлауына тиянақты, жүйелі сипат береді.

Айтылған жайлар романның басты кейіпкерлерінің образын, Әбдірахманның жан шындығын, оның тоқырау, даму сипатын, сондай-ақ Ысқақтың характерін неғұрлым шынайы ашып көрсетуді қамтамасыз еткен көркемдік-бейнелеуіш құралдардың тұтастай бір жүйесінің, «жан диалектикасын» ашудың, психопозтикалық ерекшелігін

танытады. Жазушы кейіпкерлерінің өміріндегі ең бір қиын, қайшылықты сәтті таңдап алады да, оның өзінде қайшылықты даму жағдайындағы характер шындығын жеке дара алмай, оны белгілі дәрежеде даму сатысынан өтіп болған, қалыптасқан характер шындығымен шарпылыстырып, оларды кей тұстарда бір-біріне қарама-қайшы бағыттан қастығыстырып, бірде өзара өзектес мүдде аясында табыстырып отырады.

Ә. Кекілбаев, Т. Қасымбеков белгілі тарихи құжат беретін деректерді кейіпкерлерінің ойы мен сезімінің бастау көзіне айналдырып суреттейді. Әбілқайыр мен Әбдірахманның әрбір ісі олардың толғаныстарымен тікелей сабақтасып жатады.

Т. Қасымбековтің «Сынған қылыш» романындағы Әбдірахман мен Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарындағы Әбілқайыр арасында олардың ортасына сай қалыптасқан әлеуметтік психологиясымен сабақтасатын едеуір жақындық бар. Екі кейіпкердің де ой тілегі, жан жүйесі құбылмалы, толқымалы. Ойға алған бір мақсатты орындауға бекем бекіне отырып, қоршаған әлеуметтік ортаның ықпалымен екеуі де бастапқы бағытынан айнып шыға келеді. Басқаша жағдайға тап болғанда, тағы да сол жағдайдың ығында кете береді. Әбілқайырдың Әбдірахманнан бір ерекшелігі – ол жағдайдың билігінен шыға алмай, ойға алған ісінен қанша қайтқанмен, түпкі мақсатынан таймайды. Жағдайдың ықпалымен ойын, ісін қанша өзгертіп, құбылтса да сол түпкі мақсаты тұрғысынан өзгертеді, сол мақсатына жету амалдарын ескере отырып құбылтады.

С. Сматаев пен М. Мағауиннің тарихи шығармаларындағы басты кейіпкерлердің ойы мен ісінде мұндай екіұдайылық, қарама-қайшылық жоқ. Олардың ісі де, ойы да – нақты, анық, айқын. Бұлар – саясаткерлікпен ойын онға, санасын санға бөліп, ойдан ой қашырмайтын қолма-қол істің адамдары. Сондықтан олардың мінезі ішкі қайшылықтар, «жан диалектикасы» арқылы емес, негізінен, нақты іс, оқиға үстінде ашылады.

Тарихи өткен дәуір шындығын суреттеу барысында жазушылар қолда бар тарихи фактілерді тұтастай алып екшеп, сұрыптаумен қатар олардың құрамдас бөліктерін де ой елегінен өткізеді. Жазушының суреткерлік нысанасына орай тарихи деректің құрамдас бөліктерінің қайсы бірі мүлде қысқартылады, енді бірінің орнына өмірде болмаған, бірақ характер логикасына, тарихи құбылыстың, жағдайдың даму заңдылықтарына толық сәйкес келетін басқа бір деталь ойдан қосылады. Сондай-ақ тарихи деректер элементтерінің орнын ауыстыру сияқты көркемдік тәсіл де байқалады. Тарихи деректі оқиғаның болған мезгілі мен мекенін, сонымен қатар амалын өзгертудің де атқаратын қызметі мол.

Қазіргі қазақ және қырғыз романдарының көркемдік құрылымында кездесетін ойдан толықтыру, өзгерту және ойдан шығару секілді көркемдік жинақтау тәсілдерін олардың нақты мезгілдік және мекендік аяда [155, 175-176] көрініс табатын басты формалық белгілері бойынша екі салаға топтастыруға болады. Оның бірі – түйдектеу, екіншісі – баяулату [156, 175-176; 41, 248-249]. Мұның біріншісінде суреттелініп отырған белгілі бір тарихи оқиға басқа мезгілде, басқа мекендік аяда болған немесе өмірде мүлде болмаған, бірақ болуы мүмкін оқиғалармен тұтасып, шымырлана түседі, белгілі мезгіл және мекен аясында тығыз, серпінді сипат табады. Бұл ретте кейінгі оқиға, егер ол тарихи деректі болса, өзінің мезгілдік және мекендік нақтылығын жойып, суреттелініп отырған негізгі тарихи құбылыстың мезгілдік және мекендік шеңберіне енеді. Екінші жағдайда белгілі тарихи оқиғаның суреттелуі барысында басқа бір тарихи оқиға өзінің мезгілдік және мекендік нақтылығын толық сақтайды да, көбінесе, автордың болмаса кейіпкердің лирикалық толғанысы немесе болып жатқан оқиғаға қатысты басқа бір жайды еске алуы түрінде баяндалады. Бұл ретте шығармада суреттелініп отырған тарихи деректі оқиға желісі үзіліп, сол оқиғаға жанама немесе тікелей қатысы бар, бірақ мезгілдік және мекендік сипаттары мүлде бөлек басқа бір

оқиға баяндалады да, одан кейін бастапқы, негізгі оқиға желісі қайта жалғасады.

Қазіргі қазақ және қырғыз тарихи романы тарих бетінде сақталған белгілі оқиғаның болған жағдайын, оның басты қозғаушы күштерін саралап талдай отырып, соның бәрінің логикалық және психологиялық дәлелін, жүйесін көркемдік заңдылықтарына орай анықтайды. Белгілі құбылыстарды жеке-дара алмай, оларды өзара және басқа тектес құбылыстармен байланыста, сабақтастықта суреттеу қазақ тарихи романын бірқатар басты және мәнді көркемдік ақиқаттарға жеткізді. Тарихи шындық дәлелдігін сақтай отырып, оған белгілі бір ой, мағына жарығын терең әрі шебер екшеп түсіру өмірлік құбылысты терең және жан-жақты ғана емес, сонымен бірге мүлде жаңа қырынан тануды қамтамасыз етті. Жазушының өмірде болған, нақты ақиқат құбылыстарды ғана суреттеп қоймай, қажет болған жағдайда құбылыстың мәніне тереңдеп барып, оны жан-жақты ашып көрсету мақсатында, ақиқат деректер беретін шындықты өз мұратына орай өзгерген немесе толықтырылған түрде пайдалануы елеулі көркемдік нәтиже берді. Жазушының ойлау парасаты мен шеберлігі жоғары суреткерлік тұрғы биігінде тоғысып, парасат шеберлікпен, шеберлік парасат байлығымен ұштасқанда, әдеби шығармаға қойылар басты шарт – тарих шындығы мен жазушы еңбегі арасында әсем келісім, көркемдік жарасым салтанат құрады.

Т. Қасымбековтің романынан халықтың дәстүрлі мәдениетінің категорияларын әдеби шығарма құрылымында творчестволықпен пайдаланудың үздік үлгілерін кездестіруге болады. Мысалы, «Сынған қылыш» романындағы мына көрініске назар аударайық:

«Қарашал батыр қалғып келе жатты. Жасы асқан адам талықсыса керек. Он бес жасар зор көк теңбіл буданның үстінде үнсіз бұлғақтап келеді. Жер ортасын артқа тастаған будан қазығын сағынды ма, тауға таянған сайын жер апшысын қуырып, өршелене төрт тұяғы бірдей шарқ-шұрқ етіп, желдей есіп келеді. Екі езуінен бұрқыраған ақ көбік

омырауына шашырап, жапалақтаған қардай үзіліп түседі. Иесі құс бас ердің қасына тізгінін қарыстыра орап тастаған еді. Қызып алған көктеңбіл будан оған да болмай, ауыздығын қарш-қарш шайнап, тұяқтарымен жер қашап, Әбіл бидің жорғасын жанап өте береді. Бұған Әбіл би жымың ете түсті. Қарашалдың алып тұлғасына көз қиығын бір салып қойды. Жол да ұзап барады, көктеңбіл талар емес, негізінде қайта-қайта жұлқи тартып, Бекназардың арғымағына жақындай берді. Бекназар қамшылар жақтан кеп қалған атты көріп, ақырын көз қиығын тастап, үзеңгісін сәл ғана қағып жіберіп қарақасқаны тебініп қойды. Көктеңбіл одан сайын егесіп, сілтей берді.

Әбіл би тасты-тасқа ұрып, ортадан от шығарғысы келді. Көктеңбіл буданның қажырын сезіп, тебіне түсіп жетті де, ақырын ғана қамшысының ұшымен шабына түртіп қойды. Ілкімді будан селт етіп орғып кетті де, ауыздығын кеміріп, қарақасқа арғымақты жанай салды... Осы сәтте Бекназардың қолы қараңғылықты қарс айырып қылаң ете түсті. Тарс ете қалған үн жаңғырып, көктеңбіл будан шыңғырып, көкке шапшып, қос аяқтап тік тұра қалды да, омақаса жығылды. Қарашал далбаң етіп ұшып кетті» (Қасымбеков Т. Сынған қылыш, 27-28-беттер).

М. Мағауиннің «Аласапыран» романында Ораз-Мұхамед жол әдебін осылай бұзған Есенеі бекті жазасыз қалдырады. Т. Қасымбековтің романында олай болмайды, Қарашал батыр арғымағымен бірге омақаса құлап түсті. Рәсім жөніне сайғанда, Есенеі бектің жазасын Ораз-Мұхамед өзі беруі керек еді. Алайда бейбіт жағдай аясында жасаған оспадарлығы үшін Есенеі бек өзін-өзі айыпқа бұйырып, ашуын атынан алған соң, хандық жолға жаңадан бет қойып келе жатқан Ораз-Мұхамед қасындағы бегінің жөнсіздігін елеусіз қалдырады. Ал Бекназардың жағдайы бұдан мүлде өзгеше. Ораз-Мұхамедті қоршаған орта Бекназардың ортасынан мезгілі мен мекені жағынан да, сапалық сипаты жағынан да бөлек. Бекназар Ораз-Мұхамед сияқты бейбіт жол үстінде емес, жорық, соғыс жағдайындағы қол басы болғандықтан, оның өлшемі де, ісі де үзілді-

кесілді анық, ашық әрі өткір. Екінші жағынан, М. Мағауин романындағы тартыс құрылымында екі ғана жан, Ораз-Мұхамед пен Есеней бек қана әрекет ететін болса, Т. Қасымбековтің романындағы тартыс аясына үш адам қатар тартылады: Бекназар, Қарашал, Әбіл би. Сонымен бірге кейінгі шығармадағы тартыс алдыңғы шығармадағыдай бір емес, қос желіден тұрады. Оның бірі – Әбіл мен Бекназар арасында, екіншісі – Қарашал мен Бекназар арасында. Алғашқысы бұрыннан созылып келе жатқан, тамыры терең тартыс та, кейінгісі алдыңғы тартыстың арнасында болған арандату жағдайында туған бір сәттік, бұрқ етпе, бірақ қатерлі қақтығыс еді. М. Мағауин шығармасында көрсетілген тартыстың түп негізінде Есеней бектің басқаның басындағы бақты күндеген бәтуәсіз о жарлығы жатса, Т. Қасымбековтің романындағы тартыс Әбіл бидің билікқұмар, мансапқор қара көкірегінен бас алады. Екі жағдайда да характерлер қақтығысы, адам табиғатының терең жардай қиын шындығы дәстүрлі мәдениеттің қалыптасқан дағдыларының аясында ашылады.

Халықтың дәстүрлі наным-сенімдері бойынша, адамның басына қонған бақ, бақыт құсы өзіне деген ерекше қатынасты талап етеді. Басына бақыт құсы қонған адам оны сақтау, қорғау үшін өзі тарапынан да, өзгенің тарапынан да болуы мүмкін астамшыл әрекетке, бақыт құсын шошытатындай іске жол бермеуге тиісті. Біреудің басындағы мұндай ерекше артықшылықты көре алмай, оны үркіткісі немесе шошытқысы, жойғысы келген адам алуан түрлі қысастық жасауға дейін барады [163]. Жоғарыда айтылған екі түрлі жағдай, М. Мағауин романындағы Есеней бек пен Т. Қасымбековтің романындағы Әбіл бидің қылықтары, өзгенің басындағы артықшылықты көре алмай, оған қысастық жасаудың көріністері болып табылады. Мұндай қысастыққа қарсы қолма-қол тосқауыл жасап, шара қолданбайтын жағдайда, адам өз басындағы азды-көпті бақ-талайын жоғалтып алуы мүмкін [164, 89]. Т. Қасымбековтің романындағы Бекназардың Қарашал

мініп келе жатқан көктеңбіл сәйгүлікті шыңғыртып, омақастыра құлатуы оның өзіне, бастап келе жатқан жолына жасалған қысастыққа қарсы шығуы еді. М. Мағауиннің романында мұның бәрі Ораз-Мұхамед пен Есенеидің мінген аттарының шарпысып, шайнасуы деңгейінде жүзеге асып жатады. Есенеидің өз атының басынан өзі ұруы онсыз да Ораз-Мұхамедтің пайдасына шешілген ішкі егесті біржола аяқтап тынады. Осылайша, аяқталған қақтығыстар бірте-бірте ашық жаулыққа алып келетін оқиғаларға ұласады.

Халықтың дәстүрлі мәдениетінің ең бір маңызды категорияларының бірі болып табылатын өзара сыйластық, әдеп үлгілері Т. Қасымбековтің романында елдің жайлауға бет алған көшін суреттеу барысында айрықша көзге түседі.

«Көш басы көк өзенді бойлай майда құрақты жасыл адырға таянып, көш бастаушының туы қасқиған айналма жолды жоғары өрлеп бара жатты.

Тәңірберді ақ сақалының ұшын ұстап, кірпігінің түбі қызарып нұры өше бастаған көзін жыпылықтатып, қастарын үрпитіп, ой басқандай жай қарады да тұрды (...)

Көштің ортаңғы тұсында бір ақ тайлақты топ көрінді. Кішкене қара бие мінген әйел жүгінің үстіне қызыл сырмақ жабылған қайымалы інген жетелеп келеді. Ақ тайлақ ақша бұлттай аппақ екен. Бүлкілдеп желіп, қайтадан аяңға түсіп, енесінің соңында келеді. Ашамайлы жорға тай мінген жас бала тебіне түсіп кеп қамшысымен түртіп қап, ақ тайлақтың жынына тиіп, ойнап мазасын алады. Ақ тайлақ ойнақтай бере балаға болмашы ғана «бу-у» деп айбат қылып, бадырайған қара көзін мөлдірете басын шұлғиды, ол да, бала да ойынға беріліп, теңселе желген сайын мойнындағы қоңыраулары сыңғырлай жөнеледі. Олардың ең соңында үйдің бой жеткен қызы келеді. Қыздың мінгені – күміс тұрманды торы қасқа айғыр. Қызыл манат тебінгінің шашақты жібек түймелері екі үзеңгіден төмен, айғырдың тізесіне дейін төгіле түсіп, жалтылдап ырғалып келеді. Қыз жолда жар сап тұрған кісілерге қарап, жасыл алқаптың сәнді шапанына түскен жамау сияқты шаршы-шаршы егіс

аңыздарына таңырқай қарап, қолдарын жайған күйі былқ етпестен тарылардың ішінде тұрған қарақшыларды кісі ме деп таң-тамаша боп, ұйқы толған көзін уқалап, көш соңында манаурап, уылжып келеді.

Құндыз бөркінің үкісі үлпілдеп, күн де сұқтана күлімсіреп, моншағын құлпырта жылтылдай ойнап, қыздың сұлу шырайына нұр таратты. Қою шашы бес өрім. Жас шіліктей майда. Құйрығын кескен қара ала ит жол жиектеп, көшпен қабаттасып, тілін салақтатып жүріп келеді, қайта-қайта жата қап шөпке аунап, көш ұзай бергенде, тұра сала жалтандай жорытып, су аққан қара тұмсығын тыржита түшкіріп, заулап желіп көштен қалар емес. Сыңғыр... сыңғыр... Көш басындағы түйе боздап, ол үн бірте-бірте алыстай берді.

– О, сусын ішіп кетіңіздер, байекелер...

Жүгі бар өгіз айдап көш соңында келе жатқан ақ тайлақты топтың иесі атының басын бұра:

– Сусын болса ішерміз... – деп келіп, Тәңірбердіге сәлем берді. – О, ассалаумағалайкүм, Тәңірберді аға, барсыз ба тегіс?

– Шүкір, шүкір, – деп Тәңірберді де қарай қалды.

– Танымадыңыз ба? Мен Жаңбыр емеспін бе? Ай таңбалы Барғы Жаңбырмын, Тәңірберді аға...

– Ім, көзі құрғыр қала бастаған екен ғой, жүзің де жылы ұшырап манадан бері... енді таныдым... – деп Тәңірберді қауқалақтап қол беріп сәлемдесті. – Қайран Жабай ақсақалдың баласы Жаңбыр емессің бе? Иә, мал-жан аман ба, Жаңбырым? Кел, сусын іш... кел (...)

– Сусын ішіңіз, бикеш...

Ажарлы қыз қарлығаштың қанатындай әсем қасын керіп, үлбіреп, сәл наз қылық танытып, жігітке ұрлана бір назар сап, кесеге онша ұмсынбай, сыпайы ғана ақырын қол созды. Уыздай ақ білегі көрініп, күміс білезіктері сылдыр ете түсті. Темірдің жүрегі тепсіне тулап кетті. Қыздың ноқаттай болса да секпілі жоқ, жұмыртқаның ағындай албыраған жүзінен көз алмады. Қыз кесені ала берем дегенде, қыздың бір саусағының ұшын кесенің түбімен

қоса ұстады. Қыздың ақ жүзіне қан толқып шыға келді, қара көздерін мөлдіретіп, алдында дал боп тұрған апай төс қызыл шырайлы алпауыт жігітке таңырқай қарады. Темір қолын жайлап босата берді. Қыз сыр білдірмей, қымызды алды да, бір ұрттап кесені кері қайырды.

– Ішпегеніңіз қалай?...

Сұлу қыз ыразы болды ма, сәл басын ие сүзіліп, жүзіне әсем ғана жұмсақ күлкі жүгіртіп, тізгінін ақырын қағып қалды. «Қолынан ұстап әдепсіздік көрсеттім-ау, көңіліне кірбің келтірдім-ау», – деп өкінген Темір іші алау-жалау боп қыз соңынан көз алмай қарады да тұрды. Неге жымыды екен, ә? Жігіт көңілі алай-түлей» (Қасымбеков Т. Сынған қылыш, 177-181-беттер).

Романдағы көшкен ауыл көріністері едәуір толық беріліп отыр. Енді осы үзіндінің мағыналық құрылымына көңіл аударайық. Бұл жерде бірнеше тақырыптық желі бар: а) көштің жалпы көрінісі; ә) көшкен ел мен көш жолындағы ауыл адамдарының бір-бірімен амандық-саулық сұрасып, сөйлесу әдептері; б) көш адамдарына ауыл иелерінің сусын ұсыну жөні; в) ауыл адамдарының көшті өз аймақтарынан шығарып салу салты. Бұлардың әрқайсысы іштей тағы бірнеше мағыналық бөліктерден тұрады. Мысалы, көштің жалпы көрінісі аясында ақ тайлақ пен жорға тай мінген баланың ойыны, халықтың дәстүрлі мәдениеті өлшемдерінің барша сән-салтанатына сай бой түзеп келе жатқан бой жеткен сұлу қыздың күйі, жол жиегінде көшпен қабаттасып келе жатқан иттің хош иісті гүлді көк майсаға ауық-ауық аунап, бойын жинай алмай келе жатуы т.б. секілді ұсақ, тұрмыстық жайлар суреттеледі. Ұсақ, тұрмыстық жайлар болғанмен, осының бәрі де қырғыз халқының көшіне тән, тіпті көшпелі тұрмыс жағдайындағы түркі халықтарының бәрінің де көшіп-қону әдеті мен әдебіне ортақ маңызды белгілер еді. Көш бойында ақша бұлттай аппақ ақ тайлақ пен жас баланың, бірі – жануар, бірі – адамзат екі жастың, ойыны тұрмыстық ұсақ-түйектердің бірі болғанмен, үлкен эстетикалық жүк көтеріп тұрған көркемдік деталь болып табылады. Көш адамдарына

ауыл иелерінің сусын беру жөні туралы да осыны айтуға болады.

Қыз алдынан сусын алып шыққан жігіттің халі, бойжеткеннің кесеге аса ұмсынбай, сыпайы ғана ақырын қол созуы, кесені ала берген сұлу қыздың бір саусағының ұшын жігіттің кесенің түбімен қоса ұстауы, қыздың ақ жүзінен бұрқ етіп қып-қызыл шырай шашырауы, қымыздан бір ғана ұрттап, кесені кері қайтаруы, жігітке басын сәл ие сүзіліп, «жүзіне әсем ғана жұмсақ күлкі жүгіріп, тізгінін ақырын ғана қағып» қалып жүре беруі... – бәрі де халықтың дәстүрлі мәдениетінің мазмұнды, мағыналы әрі көркем көріністері. Әрі осының бәрінде де адам жанының ең бір әдемі, әсем, ең бір нұрлы, нәрлі асыл шындығы бар. Көш адамдары мен ауыл азаматтарының амандық-саулық сұрасып, бір-біріне ізгі тілек тілеп сөйлеу, сөйлесу әдебінен де халықтың дәстүрлі мәдениетінің ерекше саласы, айрықша нәзік, адамгершілік сезімге бай сипаты көзге түседі. Сонымен қатар жазушы кейіпкерлерінің қолындағы немесе бойындағы қайсы бір зат немесе белгілердің символдық мағынасы арқылы белгілі мазмұнды байыта түседі. Бұл ретте көш басындағы азаматтың қолындағы туға назар аударса болар еді. Көш жолында отырған ел адамдары осы туға қарап, көшіп келе жатқан ауылды дәл тани береді. Туды зат қана емес, белгілі мазмұнды, мағынаны білдіретін символ десе де болады. Сондай-ақ бойжеткен қыздың шашының көп өрім болып өрілуінің де тиісті мәнісі бар [172, 172-173; 179: 164, 208-209; 169: 19, 334, 339-340]. Қыз баланың шашының өрім саны ата-анасының оған тілеген перзент санын ишаралайды. Оң жақтағы өрімдер тілектегі ұл баланың, сол жақтағы өрімдер қыз баланың санына сай келеді. Көрсетілген жайлар үстірт қараған көзге мәңсіз, ұсақ көрінуі ғажап емес, бірақ олар халықтың белгілі тарихи кезеңдегі дүниетанымын, наным-сенімдерін, әдеби мен әдетін тарихи тұрғыда мейлінше шыншыл танытады. Бұл тұрғыдан алғанда, Т. Қасымбеков романдарындағы көш суретін жоғарыда М. Әуезов эпопеясындағы көш көрінісі-

нің көркемдік-эстетикалық деңгейінде жасалған айрықша творчестволық құбылыс деуге болады.

Көшпенді жағдайда тұрмыс-тіршілік кешіп келген қазақ халқының сол тұрмыс-тіршілігіне сай көшіп-қонуы, әдебі мен әдеті, салты оның дүние туралы наным-сенімдерінің, көзқарасының, рухани мәдениетінің басты саласын құрайды. Бұл ретте М. Әуезовтің, М. Мағауиннің, Ә. Кекілбаевтың, қырғыз жазушысы Т. Қасымбековтің шығармаларындағы көш суреттері айналасындағы ізденістер тектес халықтардың байырғы мәдениетін, дәстүрлі дүниетанымын көркем жинақтаудағы үлкен жетістік болып табылады.

Т. Қасымбековтің «Сынған қылыш» романында Шерәлінің хан көтерілуі бірнеше қосалқы оқиғалармен толықтырылып суреттеледі. Шерәлі Қоқан хандығын ханнан қарулы күшпен тартып алу үшін, алдымен, кең далада ақ киізге шығып, хан көтеріледі. Бұл сәтте ол хан деп аталғанымен, хандықсыз, тақсыз-тәжсіз болатын. Жаңа сайланған хан енді өзіне тиесілі хандықты, тәж бен тақты қарудың күшімен тартып алуға тиісті еді. Хан маңындағылар күрес жолына құрбандыққа адам шалып, ханның қылышын қандап, ханды көтеруге арналған ақ киізді де адам қанымен бояйды. Шерәлінің Қоқан хандығына бастаған қанды жолы осылай басталады.

Халықтың ертедегі хан сайлау тәртібі туралы еңбектер мен архив құжаттарында бірқатар мәліметтер бар. П. Карпини [20, 39-40], А. Левшин [197, 126-127], И. Бичурин [54, 267], В. Вельяминов-Зернов [198, 410], И. Заседателев [199, 374-380] және басқа ғалымдар түркі, моңғол халықтарының хан сайлау рәсіміне ерекше назар аударып, өз еңбектерінде ол туралы мол мәліметтер қалдырған. Халықтың әдет-ғұрып ережелері мен заңдарында да бұған тиісті сипаттамалар беріледі. Архив деректерінде Абылайдың [200, лл. 52 об.-53] Уәлидің [201, лл. 36-36 об.] хан сайлануының сипаттамасы сақталған. Абылайдың хан сайлануы туралы мәлімет Ш. Уәлиханов еңбектерінде де көрініс тапқан [202, 116]. Көрсетілген

деректердің ешқайсысында да хан сайлау рәсімінде құрбандық шалынбайды. Соған қарамастан, Т. Қасымбеков өз шығармасында Шерәлінің хан сайлануы тарих шындығына сай суреттелмейді деуге болмайды. Екінші жағынан, Нүзіп пен Мұсылманкүл бастаған қалың топ Шерәліні хан көтеріп қана қоймайды, Қоқан ханы Ибрагим Хайалға қарсы жорыққа шығады. Адамды құрбандыққа шалудың түп негізі осы кейінгі жағдаймен тікелей байланысты болуы мүмкін. Романда Шерәліні хан көтеру мен жорық, соғыс жолына шығу өзара сабақтас, бір тарихи мезгіл мен мекен аясында өткендіктен, соғыс құдайына арналған құрбандық хан көтеру рәсіміне де қатысты болып шығады.

Шерәлінің хан сайлануының үстінде зорлықпен, қаныпезерлікпен төгілген жазықсыз жас қанның хан маңындағылардың ұғымында басқа да символдық мазмұны бар. Адамды құрбандыққа шалып, оның қанын Шерәлінің астындағы ақ киізге төгіп, қылышына жаққанда, хан сайлаудың басында жүрген мансапқорлар ханның хас жауларының қаны да осылай төгіліп, ханның қылышы жаудың қанына осылай малынуын тілек етеді. Өздерінің қанқұмар қорқаулығын осындай ырыммен бүркемелейді. Жазушы хан сайлаудың осындай қаныпезерлік сипатын, халық санасына оны бүркемелеп, өңін айналдырып жеткізуге тиек болған мына ырымды, ежелгі дәуірдегі магиялық ұғым-түсініктің осындай жауыздыққа жетелеген жұрнағын, оны өз пайдасына оңай жұмсап отырған ел жуандарының тоңмойындығын айыптайды.

І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, С. Сматаев, Т. Қасымбеков шығармаларында көрініс тапқан халықтың дәстүрлі мәдениетіне, әдет-ғұрпына байланысты құбылыстар, алдымен, танымдық қызмет атқарады. Жауырынмен бал ашу, түс жору, бақсы ойыны, көш... – бәрі де тарихи-этнографиялық деректерге негізделеді, белгілі кезеңнің шындығын, сол кезеңде өмір сүрген адамдардың наным-сенімдері мен ұғым-түсініктерін, ойлау, сезіну ерекшеліктерін дұрыс түсінуге, толық тануға септігін тигізеді.

Суреттеліп отырған дәуірдің басты шындығы сол дәуірде өмір сүрген адамдардың тарихи ақиқат наным-сенімдерімен, әдет-ғұрыптармен, дәстүрлі мәдениет өлшемдерімен тығыз байланыста ашылады. Соған орай этнографиялық факт әдеби шығармадағы тарихи өткен дәуір тынысына, сондай-ақ сол тарихи өткен дәуірде өмір сүрген адамдардың мінез-құлқына, дүниетанымына тарихи нақты, шынайы сипат дарытады. Оның үстіне тарихи роман құрылымында көрініс тауып отырған халықтың дәстүрлі мәдениетіне тән әдеп өлшемдерінің түпкі негізі қазақ пен қырғыз халықтарына ортақ болып табылады. Туысқан екі халыққа ортақ осындай дәстүрлі мәдениет үлгілерін шығарма желісіне арқау ете отырып, жазушылар қазіргі жағдайдағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің баюына бастайтын бай рухани қазынаның көзін ашады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Хасанов А.Х. Народные движения в Киргизии в период Кокандского ханства. – М.: Наука, 1977. – 95 с.
2. Корытов Н. Самозванец Пулат-хан // Ежегодник Ферганской области. Т. I. Вып. 1902 г. – Новый Маргелан: Тип. Ферганского областного правления, 1902. – С. 19-40.
3. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. Исследования разных лет. – М.: Художественная литература, 1977. – 504 с.
4. Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б..
5. Катанов Н.Ф. О погребальных обычаях тюркских племен с древнейших времен до наших дней // Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. – Казань, 1894. – Т. XII. – Вып. 2. – С. 109-142.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. Әдебиет теориясының негіздері / Өңд., толықт. екінші басылым. – Алматы: Мектеп, 1976. – 376 б.
7. Жуковская Н.Л. Категории и символика традиционной культуры монголов. – М., 1988. – 196 с.
8. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир / Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманова М.С. – Новосибирск, 1988. – 225 с.
9. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Л.: Наука, 1989. – 304 с.

10. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. I / Отв. ред. А.Х. Маргулан. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с.

11. Цицерон М.Т. Полное собрание речей в русском переводе / пер. В.А. Алексеева и Ф.Ф. Зелинского; ред., введ. и прим. Ф. Зелинского. Том 1. – СПб.: Издание А.Я. Либермана, 1901. – 767 с.

12. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832. – Часть III. – 314 с.

13. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т. I. – Алматы: Жалын, 1998. – 390 с.

14. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. – СПб., 1864. – Ч. II. – 498 с.

15. Заседателев И. Древний обряд коронования у тюркских народов // Известия Общества археологии, истории и этнографии. – Казань, 1895. – Т. XIII. – Вып. 4. – С. 374-380.

16. АВПР. Ф.122, оп.1. 1776. Д.1.

17. АВПР. Ф.122, оп.3. 1781-1784. Д.2.

18. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. IV. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 461 с.

## ПРОФЕССОР ҚАШҚЫНБАЙ АРТЫҚБАЕВ

Қырғыз Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қырғыз Республикасының халық жазушысы, ақын, аудармашы, әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қашқынбай Артықбаев (1934-2009) – қырғыз әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының дамуына, қазақ-қырғыз әдеби достық қарым-қатынастарының нығаюына аса зор үлес қосқан еңбегі ерен шығармашылық тұлға. Қашқынбай Артықбаевтың қырғыз әдебиетінің теориясы, тарихы және сыны саласындағы іргелі зерттеу еңбектерінің әлеуметтік маңызы өте жоғары. Ғалымның осы үш саладағы еңбектерінің қатарында үш іргелі ғылыми зерттеуін айрықша атап өткенді дұрыс көреміз. Оның бірі – «Әдебиеттану ғылымына кіріспе», екіншісі – «Қырғыз совет әдебиетінің тарихы» (1982), үшіншісі – қырғыз әдеби сынының қалыптасуы мен дамуы туралы «Сын сапары» (1970). XX ғасырдың екінші жартысында осы аталған еңбектер қырғыз әдебиеттануының құрамдас үш саласының дамуына зор ықпал етті. Сонымен қатар бұл еңбектер Қырғыз Республикасының жоғары оқу орындарында әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы, әдебиеттің сыны туралы оқу пәндерінің, жоғары және орта мектеп оқулықтарының қалыптасуына негіз болды.

Аталған үш сала еңбектердің әрқайсысы неше алуан идеологиялық қайшылықтарға толы кезеңдерді қамтыды.

Ол қайшылықтарды уақыт талаптарына сай сындарлы жүйеде пайымдау, әдебиеттің теориясы мен тарихына, сынына теориялық және методологиялық тұрғыдан дұрыс баға беру терең білімді, үлкен дайындықты, күшті ерік-жігерді және асқан шеберлікті талап еткенінде сөз жоқ. Ғалым осындай қиыншылықтарды жеңе отырып, қырғыз әдебиеттануының биік белеске шығуына ерен еңбек сіңірді.

XX ғасырдың 60-шы жылдарының екінші жартысында Қашқынбай Артықбаев қырғыз әдебиетінің тарихын Тоқтағұл, Тоғолоқ Молдадан бастаумен шектелмей, ежелгі Орхон-Енисей тас жазуларындағы жазба әдеби ескерткіштерден бастау туралы, әдебиет тарихын ортағасырлық Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари шығармаларымен толықтыру, сонымен қатар ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар әдебиетінің тарихын Жеңижок, Эшмамбет, Қазыбек, Молда Нияз және басқа жиырмадан астам ауызша ақындық өнердің ірі тұлғаларының шығармашылығымен байыту туралы әлеуметтік маңызы зор аса ірі мәселелер көтеріп, қырғыз әдебиетінің тарихын байытуға және ондаған ғасырға тереңдетуге ықпал етіп, үлкен еңбек сіңірді.

Профессор Қашқынбай Артықбаевтың қырғыз әдебиетінің ғылым пәні және оқу пәні ретінде қалыптасуына сіңірген айрықша зор еңбектерінің бірі орта мектеп жүйесінде оқытылатын қырғыз әдебиетінің оқулықтарына Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари шығармашылығын енгізумен байланысты. Ғалымның бұқаралық ақпарат құралдарында, республикалық ғылыми конференцияларда, министрліктерге жазған ұсыныс хаттарында орта мектептегі қырғыз әдебиеті оқу пәнінің мемлекеттік бағдарламасына Жүсіп Баласағұн және Махмұд Қашқари шығармашылығын енгізу мәселесін көтеріп, ақырында бұл мақсатына да жетті.

Ғұлама ғалымның «XX кылымдагы кыргыз адабиятынын тарыхы»: Жогорку окуу жайларында «Филология» адистиги боюнча окуп жаткан студенттер үчүн окуу китеби» (Б.: «ТАС» ЖЧК, 2004. – 656 б.) – кырғыз әдебиетінің бір ғасырлық тарихын тұтас зерттеу

нәтижесінде жазылған, ғылыми және практикалық, әлеуметтік маңызы өте зор іргелі оқулық. Осы оқулықтың Қасым Тыныстанов, Мұқай Әлебаев шығармашылығы туралы бөлімдерінде қырғыз ақындары мен қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев арасындағы шығармашылық байланыстар терең байыпталады. 1920 жылдардың басында Қасым Тыныстанов тәлім алған, ес тұтқан бірден бір мықты ақын Мағжан Жұмабаев болғанын автор нақты деректер негізінде анықтайды. Мағжанның Қасым Тыныстановқа тигізген әсерін оның замандасы З. Бектеновтің мәліметтеріне сүйеніп айқындай түседі. З. Бектеновтің берген мәліметтеріне қарағанда, Қасым Тыныстанов өзінің «Ыстық көл» деген өлеңін қазақтың сол кездегі атақты ақыны Мағжан Жұмабаевтың өз жері жөнінде жазған жырының әсерімен жазған. Олай болатын себебі – сол шақта Қасым Тыныстанов қазақ-қырғыз ағарту институтында оқып жүрген, сонда Мағжан Жұмабаевтан әдебиет пәнінен дәріс тыңдаған. Қасым Тыныстанов Мағжан Жұмабаевтың лирикалық өлеңдерінің әсерімен бірқатар өлеңін қазақша жазған. Осындай дереккөздеріне сүйене отырып, ғалым мынадай ғылыми пікір түйеді: «Мағжанның 1911-1922 жылдардың аралығында жазған жырларын қарап көргенде, лирикалық сезімнің күштілігі, романтикалық қиял шабытының молдығы, реалистік мазмұнының бекемдігі, көркемдік ізденістерінің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Жырларының тақырыптық желісі әр түрлі және өмір шындығын кең қамтиды. Ақынның табиғат көріністерінің байлығын және адамға әсер етуші таңғажайып қасиеттерін көре білгені, оны жырлай білгені, адамдардың ішкі дүниесінің әр қилы тараптарын ашуға арналған көптеген жырлары Қасым Тыныстановтың осы бағытта жырлар жазуына үлгі болған сияқты» [1, 122].

Ғалымның талдаулары жүйелі, талдаулар негізінде түйген ойлары мен пікірлері дәлелді және теориялық жағынан маңызды. Автор Мағжан Жұмабаев пен Қасым Тыныстановтың шығармашылық өмірбаянын терең зерттеп білген, екі ақынның поэзиясындағы ортақ поэтикалық

күндылыктардың маңызы мен мәнін терең ашқан, Мағжан Жұмабаевтың Қасым Тыныстановқа ақындық әсерін, екі ақынның арасындағы шығармашылық тығыз байланыстың тарихи желілерін жете зерттеп анықтаған. Зерттеушінің пікірінше, Мағжан Жұмабаев орысша оқып, орыс тілін мықты біліп, орыс поэзиясының тісін шаққан, Еуропа әдебиетінен тәлім алып, биік кәсіби шеберлікке жеткен. Оның жырлары құйылып шығып, терең мазмұнды болып, көркем, көрікті сөздермен жарасып, көркемдік қиялдауы бейнелі, суретті болып шыққан. Қасым Тыныстанов пен Мұқай Әлебаев Мағжан Жұмабаев ақындығының осы қасиеттерін үйренуге әрекеттенген [1, 185].

Кашқынбай Артықбаевтың пікірі Қасым Тыныстанов пен Мұқай Әлебаевтың шығармашылығын, ақындық әлемін жан-жақты тануға мүмкіндік береді.

Автордың «Мағжан, Мұқай, Қасым», «Мәдени бауырластық (қырғыз-қазақ әдеби байланыстары)», «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» және басқа еңбектерінде қырғыз-қазақ әдеби ынтымақтастығы мен бауырластығының ірі-ірі мәселелері қарастырылып, оң шешімін тапты.

Кашқынбай Артықбаев қазақтың Мұқаметжан Қаратаев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Зәки Ахметов сынды көрнекті әдебиеттанушыларымен достықта болып, қырғыз және қазақ әдебиеттанушы ғалым мамандардың жаңа буынын қалыптастыруға, қырғыз-қазақ әдебиеттанушы ғалымдарының ынтымағы мен бірлігінің, достығының нығаюына аянбай қызмет етті, туысқан екі елдің мәдени байланыстарының нығаюына үлкен үлес қосты.

## ӘДЕБИЕТ

1. Кашқынбай Артықбаев. XX кылымдағы кыргыз адабиятынын тарыхы: жогорку окуу жайларында «Филология» адистиги боюнча окуп жаткан студенттер үчүн окуу китеби. – Б.: «ТАС» ЖЧК, 2004. – 656 б.

## ПРОФЕССОР ӘБДІҚАДЫР САДЫҚОВ

Әбдіқадыр Садықұлы – қырғыз халқының ұлттық ғылымы мен мәдениетінің ірі өкілі. 1961 жылы Алматыға – қазақ бауырларының ортасына – келіп, «Алықұл Османовтың поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шыққанда, Әбдіқадыр Садықұлы жиырманьң ортасынан жаңадан асқан жап-жас жігіт еді.

Ол тұста ғылыми дәреже алу жолында іздену де, сол ізденіс нәтижесінде диссертация жазып шығу да, диссертацияны қорғау да аса абыройлы іс еді. Өйткені бұл шын мәнінде инемен құдық қазғандай қиын, сонысымен де құрметке лайықты еңбек болатын. Қырғыздың жас жігітінің ойынан осындай құрметке лайықты тереңдік пен кеңдікті, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге қажетті қабілет пен қасиетті таныған қырғыз-қазақ ғұламалары әділ шешім жасады: жас жігіттің диссертациялық зерттеуін жоғары бағалап, диссертант тиісті ғылыми дәреже алуға лайықты деген қорытындыға келді. Диссертанттың ғылыми жетекшісі, бүгінгі қырғыз әдебиеттану ғылымының ірі өкілі Кенешбек Асаналиев шәкіртінің жетістігі үшін қатты сүйінді, қазақ ғалымдарының білімдері мен біліктеріне аса тәнті болды. Диссертация бойынша қазақ ғалымдары арасынан ресми оппонент болған білімпаз Есмағамбет Ысмайлов орындалған зерттеу еңбектің жаңалығы жоғары, ғылыми маңызы зор екендігін нақты дәлелдер арқылы қанағаттанғандық сезіммен баяндады. Үлкен ғылым

жолына қазақ пен қырғыз ғалымдарының ақ тілек, оң батасын алып шыққан сол сәттен бері өткен жарты ғасырға жуық уақыт бойы Әбекең қазақ әдебиеті мен мәдениетін дос, туысқан жүрекпен шын сүйіп, шын құрметтеп келе жатыр. Мұндай тұрақтылықты бір сүйсе, одан қайтып айнымайтын нағыз ірі тұлғаларға ғана бітетін ұлы мінез десе болғандай.

Әбдіқадыр Садықұлының ғылыми-шығармашылық жолындағы және бір биік белес – оның «Қырғыз әдебиетіндегі ұлттық және интернационалдық мәселелері» (Бішкек, 1969) деген атпен жарық көрген монографиясы. Монография қырғыз әдебиеті ғана емес, тұтас түркі халықтарының әдебиеттануы үшін де ғылыми маңызы зор еңбек ретінде қабылданды. 1972 жылы ғалым осы тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Қазақстаннан – Е.В. Лизунова, Өзбекстаннан – Л. Каюмов, Қырғыздың өзінен М. Борбұғұлов секілді көрнекті әдебиеттанушы ғалымдар диссертацияны қырғыз әдебиеттануындағы үлкен ғылыми жаңалық, жаңа бағыт желісін таратқан құнды зерттеу қатарында бағалады. Диссертациялық кеңесте ғалымның докторлық диссертациясында зерттелініп отырған мәселені шешуде қырғыз әдебиетімен қатар қазақ әдебиетінің үздік үлгілері де пайдаланылғаны, еңбектің бағалы, құнды ғылыми тұжырымдарының негізі, дәлелі мен дәйегі жеткілікті болғаны ерекше аталып көрсетілді.

Әбдіқадыр Садықұлының ғылыми-шығармашылық, ұстаздық қызметі Қазақстанмен, қазақ әдебиетімен тығыз байланысты өтіп келеді. Кандидаттық, докторлық диссертацияларында да, жарты мыңға тарта ғылыми еңбектерінде де зерттеуші өзінің телегейдей терең теориялық білім иесі екендігін ғана танытып қойған жоқ, сонымен қатар қырғыз бен қазақ әдебиеттерінің арғы тарихы бірдей, бергі тарихы бірегей дамып келе жатқан тектес, рухтас әдебиеттер екендігін көрсетіп берді. Ғалым бойында осы ретте арнайы атап өтетін тағы бірқатар қасиет бар. Оның бірі – ғалымның туған халқының баға жетпес

асыл рухани мұрасы «Манасқа» деген шексіз сүйіспеншілігі. Әбекен «Манас» туралы қазақ ғұламалары Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан жазған еңбектерді аса жоғары бағалайды. Ғалым, әсіресе, қазақ ғалымдарының «Манасқа» деген құрметіне, сүйіспеншілігіне разы болады. «Манасты» құрметтеген, сүйген бұл үш ғұламаға, оларды туған қазақ халқына өзінің де құрметімен сүйіспеншілігінде шек жоқтығын тебірене отырып толғайды. Осындай таныммен, осындай сүйіспеншілікпен қанаттанған ғалым Қырғызстанда Манастану ғылымын қалыптастыруға, дамытуға зор еңбек сіңірді. 1980-1985 жылдары С. Оразбақов пен С. Қаралаевтың жырлауы негізінде «Манастың» тоғыз томдық академиялық үлгісін қалыптастырып, баспадан шығарды. «КСРО халықтарының эпосы» атты одақтық серия бойынша қырғыз, орыс тілдерінде «Манас» төрт том болып жарық көрді. 1970 жылы Москвадан жарық көрген «Қырғыз совет әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық монографиялық зерттеу еңбектің авторларының бірі және ғылыми редакторы ретінде көп еңбек сіңірді. «Көп ұлтты совет әдебиетінің тарихы» атты алты томдық еңбектің қырғыз әдебиетіне қатысты тарауын жазды. Ол еңбектерінде де ғалым «Манас» эпосына зор баға берді. Осының бәрі оңайлықпен атқарылған іс емес-ті. Ауыр еңбек пен бейнетті айтпағанда, қарсыластардың тосқауылын да бұзып-жарып шығуға тура келді. Әбдіқадыр Садықұлы ондай қиыншылықтардың бәрін өзінің ғұламалық тереңдігімен, ұйымдастыру, басқару қабілетінің жоғарылығымен, қайраткерлігімен жеңді.

Әбекеннің табиғатындағы ендігі бір асыл қасиет – қырғыз әдебиетінің классигі, әлем әдебиетінің алып бәйтерегі Шыңғыс Айтматовқа, оның шығармашылық өнеріне деген зор құрметі. Бұл бағытта ғалым жетекшілігімен Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығының түрлі мәселелері бойынша жиырмадан астам кандидаттық және докторлық диссертация қорғалды, ондаған еңбектер жарық көрді, халықаралық ғылыми конференциялар өтті, университет студенттері үшін жалпы теориялық және арнаулы

лекциялық курстар оқылды. Атқарылған істер негізінде Әбекең қырғыз әдебиеттануында «Айтматовтану» атты жаңа ғылымның негізін қалады. Бүгінде «Айтматовтану» ғылымы өз дамуының жаңа сатысына көтерілді. Соның бір жарқын белгісіндей болып Халықаралық Айтматов академиясы құрылды.

Қырғыз әдебиеті мен мәдениетінің «Манас» пен Ш. Айтматов секілді екі асылын шын құрметтеп, шын сүйген шоң ғалым Әбекеңнің жүрегі қазақтарды да аямай ардақ тұтады. М. Әуезовтың 80 жылдық, 90 жылдық, 100 жылдық мерейтойларына орай ұйымдастырылған халықаралық конференциялардың бәріне қатысты, қазақ жазушысының суреткерлігі, даналығы туралы шын жүректен сөз сөйледі, баяндама жасады. Осы және басқа халықаралық ғылыми кеңестер, конференциялар мен симпозиумдердегі сұхбаттасулар Әбекеңнің жүрегінің тұнық сыр мен мөлдір сезімге соншалықты бай екендігіне көз жеткізді. Осы ретте маған қатты әсер еткен бір жай әлі күнге есімнен кетпей, көз алдымда тұрады... Қыркүйек айының аяғы еді. М. Әуезовтың 100 жылдық тойына орай ұйымдастырылған халықаралық конференцияның соңғы мәжілісін Қапшағай қаласында өткіздік. Тәжікстаннан, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан, Қырғызстаннан, Қытайдан, Түркиядан келген қонақтар бар. Қырғыз ғалымдарын Әбекең бастап келген. Мәжіліс аяқталған соң, қала әкімшілігі қонақтарды ақ кемеге мінгізіп, ашық теңізге алып шықты. Қонақтар ғажап күйге бөленіп, рахат тапты. Осындай шақта марқұм Алма Қыраубаеваға Әбекең арнайы қолқа салып, ән айтқызды. Алма сонда Ш. Айтматовтың Раймалы ағасының әнін орындады. Әннің сазындағы наз, бір өкініш – бір үміт, өшіп-жанған арманды күй кісінің көңілін өксіткендей... Жұрттың бәрі ашық теңіздегі ақ кемеңің үстінде қалқыған сұлу саздың құшағында тербетіліп жым-жырт отыр. Ән бітті. Тыңдаушылар әншіге құрмет көрсетіп, қол шапалақтап, едәуір уақыт тұрып алды. Өлдеқалай Әбекеңе көзім түсіп кетіп еді... Әбекең

Алманың жанында үн-түнсіз, ішкі нұры көзіне тұнып, тебіреніп отыр екен...

Өмірдің кейбір кезі, көңілдің кейбір күйі осындай да бола береді екен. Сырға, сезімге толып, толқып, тебіреніп отырған Әбдіқадыр ағамның адамдық келбеті, азаматтық тұлғасы сонда менің көз алдымда бұрынғыдан да биіктей түскен еді.

Филология ғылымының докторы, Қырғыз ұлттық университетінің профессоры, Ұлттар әдебиеті тарихы мен теориясы кафедрасының меңгерушісі, Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясының мүшесі, Халықаралық Айтматов академиясының мүшесі, Қырғызстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Әбдіқадыр Садықұлы – алдынан жас мамандарды ғылым көгіне топ-тобымен ұшырып келе жатқан қажырлы ғалым, қайраткер ұстаз. Ол елуге жуық ғылым кандидаттары мен докторларын дайындап, туған елінің әдебиеті мен өнерінің дамуына, ғылымының өркендеуіне елеулі үлес қосты. Ғалымның ақыл-кеңесін алған бұл мамандардың қатарында қырғыз ғалымдарымен бірге басқа да туысқан халықтардың, олардың ішінде қазақ халқының да өкілдері бар. Бұлай дегенде, мен, алдымен, Әбекеңнің менің өзіме қатысты қызметін атап өткім келеді. Әбекең 1985-1995 жылдары әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде әдебиеттану мамандықтары бойынша құрылған диссертациялық кеңесте мүше болды. 1992 жылы докторлық диссертация қорғағанымда, менің жұмысым бойынша ресми төреші ретінде арнайы сөз сөйледі. Әуелден-ақ жақсы көретін қырғыз ағамды осыдан кейін бұрынғыдан да аса құрметтеп, ұстаздық жолын ұлық тұтып кеттім. Ол кісі де мен десе ішкен асын жерге қоятындай аса мөлдір ізет көрсетіп келеді. Бұған себепкер болған менің ұстазым, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов еді. Зекең өзінің қырғыз досы Әбекеңмен келісіп, осылай ұйғарыпты. Кейінірек осы ағаларым өзара ақылдасып, мені мен Абдылдажан (Мэльс) Ақматалиевті достастырды, өздерінің достығын жалғастыруды бізге аманат етті. Абдылдажан Ақматалиев Әбекеңнің ең

талантты шәкірті екен. Бүгінде Абдылдажан екеуміз ағаларымыздың өздерін де, достықтарын да бек құрмет тұтамыз, ардақтаймыз.

Әбдіқадыр Садықұлы – ұзақ жылдар бойы Қырғыз ұлттық университетінде лекция оқып келе жатқан ұстаз. Ғалым өзінің ғылыми-шығармашылық қызметі мен ұстаздық ісін бір-бірінен бөле жармайды, ғылыми жұмыстарын ұстаздығының қажетті шарттарының бірі деп санайды. Осындай қызметіне жол ашқан Қырғыз ұлттық университеті – Әбекең үшін аса ардақты білім ордасы. «Қырғыз ұлттық университеті – менің екінші үйім. Менің ғылымға, ұстаздық іске арнаған өмірімнің жарық күндерінің бәрі осында өтіп келеді. Онда менің ең қымбаттым – өмірім бар», – дейді ұстаз-ғалым. Бұл сөздердің биігінен ұстаздық іске, ұлттық университетке деген ыстық ілтипат пен биік құрметтің самалы соғып тұр.

Әбекең – қырғыз әдебиетінің майталман маманы, зерделі зерттеушісі болумен бірге қырғыз әдебиетінің тарихы мен теориясынан университет студенттеріне талмай сабақ оқып келе жатқан зергер, шебер лектор. Ұстаздың лекциясын қызықпай, қызынбай тыңдау мүмкін емес. Мен Әбекеңнің екі лекциясын тыңдадым: бірін – Қазақ ұлттық университеттерінде (1992), екіншісін – Қырғыз мемлекеттік университетінде (2003). Әр жолы қызығып, әрі қызынып тыңдадым. Себебі ұстаз шәкірттеріне арнаған әр сабағын өзі де қызығып, қызынып айтады екен. Мұндай қызығу мен мұндай қызыну өз ісін, ұстаздық қызметті, бұдан да гөрі дәлірек айтсақ, алдында көзі жәудіреп отырған ел болашағын – шәкірттерді – шексіз ардақтау сезімінен ғана туатын болса керек.

Әбекең – ауызекі әңгімеге де шебер кісі. Кейінгі он жыл көлемінде бұл кісімен бірнеше мәрте сапарлас болдық, түрлі конференцияларда бірге жүрдік. Алматыдан – Бішкекке, Бішкектен – Алматыға бірнеше жолы бірге барып, бірге келдік. Сондай жолсапарларда Әбекең өзінің туған ауылы жайында да бірқатар әңгіме айтып тастаушы еді.

Атбасы тауы, Атбасы өзені, Атбасы қаласы – Әбекеңнің туған өлкесі. Ғұламалардың анықтаулары мен тарихтың деректеріне қарағанда, Әбекең 1933 жылы 25 қазанда дүниеге келген ауылдың орнында байырғы заманда Атбасы деген үлкен қала болған. Атбасы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы екен. Таластың төменгі ағысы бойындағы сауда орталықтарынан шыққан сауда керуендері Атбасы арқылы Тас-Рабат, Шатыркөл, Тұрғарт асып, Қашқарға өткен. Әбекеңнің туған ауылы ғылыми зерттеулерде Атбасы деп те, Қосай-Қорған деп те аталады. Манас, оның үзеңгілесі Қосай туралы аңыздардың бір көзі осы жерден бастау алады. Атбасы қаласын тұрғызуға соғдылық шеберлер (қаңлылар) қатысқан деседі. Қаланың қорғаныс қабырғалары 12 метрге дейін биік көтеріліп, әр қабырғаның ұзындығы 28 метрге дейін созылып, олардың әрқайсысында 12 соғыс мұнарасы болған. Әмір Темірдің тұсында қала қосымша қорғаныс белдеумен қоршалып, жау алмас қамалға айналған. Бір ғажабы, Атбасы Тянь-Шань өлкесінің бас қаласы ретінде үлкен мәдени және сауда орталығы қызметін атқарғанға ұқсайды. Әбекең осы жайларды айта отырып, Атбасы қаласында бір кезде Қара Құлағудың жесірі Әргене-қатын патшаның сарайы болғанына да назар аударды.

Ғалым туған жерінің тарихына қатысты аңыздардың тобынан Тас-Рабат керуен сарайы туралы әңгімеге ерекше мән береді екен. Тас-Рабат, Әбекеңнің айтуынша, Атбасы ауылы мен Атбасы тауының шындарының екі арасында, Шатыркөлге барар жолдағы асуға жақын жерде орналасқан. Ел аузындағы аңыздар өзегінде сақталған мәліметтерге қарағанда, Тас-Рабат Мұхаммед сұлтанның әмірімен салынған екен. Мұхаммед сұлтан Тас-Рабатқа аялдаушы сауда керуенінің адамдары шалмасыз жүретін болса, онда олардың бастарына шалманы шегелеп қағып бекіту туралы жарлық беріпті. Содан бері Тас-Рабат арқылы өтетін керуеншілер Алланың – хақ, Мұхаммед аллайһи с-салам оның пайғамбары екендігіне куәлік беретін болыпты...

Әбекеннің туған жер туралы әңгімелерінде шет те, шек те жоқ сияқты. Атбасы жайында осынша көл-көсір әңгіме айтқанда, ғұлама бір сәт те шаршаған сыңай танытпады. Қайта жүзі нұрланып, ішкі бір қуатты сезімінің құшағында жігерленіп, құлшынып отырды.

Туған жер, туған топырақтың қасиеті Әбекемді бүгінге дейін толқытады. Қара су, Атбасы, Қосай-Қорған, Тас-Рабат ... – бұлардың ауасы дертке дауа, жанға шипа, суы бал. Жұмыстан қажып, шаршаған шақтарда, аз уақытқа болса да, Атбасының ауасын жұтып, суына түсіп, Тас-Рабаттың саумалын ішсе-ақ, тынығып, тынысы кеңіп, бойы сергіп, көңілі жадырап жүре береді.

Алматыдан Бішкекке келе жатқан жолда Әбекен осындай бір сыр айтқан еді. Мен телегей-теңіз тарихтың тамшысын ғана татқандай әсерде қалдым. Сол әсер бүгінде менің көңілімде Мэльс екеуміз Әбдіқадыр ағамызды туған Қосай-Қорғанына қыдыртып алып барып қайтар ма едік деген ойдың жапырақ-жалаушасындай желбіреп тұратынды шығарды ...

Әбдіқадыр Садықұлы – туған елінің тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен өнерін шексіз құрметтеп және сүйіп қана қоймай, туған елінің болашағын шексіз ардақтап һәм аялап өткен зиялы азамат, ғибратты ғұлама, ұлағатты ұстаз.

## АКАДЕМИК АБДЫЛДАЖАН АҚМАТАЛИЕВ

2003 жылы 12 желтоқсанда Бішкекте Еларалық Айтматов академиясының кезекті сессиясы болды. Бір күн бұрын, 11 желтоқсанда, Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Манастану және көркем мәдениет ұлттық орталығында диссертациялық кеңестің бірнеше мәжілісі өткен. Диссертациялық кеңестің төрағасы – орталықтың директоры Абдылдажан Амантұрұлы Ақматалиев. Әуелде бұл кеңесте Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев болды. Кейінірек мен қосылдым. Қазіргі шақта бұл кеңесте Қазақстаннан менімен бірге Зинол-Ғабден Бисенғали, Болатжан Әбілқасымов бар. Біреуі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, екіншісі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогтік институтында кафедра басқарады. Кеңестің сол жолғы мәжілістерінде бір докторлық, екі кандидаттық диссертация қорғалды. Алматыдан келген үш қазақ үш ізденушінің жұмысы туралы пікір білдірдік. Қорғау ойдағыдай өтті. Ертеңіне Айтматов академиясының сессиясы басталды. Академия президенті – Абдылдажан Амантұрұлы. Президенттің есепті баяндамасынан кейін де бірталай ғұламалар сөйледі.

Сессия арасындағы үзілісте Қырғыз мемлекеттігінің 2200 жылдығына арналған кітап көрмесіне көз салдық. «Манас» эпосының, «Ел әдебиеті» сериясының академиялық басылымдарымен таныстық. «Манас» эпосы С. Оразбақовтың жырлауында 4 том, С. Қаралаевтың

жырлауында 4 том, «Семетей», «Сейтектің» әрқайсысы бірнеше томнан – барлығы 14 том болып шыққан екен. «Ел әдебиеті» сериясының 30 томымен таныстық. Қырғыз мемлекетінің 2200 жылдығына арналған «Ұлы тұлғалар» сериясының 12 томдығын тамашаладық. Ш. Айтматовтың 5 томдығы да полиграфиялық тұрғыда мейлінше келісті өрнектеліпті. 7 томдық «Қырғыз әдебиеті тарихының» академиялық басылымын көріп, қатты қызықтық. Енді бір тұста «Қырғыздың шалқар күйлері» сериясы бойынша үн таспаға түсірілген 125 күйге көңіліміз ауды. Тұтас бір қабырғаны алып тұрған әдеби зерттеулерге көз салдық. Жалпы саны 250 екенін тізімнен қарап білдік. Қыруар еңбек. Аз уақытта бүкіл қырғыз әдебиеті мен күй өнерінің інжу-маржандарын тамашалап, көңіліміз өсті, мерейлендік. Бір ғажабы, осы еңбектердің барлығы Абдылдажан Амантұрұлының басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалып, жарыққа шығыпты. Соңғы 10-15 жыл көлемінде туған әдебиеті мен мәдениетіне Абдылдажан секілді осынша беріліп қызмет етіп, ерен еңбек сіңірген ғұламаны қазақ-қырғызда бұған дейін көрген де, білген де емес едім. Ғажап әсерде болдым. Әбекемнің басқару, ұйымдастыру таланты, еңбекқорлығы, туған елінің әдебиетіне, өнеріне, мәдениетіне деген мұншалық асылзада құрметі мен махаббаты мені қатты толқытты. Осындай тебіреністі халде тұрғанымда, профессор Зиол-Ғабден Бисенғали «Ұлы тұлғалар» сериясының басындағы Асанқайғының томын қолына алып:

– Жәке, мынаны қарамайсыз ба, Мельс (Абдылдажанды айналасы жақын тартып осылай деп те атайды. – Автор.) досымыз біздің Асанқайғымызды қырғыз деп тұр ғой...

– Солай ма екен?...

Асанқайғының томымен бұл әңгімеге дейін танысып, онда бізге мәлім емес жырлардың барын байқаған болатынмын. Сол жырлардың мәні мен мәнісін тереңірек зерделеу туралы да ойлағанмын. Бірақ Асанқайғыны Мельс бауырымыздың қырғыз әдебиетінің бас тұлғасы ретінде

бағалағанына ішімнен таршылық сезінбеген едім. Зекен де мына әңгімені наз түрінде айтып отырған секілді. Сөзді әрі қарай Абдылдажан Амантұрұлы жүзінен шуақ шашыратып өзі жалғастырды:

– Е, қырғыз-қазақ бір туған болса, Асанқайғы атамыз қалайша тек қана қазақ болады екен... Бір туғанымыз өтірік емес. Оның үстіне ертеде менің ұлы бабаларымның бірі қазақ қызына құда түсіп үйленген екен.

– Онда бізге жиен болдыңыз ғой. Бәсе, қазақтар туралы неге көп жазады деп ойлаушы едім. Оның мәнісі бар екен де.

Профессор Болатжан Әбілқасымов осыны айтып тұрып, қырғыз досымыздың жүзіне барлай қарады. Бұл жайды әдеттегідей қабылдаған Әбекең:

– Тура, Бөкем, тура. Енді бері жүріңіздер, – деп, бізді басқа бір кітап жаймасына бастап келді. Онда Әбекеңнің өзінің шығармашылық еңбектері қойылыпты. Бұл жаймада да ұшан-теңіз байлық бар екен: 24 монография, 40-тан астам эссе, мақалалар, зерттеулер кітабы, 4 өлеңдер жинағы...

Болатжан қырғыз досымыздың «Жан дүйнем. Ырлар» деген кітабын алып, екі жарып ашып қалды да, сол беттегі «Сен экенсің жүрөгүмдүн жарымы» деген өлеңнің алғашқы шумағын оқыды:

Өтүп барат өмірүмдүн жашылы,  
Өртөп барат махаббаттын жалыны.  
Өзгөчө жаштығыма көрк берген  
Сен экенсің жүрөгүмдүн асылы.

Болатжан осы жолдарды қазақ тіліне аударды:

Өтіп барад өмірімнің жастығы,  
Өртеп барад махаббаттың жалыны.  
Өзгеше жастығыма көрік берген  
Сен экенсің жүрегімнің ғашығы.

– Ғажап, ғажап! – дейді Зекең. Бөкең болса, бұл тақырыпты байыта түсті:

– Айтыңдаршы, түпнұсқа жақсы ма, менің аудармам жақсы ма?

– Бөке, аудармаңыз жақсы. Сіздікі жаман деп қалай айталық. – Зекең сөзге араласып, аударма туралы пікірін білдірді. – Бірақ екінші тармақтың басқы бунағы мен ұйқасын қайта қараңызшы. Осындағы «өртеп» сөзін «қалып» сөзімен алмастырсақ, «жалыны» дегенді «мастығы» деген ұйқаспен алмастырсақ қайтер еді. Екіншіден, үшінші тармақтың басындағы «өзгешені» тармақтың соңына апарайық. Ал төртінші тармақтың екінші бунағын «іңкәрліктің» деп, ұйқасын түзуші «ғашығы» сөзін «басқа үні» деп өзгерткен дұрыс. Сонда аударма былай болып шығады:

Өтіп барад өмірімнің жастығы,  
Қалып барад махаббаттың мастығы.  
Жастығыма көрік берген өзгеше  
Сен екенсің іңкәрліктің басқа үні!

– Зеке, өлең махаббат туралы ғой. Екінші тармақтың ұйқасы, «мастығы» болғаны мақұл. Оны қабылдаймын. Ал соңғы тармақтағы «ғашығы» ұйқасын, «басқа үні» деу көркемдік жағынан да, махаббат жағына да салқын. Сол себепті ұйқасты «жастығы», «мастығы», «ғашығы» деп құрған дұрыс. Жақа, солай емес пе? Менікі дұрыс емес пе?

– Бөке, сіздің аударма жаман бола ма ... Әйтсе де мына менің аудармамды тыңдап көріңізші. – Мен жаңағы шумақты өзімше аударып оқыдым:

Өтіп барад өмірімнің жаз жылы,  
Өртеп барад махаббаттың жалыны.  
Көрік берген өміріме өзгеше  
Сен екенсің жүрегімнің асылы.

– Жігіттер, ғажап! – дейді Зекең. – Ұйқас қандай! Екеуіңіз де жақсы аударыпсыздар. Жәкеңдікі дәл аударма

да, Бөке, сіздікі – еркін аударма. Бірақ «үйдің жақсы болмағы ағашынан, жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» екені қандай рас болса, аударманың жақсы болмағы түпнұсқадан екені де анық. Сондықтан да сіздердің аударманың жақсылығы жиендеріңіздің жүрегінде жарқ еткен асыл сезімнен бе деймін.

– Мәселе жиеннің махаббатында болды ғой...– деп, Бөкең байсал тартқан сыңай танытты...

Кітап көрмесіндегі еңбектерді қарап жүрміз. Зекең әр еңбекті сүйсіне ұстап, парақтап көреді. Біраздан соң жаймадағы кітаптарды көзімен шолып тұрып, екі қолын жайып жіберді де, көзінің көргенін құшағына сыйғыза алмағандай қалып танытты:

– Әбеке, мынауыңыз нағыз ерлікке пар-пар еңбек қой. Осының бәріне уақытты қайдан таба бергенсіз?

– Е, Закем, ерлік жасау үшін уақыт керек емес, махаббат, махаббат керек. – Абдылдажан сөзіне жылы леп араластырып, әзілдеп жатыр. Бұған біз қатты сүйсіндік, өйткені бұл сөзде бәрімізге жайлы жібектей үлбіреген таза достық сезім бар еді. – Мына кітапты қарамайсыз ба? – Әбекең қолына «Егіз елдің әуені» деген кітабын алып, парақтай бастады. – Не деп жазылғанын тыңдаңыздар, оқып берейін:

*Ақматалиев Ә. Егіз елдің әуені: қазақ-қырғыз әдеби байланысы хақында / Қырғыз тілінен аударған Т. Мәмесейітов. – Алматы: Жазушы, 1989. –208 бет.*

*Кітап авторы – Қырғызстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты Ә. Ақматалиев, көп жылдардан бері қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын зерттеумен айналысып келе жатқан жас ғалым. Қазақ тіліне аударылып отырған бұл кітабында автор туысқан екі халықтың ежелден қалыптасқан достық қарым-қатынасын, әдеби-мәдени байланысын, ауыз әдебиетіндегі ортақ сарындар мен ұқсастықтарды сөз етумен бірге, ұлы достықтың өміршең өнегесін таныстыратын бүгінгі әдеби байланысты да екі ел жазушыларының осы заманғы озық*

шығармаларын қатар талдай отырып, жан-жақты әңгімелейді.

– Пай-пай! – деп көтермелеп қалды Зекең.

– Ең қызығы алда, мынаны қараңыз,– деп, Әбекең көзін кітап бетінің аяғынан басына аударды. – *Пікір жазған Ж. Дәдебаев, филология ғылымдарының кандидаты.*

– Пай-пай!– деп, енді мен үн қостым. Төртеуіміз жарыса күліп алдық...

Әбекең маған осы тұста бір жас жігітті «Қырғыз мәдениеті» газетінің тілшісі ретінде таныстырды. Ойлы да тілді жас екен, қазақ пен қырғыздың арғы тарихы, ата салттары, байырғы дүниетанымы хақында бірқатар мәселелерді көтерді. Ш. Айтматов шығармашылығының ұлттық және жалпыадамзаттық негіздері туралы да қызықты ойлары бар екен. Сөз сыңайына қарағанда, бұл жігіт Әбекеңнің жетекшілігімен қазақ-қырғыз әдеби байланыстары жайында кандидаттық диссертация жазып жүргенге ұқсады. Әбекең өзінің «Қырғызстан мәдениеті» газетінің редколлегия мүшесі екенін, редколлегия кеңесіне барып жүргенде, осы жігітке ықыласы түскенін, оның әдебиет туралы, қазақ-қырғыз әдеби байланыстары туралы білімінің тереңдігін және қаламының ұшқырлығын атап өтті. Тілші жігіт менен өз газетіне материал жіберіп тұруымды өтінді. Жүзіне қарасам, шын көңілден сөйлеп тұрғандай екен, мен оған ішімнен разы болдым.

– Рахмет, бауырым! Сәті түссе, Абдылдажан ағаң арқылы қабарласам, – деп қолын қыстым.

Сессияның күн тәртібіндегі мәселелердің соңғысы Академияға жаңа мүшелер қабылдау еді. Бұл мәселе де оң шешімін тапты. Академик болып сайланғандардың қатарында мен де болдым. Сессия соңында Академия президенті Академияның жаңа мүшелерінің құрметіне дастархан жайды. Дастарханда қырғыздың бір топ ғалымдары болды. Абдылдажан Амантұрұлы сөз сөйлеп, ортаға жаңа академиктерді таныстыра бастады. Маған келгенде, екеуіміздің достығымыздың тарихын таратып айтып, менің «Манас» туралы, ондағы Алмамбет туралы,

сондай-ақ Ш. Айтматов туралы еңбектеріме ерекше мән беріп, жоғары бағалап, сүйінісін білдірді. Әбекең кейде өзінің достық сезімінің құшағында тебіреніп тұрып, кісінің жақсылығын асырып айтқанды ұнатушы еді. Бұл жолы да солай болды: дос сөзі, бір жағынан, нұрымды тасытты, екінші жағынан, аздап өзімді ыңғайсыз күйде сезіндім. Мұндайда ішкі сезімнің қуаты жүзімнен алаулап шыға келетіні болушы еді, жүзіме қызыл арай тарала бастағанын сезіп отырдым. Мұндайда Абдылдажанды алған бағытынан қайтару қиын:

– «Жақсының жақсылығын айт!» – деген біздің халқымыз ғой. Қазақ пен қырғызда бұл сөз ертеден бар. Сондықтан мен бір туған екі халықтың даналық сөзін айтпасам, өсиетін орындамасам, кім болғаным. Кешіріңіз, Жәкем, мен айтайын деген сөзімді айтпайынша тоқтай алмаймын... – дейді менің ардақты Абдылдажан бауырым. Содан соң өзім тоқтауға мәжбүрмін.

Дастархан басында қырғыздың аса көрнекті әдебиеттанушы ғалымдарымен сұхбаттастық. Кенешбек Асаналиев, Әдіқадыр Садықов секілді өзім бұрыннан жақсы білетін ағаларым Алматыдағы қазақ әдебиетші ғалымдарының жағдайларын сұрасып, Зейнолла Қабдоловқа өздерінің ыстық сәлемдерін жеткізуді өтінді. Бұл екі ғалымның шығармашылығымен де жете таныспын. Екеуі де қырғыз, орыс тілдерінде бірдей жазады. Екеуі де Ш. Айтматовты, Ш. Айтматовтың шығармашылығын өте жоғары бағалайды, ғылымдағы осы ұстанымдарын інілері Абдылдажан Амантұрұлы сәтті жалғастырып келе жатқанына бек сүйінеді. Абдылдажан мен біздің достығымыз да екі ағамыздың көңілін қуантатынын сезгенде, қадірменді осы екі ғұламаға деген құрметім бұрынғыдан да арта түсті.

Күн бесінге ауғанда жұрт тарай бастады. Қазақстаннан келген біздер де қонақ үйге барып, одан Алматыға қайтуға қам жасайтын болдық. Осы тұста Абдылдажан Амантұрұлы өзінің Республика Президенті жанында жұмыс істейтін Мемлекеттік тіл бойынша ұлттық

комиссияның мәжілісіне қатысуы қажеттігін, сондықтан бізбен осы жерде қоштасуға мәжбүр болып тұрғанын кешірім сұрай тұрып мәлім етті. Біз сол жерде қош айтыстық. Алматыдан келген үшеуіміз қырғыз досымыздың уақытының соншалықты тығыздығын, бір жағынан, таң болып, екінші жағынан, разы болып әңгіме еттік.

Абдылдажан Амантұрұлының ғылым мен білім, әдебиет пен өнер саласындағы еңбектерінің, жеткен жетістіктерінің маңызын қазақта – Мұхамеджан Қаратаев, Зейнолла Қабдолов, Әбдіжәміл Нұрпейсов, қырғызда – Шыңғыс Айтматов, Әбдіқадыр Садықов, ресейден Георгий Ломидзе, Георгий Гагев, Зоя Османова секілді ірі ғұлама ғалымдар жоғары бағалап, ғылыми және бұқаралық басылымдарда жылы лебіздерін білдіргенін білуші едім. Кейін, Әбекемнің шығармашылық өміріне тереңірек үңілгенімде, өзімді сүйіндірген бірнеше бағалы мәліметтер таптым. Олардың бірі – Нобель комитетінің төрағасы К. Еспмарк пен атқарушы хатшысы және басқалар қол қойып, Абдылдажан Амантұрұлына жолдаған хат. Онда Нобель комитетінің төрағасы қырғыз ғалымынан 1993 жылы Нобель сыйлығына кандидаттар ұсыну туралы негізделген пікір беруі жайында өтініпті. Екінші хат 1996 жылы Парижден келген. Хат иесі – ЮНЕСКО-ның Бас директоры Федерико Майор. Ф. Майор хатында өзіне Халықаралық Айтматов клубтары Ассоциациясы кеңесінің әдебиет, өнер және мәдениет саласындағы 1995 жылғы Халықаралық сыйлығын бергені үшін Ассоциация президенті Абдылдажан Амантұрұлына шын жүректен құрметі мен ризашылығын білдіріпті. Осындай ыстық сезімге, құрметке толы тағы бір ардақтау хат Жапон ойшылы, ірі қайраткер, Сак университетінің негізін қалаушы Дайсаку Икедадан келіпті. Әлемнің басқа да ірі қоғам қайраткерлерінен, ғалымдары мен жазушыларынан келген хаттарды оқып отырып, Абдылдажан Амантұрұлының еларалық абыройының аса биіктігіне тағы көз жеткіздім.

Әбекемнің қоғамдық қызметінің аумағы мен салмағы үлкен екенін біле тұрып, оған таңданбау қиын. Жоғарыдағы

қоғамдық қызметтеріне қоса тағы да бірнеше халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарында редколлегия мүшесі, бірнеше университеттің құрметті профессоры, сондай-ақ түрлі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің мүшесі болу оңай емес. Өйткені осылардың бәрі де қосымша міндет жүктейді, уақыт алады, жан мен тәнге, ақыл мен ойға күш түсіреді. Соған қарамастан Абдылдажан Амантұрұлы шаршадым демейді. Қырғыз ғалымы оның бір себебін 2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен М. Әуезов күндеріне келгенде, Әуезов аудиториясының мінберінен былай түсіндірген еді:

– Мен өзімнің уақытымның көбін адамдарға, қоғамға қызмет ету үшін жұмсап келе жатырмын. Осы қызметім адамдардың өз мақсаттарына жетуіне титтей де болса септігін тигізсе, содан рахат табамын, қанағаттанып қаламын. Мұхтар Әуезовтің күндеріне кейінгі он бес жыл бойы жыл сайын келуімде де осындай себеп бар.

Абдылдажан Амантұрұлының сөзін Әуезов аудиториясындағы ғалымдар мен ұстаздар, студенттер мен аспиранттар ду қол шапалақтаумен қарсы алды. Қырғыз ғалымының сөзіндегі адамгершілік күзгі аудиторияны күннің шуағындай жылытып, көңіл біткенді қыз-қыз қайнатып жіберді. Басқаларды қайдам, мен Абдылдажанның жарығы мен жылуын терең сезіндім, адамгершілік ұстанымының ірілігіне тағы да көз жеткіздім.

Қырғыз Республикасы Манастану және көркем мәдениет ұлттық орталығының негізін қалаушы және директоры, Халықаралық Айтматов клубтары Ассоциациясының негізін қалаушы және президенті, Халықаралық Айтматов академиясының негізін қалаушы және президенті, Қырғыз Ұлттық академиясының мүшесі, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қырғыз Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, бірқатар халықаралық академиялардың мүшесі Абдылдажан Амантұрұлы Ақматалиев үшін еліне, халқына аянбай, шын жүректен қызмет етуден асқан ардақты іс жоқ. Туған халқының әдебиеті мен өнеріне, мәдениеті мен

ғылымына адал қызмет етудің жаңа үлгісін қалыптастырған мұндай қайраткері бар қырғыз халқының сөз өнерінің даңқы аса беретініне сенемін. Сену, сендіру – биік ұғымдар. Сенген жақсы, сенімді болған одан да жақсы. Абдылдажанға келгенде, сенемін дегеннен гөрі сенімдімін дегенді лайықты көремін. Ол – қырғыз әдебиеті мен мәдениетінің, қазақ-қырғыз әдеби байланыстары мен достастығының, түркологияның құрыштай қайратты қайраткері.

2007

## АСЫЛ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың Қырғыз Республикасына жұмыс сапары аясында өткен қазақ-қырғыз зиялыларының IX форумы қазақ-қырғыз зиялылары арасындағы достық қарым-қатынастардың дамуы мен нығаюына жаңа серпін берді.

Қазақ-қырғыз халықтары шығармашылық тұлғаларының өзара достық қарым-қатынастарының тарихында бүгіміз үшін де, болашағымыз үшін де игілікті ізгі құндылықтарымыз бар. Қазақ халқының сүйікті перзенті Шоқан Уәлихановтың қырғыз халқының әдебиеті мен өнері, мәдениеті мен тарихы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі туралы XIX ғасырда жазып алып, кейінгі ұрпаққа қалдырған еңбектерінің маңызы мен мәні XXI ғасырдың көгінде қырғыз бен қазақ зиялыларының достығы мен бауырластығының жарқын жұлдызындай жарқырап тұрғаны біздің көңілімізді күндей балқытады. Шоқан Уәлиханов үлкен бір бөлімін жазып алып, орыс тіліне аударып, заманының ғылыми ортасына ұсынған «Манас» эпосын XX ғасырда қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің жаттың жаулығынан жан салып қорғағаны, заманның аласапыранына кеудесін тосып аман сақтап қалғаны біздің бүгінгі ақыл-ойымызды, қырғыз халқының рухани асыл қазынасына деген құрметіміз бен сүйіспеншілігімізді теңіздей тебірентеді. М.О. Әуезовтің

туысқан қырғыз халқының аяулы перзенті Шыңғыс Айтматовты шығармашылық өмір жолының басында қолдап, ізгі тілекпен демеуі, желеп-жебеуі адамзат тарихында сирек кездесетін асыл қасиет еді. Біздің қырғыз халқына, қырғыз халқының әдебиеті мен өнеріне, шығармашылық ұлы тұлғаларына деген құрметіміз бен сүйіспеншілігіміз М.О. Әуезовтің Ш.Т. Айтматовтың талантына деген осындай аталық мейір-шапағатының сәулесімен нұрлана түседі.

XIX ғасырда – Шоқан Уәлиханов, XX ғасырда Мұхтар Әуезов ардақ тұтқан осы дәстүр жоғары білікті ғалым мамандар даярлау бағытында қырғыз-қазақ ғалымдарының ынтымақтастығының жаңа заман көгінде алып қуатпен дамуына ұласты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, университет құрамындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында жалғасын тауып, өз дамуының жаңа деңгейіне жетті. Қазіргі шақта Қазақ-қырғыз ғылыми шығармашылық зиялыларының достық қарым-қатынастары жеке шығармашылық тұлғалар деңгейінде ғана емес, тұтас шығармашылық ұйымдар ынтымақтастығы кеңістігінде даму үстінде. Қырғызстанда әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалының ашылуы – осы жетістігіміздің бір қыры. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясы Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты, Халықаралық Айтматов академиясы, Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті – қазақ-қырғыз халықтары арасындағы ғылыми-шығармашылық ынтымақтастықтың біздің заманымыздағы қозғаушы, дамытушы тұлғалары. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қырғызстанның бірнеше жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен өзара ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасасып, екі елдің ғылым мен білім саласындағы достық қарым-қатынастарын нығайтуда нақты іс-шараларды жүзеге асырды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құрамындағы Абай ғылыми-зерттеу институты қазақ-қырғыз шығармашылық байланыстарының дамуына ерекше мән беріп келеді. Соңғы бес жылдың көлемінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қырғыз әдебиеттануының көрнекті тұлғалары Артықбай Қашқынбаевтың, Әбдіқадыр Садықовтың, Абдылдажан Ақматалиевтің шығармашылық портреттері жасалды, қырғыз ақындық өнерінің майталманы Алықұл Осмоновтың, қазақ бауырлары «Адамзаттың Айтматовы» деп атаған Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы бойынша бірнеше ғылыми-көпшілік зерттеулер, эсселер жазылып, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасалды. Абай институтының жетекші ғылыми қызметкері профессор Дандай Ысқақұлының «Адамзаттың Айтматовы» атты көлемді монографиясы жарияланды. Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылған оқу құралдарында Алықұл Осмоновтың, Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы бойынша арнайы бөлімдер берілді. Қырғыз Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының директоры Абдылдажан Ақматалиев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қырғыз-қазақ әдеби байланыстары тарихынан лекциялар курсын оқып, студенттердің оқу-зерттеу жұмыстарына басшылық жасады. Қырғыз ғұламасының осы бағыттағы жұмыстары жоғары бағаланып, оған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры ғылыми атағы берілді.

Қазақ-қырғыз зиялыларының біздің заманымыздағы ынтымағы жарасып атқарған, атқарып келе жатқан игілікті шығармашылық жұмыстарының өзекті бір саласы қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қырғыз тіліне аудару, оның асыл құндылықтарын халық санасына сіңіру бағытында дамып келеді. Қырғыз зиялыларының Абай шығармашылығын

қырғыз тіліне аудару, қырғыз халқының назарына ұсыну, зерттеу, насихаттау саласында жүргізіп келе жатқан жұмыстарын қазақ бауырлары өте жоғары бағалайды. Біз Абайдың өмірі мен шығармашылығының қырғыз еліндегі насихаттаушыларына зор құрметімізді білдіреміз. Қазақ-қырғыз зиялыларының шығармашылық байланыстарының дамуы жолындағы зерттеулерімізді жалғастыра береміз.

Қазақ-қырғыз шығармашылық зиялыларының достығы мен ынтымағы – біздің асыл байлығымыз.

2025

## МАЗМҰНЫ

|                                                                              |     |
|------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Сөз басы.....                                                                | 3   |
| Қазақ-қырғыз күй аңыздарының туу үдерісіндегі ортақ сарындар.....            | 5   |
| Күнтумыш батыр.....                                                          | 38  |
| Майкөт Сандыбайұлының қырғыз ақындарымен шығармашылық қарым-қатынастары..... | 49  |
| Сүйінбай Аронұлы және қазақ-қырғыз әдеби байланыстары.....                   | 57  |
| Алып ақын Алықұл.....                                                        | 64  |
| Адамзаттың Айтматовы                                                         |     |
| Шыңғыс Айтматовтың психопоэтикасы.....                                       | 83  |
| Шыңғыс Айтматовтың мифопоэтикасы.....                                        | 101 |
| Т. Қасымбековтің «Сынған қылыш» тарихи романы....                            | 117 |
| Профессор Қашқынбай Артықбаев.....                                           | 140 |
| Профессор Әбдіқадыр Садықов.....                                             | 144 |
| Академик Абдылдажан Акматалиев.....                                          | 152 |
| Асыл рухани байлығымыз.....                                                  | 162 |

Ғылыми басылым

**ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ЗИЯЛЫЛАРЫ**

Абай институтының  
электрондық басылымдары  
13-том

Редакторы *Л. Мұсалы*  
Корректоры *Б. Даутова*  
Компьютерде беттеген *Г. Ыбырайқызы*  
Мұқабаны безендірген *А. Кенжеқожаева*

ISBN 978-601-08-5519-9



Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 10,5 б.т. Электронды басылым  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.

---

Алматы  
2025

